Кенбаев Жангали Айткалиевич, кандидат юридических наук, Карагандинская Академия МВД РК имени Баримбека Бейсенова, г. Караганда, Республика Казахстан.

Кудрявцева Лариса Владимировна, кандидат юридических наук, доцент кафедры международного частного и предпринимательского права, г. Краснодар, Российская Федерация.

Кусаинова Айман Кудайбергеновна, кандидат юридических наук, доцент Академии «Болашак», г. Караганда, Республика Казахстан.

Кутазова Ирина Витальевна, кандидат юридических наук, доцент кафедры уголовного процесса Барнаульского юридического института МВД России, г. Барнаул, Российская Федерация.

Нурғалиев Бахыт Молдағьяевич, доктор юридических наук, профессор Академии «Болашак», г. Караганда, Республика Казахстан.

Нукушева Айгуль Ашимовна, кандидат юридических наук; профессор Академии «Болашак», г. Караганда, Республика Казахстан.

Нурпеисова Алма Кабикешовна, кандидат юридических наук; доцент, Карагандинский экономический университет «Казпотребсоюза», г. Караганда, Республика Казахстан.

Олефиренко Татьяна Геннадьевна, преподаватель кафедры уголовного процесса Барнаульского юридического института МВД России, г. Барнаул, Российская Федерация.

Оспанов Аскар Серғалиевич, кандидат юридических наук, старший преподаватель, Карагандинская Академия МВД РК имени Баримбека Бейсенова, г. Караганда, Республика Казахстан.

Турлаев Андрей Викторович, кандидат юридических наук, профессор кафедры теории и истории государства и права, Карагандинский государственный университет им. Е.А. Букетова, г. Караганда, Республика Казахстан.

Трущелев Сергей Андреевич, курсант 3 курса Барнаульского юридического института МВД России, Барнаул, г. Барнаул, Российская Федерация.

Уалиев Куатжан Серикказыевич, доктор юридических наук, профессор Академии «Болашак», г. Караганда, Республика Казахстан.

Черепанова Лилия Владимировна, кандидат юридических наук, начальник кафедры уголовного процесса Барнаульского юридического института МВД России, г. Барнаул, Российская Федерация.

INFORMATION ABOUT AUTHORS:

Arystanbekov Marat, Doctor of Law, Professor Academy «Bolashak», Karaganda, Republic of Kazakhstan.

Au Tatyana, Candidate of Legal Sciences, Karaganda Economic University of Kazpotrebsoyuz, Karaganda, Republic of Kazakhstan.

Balgimbayov Dauren, Candidate of Legal Sciences; Docent, Karaganda Economic University of Kazpotrebsoyuz, Karaganda, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Republic of Kazakhstan.

Bobrovskiy Andrew, Associate professor of student, Federal State-funded Educational Institution of Higher Professional Education «Kuban State Agrarian University named after I.T. Trubilin», Krasnodar, the Russian Federation

Kabzhanov Akilbek, Candidate of Juridical Sciences, Professor Academy «Bolashak», Karaganda, Republic of Kazakhstan.

Kenbai Jangali, Candidate of Juridical Sciences, Karaganda Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after Barimbek Beisenov.

Kudryavtseva Larisa, Candidate of Juridical Sciences, Associate Professor of the Department of International Private and Business Law, Krasnodar, the Russian Federation, Krasnodar, the Russian Federation

Kussainova Aiman, Candidate of Juridical Sciences, Assistant professor Academy «Bolashak», Karaganda, Republic of Kazakhstan.

Kutazova Irene, Candidate of Juridical Sciences, associate professor of department of criminal procedure of the Barnaul legal institute of МВД of Russia

Nukushceva Aigul, Candidate of Juridical Sciences, Doctor of Law, Professor Academy «Bolashak», Karaganda, Republic of Kazakhstan.

Nurgaliyev Bakhyt, Doctor of Law, Professor Academy «Bolashak», Karaganda, Republic of Kazakhstan.

Nurpeisova Alma, Candidate of Legal Sciences; Docent, Karaganda Economic University of Kazpotrebsoyuz, Karaganda, Republic of Kazakhstan.

Olefirenko Tatiana, Teacher of department of criminal procedure of the Barnaul legal institute of МБД of Russia.

Ospanov Askar, Candidate of Legal Sciences, Senior Lecturer, Karaganda Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after Barimbek Beisenov, Karaganda, Republic of Kazakhstan.

Turlayev Andrey, Candidate of Juridical Sciences, Professor of department of theory and history of the state and right, Karaganda state university the name of E.A. Buketov.

Trushchelev Sergey, a student is 3 courses of the Barnaul legal institute of МБД of Russia.

Ualiev Kuatzhan, Doctor of Law, Professor Academy «Bolashak», Karaganda, Republic of Kazakhstan.

Cherepanova Liliia, Candidate of Juridical Sciences, Chief of department of criminal procedure of the Barnaul legal institute of МБД of Russia.

II
РАЗДЕЛ

**П
Е
Д
А
Г
О
Г
И
К
А**

Тоты Еркінқызы Еркинова
toty_8501@mail.ru

«Алданыш» №6 бала бақшасы» КМҚК, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

ҰЯЛШАҚ ЖӘНЕ ТҰЙЫҚ БАЛАЛАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Адамның қоғамда өз мүмкіншіліктерін толық әрі жан-жақты көрсете білуіне кері әсерін тигізетін қасиеттері болады, олар – ұялшақтық, тұйықтық. Бұл қасиеттердің адам өмірінде негативтік әсерін болдырмау мақсатында онымен бала жастан жұмыс жасау қажет. Осы мақалада автор мектепке дейінгі жастағы баланың бойында тұйықтықтың алдын алу мәселесінің өзектілігін ашып, тұлғалық қасиеттердің дәнін салып оны әрі қарай дамытудың маңыздылығы, амал-тәсілдері жайын талқылайды.

Еңбекте ұялшақтық пен тұйықтық қасиеттерінің пайда болу себептері туралы, ұялшақ баланың көпшілік ортасында өзін-өзі қалай сезінетіндігі туралы, бала мен ата-ананың қарым-қатынасындағы жылулық пен өзара түсінушіліктің, баламен орындалатын әр түрлі рольдік ойындардың, қуыршақпен ойнау амал әрекеттерінің мән-маңызы туралы айтылады. Мақала мазмұнды және ата-аналар, балаға арналған мекемелердегі педагогтар мен тәрбиешілер үшін ақпараттық маңызы бар.

Кілтті сөздер: тұйықтық, ұялшақтық, ақылмен жақсы көру, эмпатия, сезімталдылық, психология, рольдік ойын, әлеуметтік баға, тұлғааралық байланыс.

Мектепке дейінгі балалық шақ – әрбір адамның өміріндегі ең бір жарқын кезең. Біздер, ересектер үшін – бұл өте қысқа уақыт бөлшегі. Жалпы ғұмырымыздың бір сәті, болмашы бір қадамы тәрізді. Ересек өмірге қадам басып, әр түрлі әлеуметтік рольдерді қабылдағанда өзіміздің баяғыда өтіп кеткен балалық шағымызға әр түрлі көзқараста боламыз. Есімізге не түсіреміз? Әдетте, ең жарқын оқиғалар. Біреулер өзінің балалық шағын жылулықпен еске алады, екіншілер өзінің бала кезін өкпе-ренішпен тереңде жасырады, ал үшіншілерге балалық шақ тіпті маңызды емес болып көрінеді. Ал сол кезде, балалық шақта өмір сүргенімізде бізге көп нәрсе үйрену керек болды – қозғалу, сөйлеу, тану, сезіну... Біз әр түрлі ойындар ойнап – кітапхана, дүкен, отбасы – ересек өмірді өзімізше бейнеледік. Шындығында бұл ойындарда қоршаған ортаға ерекше сезімтал, өзгеше әлеуметтік баға беретін, өз ережесі мен тәртібін орнататын балалық өмір жатыр.

Халық даналығында былай делінген: «Егер сен өз елінде береке орнатқың келсе, әуелі өз қалаңда береке орнат. Егер сен өз қалаңда береке орнатқың келсе, әуелі өз үйіңде береке орнат. Егер сен өз үйіңде береке орнатқың келсе, әуелі өз отбасыңда береке орнат. Егер сен өз отбасыңда береке орнатқың келсе, өзіңнен бастаған жөн болады». Міне – қарапайым әрі аса күрделі міндет! Бұл үшін, ең алдымен, өзіңді өзің қабылдауың керек, өз балалығыңды еске алып, осы шақтағы өзіңе үніліп, болашақтағы өзіңе қарау керек.

Бала – ересек – дана – қария – бұл тұлғаның даму жолы. Балалық шақтың қайнары ұмытылуы мүмкін емес. Ол негіз, бұл өмір заңы. Ересек адамдардың заманауи әлемі бір сәтке тоқтап, өзіне өзі қарап, өзін табуы қажет. Кейде өзіңді осы қалпыңда қабылдау, нені өзгерту керек екені туралы ойлану өте қиынға түседі. Бұдан гөрі өзге адамға баға беріп – отбасы мүшесіне, әріптеске, танысқа – оны түзетуге тырысу оңай сияктанып тұрады.

Бала бағалауға келгенде қорғансыз. Олар ересек адамға қарсы пікір айта алмайды. Егер ересек баланы оңды бағаласа, бұл балаға қанат бітіреді, ал егер баға теріс болса... бала қобалжиды. Балалық шақта адам ашық, ол өзі мен өзгелерді көріп отырып ешқашан баға бермейді, ол өмірді сый ретінде қабылдайды. Ал ересек адам ше? Ол көбіне өзін-өзі байқамайды, бірақ өзгелерді сынап, баға беруден шаршамайды. Сонда ересек адамның басты тапқаны – бағалау қабілеті ме?

Эмоционалдық қозғыштық, тез шаршау, өзінен көңілі қалу ересек адамды эмоционалдық тозуға әкеп соғады. Соңғы уақытта баланың эмоционалдық дамуында дисгармония күшейе түсті: бала бойындағы эмоционалдық реттеу амалдары әлсіз болып келеді, ал эмоционалдық депривациясы жоғарылай түседі, отбасы ішінде бала, әдетте, өзінің ішкі толғаныстарымен жекпе-жекте қала береді. Ата-ана тәртіптің бұзылмауын, айтқандарының орындалуын талап етеді, бұл

бірнеше эмоционалдык құлықтардың өршіп кетуіне байланысты мінездің пайда болуына әкеп соғады: бала делсал болады, баяу жылайды, сирек күледі, өзіне сенімсіз күлімсірейді. Ұялшақтық пен тұйықтық мінез-құлықтарының негізгі формасы болып қалыптасады. Қарым-қатынас жасаудың төмендігі мен өзіне өзі сенімсіздік – ұялшақтық пен қорқақтық, қателесуге қорқу бала мінезінің негізгі сипаты болуының алғышарты болып табылады.

Эмоционалдык мінез-құлық пен бағалауға деген жоғары сезімталдық көрінулерінің ерекшеліктері көптеген психологтармен зерттелген болатын. Сөйтіп, американдык психолог К.Изард мектепке дейінгі жаста байқалатын ұялшақтық, тұйықтық пен кінәмшілдік қасиеттеріне сипат береді. Автор бұларды қорқудан туындайтын ең ауыр әлеуметтік эмоциялар деп айтады. Кінәмшіл бала өз мінез-құлқысына біреу сын айтар деп қорқады, өзіне өзі қанағаттанбай, сөйтіп ұзақ ішкі уайым мен толғаныстарға тап болады.

Ұялу ішкі «Мен» түсінігін танудың қарқынды күшеюінен немесе үнемі қайталанатын ересек адамдардың теріс бағалауынан басталады. Ұялу сезімі қорқу сезімінен өзгереді әсер етеді, ол баланың «Мен» түсінігін тым кішкентай, дәрменсіз және әлсіз етеді.

Әдетте, ұялу бөтен адамдардың жанында пайда болады. Ұялшақ балалар көбінесе өздері қандай әсер қалдыратындарына және әлеуметтік бағаға көңіл бөледі. Ұялу мен эмоционалдык тұлғааралық байланыстар қапшының арасындағы тәуелділік байқалады: ұялшақтық баланың бойында пайда болып, оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын және тұлғааралық қатынастарын бөгейді немесе тіпті бұзады. Ұялшақтық пен тұйықтықтың алдында өзінен өзі көңілі қалу, өзінің оқшаулығын, тысқарлығын, жалғыздығын сезіну құбылыстары болады. Ұялшақтық салдарынан қысылу, ебедейсіздік сезімі пайда болады.

Американдык психолог Ф.Зимбардо ұялшақ адамның мінез-құлқын жан-жақты қарап, ұялшақтықтың себептерін қарастырады, оларды, ең алдымен, адамның қарым-қатынасы, адамның назарда болуы, адамды мақтау және т.б. жағдаяттармен байланыстырады. Ұялшақтықтан барып адам бойында жалғыздықты сезіну, өзіне сенімді болмау, оқшау болу, тысқары болу, қобалжу, үрейлену сезімдері орын алады.

Бұл эмоциялардың барлығы әлеуметтік жасықтықпен байланысты мінез-құлық моделінің көрініс табу диапазонында болады. Мектепке дейінгі жастағы балаларда аталған мінез-құлық моделі былайша байқалады: ұялшақтық, жасықтық, қысылу сияқты теріс эмоциялар салдарынан қоршағандармен қарым-қатынас жасауда қиыншылық туындайды, тұйықтық, өзін-өзі таныстыра алмау байқалады.

Демек, «әлеуметтік жасықтық» түсінігі мектепке дейінгі жастағы балалардың бір қатар тұлғалық ерекшеліктерімен тығыз байланысты деуге болады. Баланың өзіне өзі және өз әрекетіне сенімсіз болу міндетті түрде кез келген әлеуметтік бағалауларға деген жоғары сезімталдылығына тәуелді болып тұрады.

Психологтар баласының осындай қиыншылықтарын байқап, өзіне және балаға деген қарым-қатынасын реттегісі келген, басқаша айтқанда ата-ана мен бала арасында оңтайлы серіктестік қарым-қатынас жасағысы келген ата-аналарға көмектесудің әдістері мен амалдарын белсенді іздеу үстінде. Бұл орайда бала-ата-ана тренингтер, қатаң әлеуметтік бағалауларды шегеріп топтық қарым-қатынастың қауіпсіз жағдайын жасауға мүмкіндік беретін ойын терапиясының әдістері маңызды болып табылады.

Ф.Зимбардо ұялшақтықты, жасықтықты, өзін-өзі төмен бағалауды өзгертуге болатынын көрсетті, ол үшін балаға басқа біреудің ролін ойнап, басқа біреудің даусымен сөйлеп (немесе маска киіп, немесе қуыршақпен жұмыс жасап) өзін көрсетуге мүмкіндік беру керек. Қол қуыршағын пайдалану мектепке дейінгі жастағы баланың эмоционалдык сезімталдылығы мен ересектердің бағалауларына тәуелділігін төмендетудің полифункционалдык құралы болып табылады.

Мектепке дейінгі жастағы бала үшін өзінің эмоционалдык аясын қайта құрудың маңызды шарты болып бейненің өзгеруі болып табылады. Қиялдан жасаған ахуалда басқа біреу үшін әрекет жасап, бала оның қасиеттерін өзіне алып, шынында өзінің басында болған және өмірінде кедергі жасаған «басқа біреудің» сезімдері мен толғаныстарынан күй кешеді. Жоғары сезімталдылығы шегеріліп, өзін өзі және өзінің кішкентай болса да жетістіктерін дұрыс бағалауға негіз пайда болады.

Драматизациялау ойынында бала бейне жасап, сонымен бір уақытта өзін өзі өзгертіп отырады. Персонажға сырттан қарап отырып, бір мезгілде қуанады, әрі өзінің қандай да бір оған деген қатынасын байқайды. Ойнау тренингтерінде ата-ана мен баланың біріккен әрекетін

ұйымдастырғанда қуыршақтарды пайдалану бір-бірін түсініп өзара қарым-қатынас жасау үшін үлкен маңызы бар.

Бала-ата-аналық тренингтер отбасыны нығайта түседі және бала тұлғасының дамуына ықпал етеді. Мектепке дейінгі жастағы бала үшін отбасы – тұлғаның даму жолын айқындайтын өмірлік қажеттілігі бар әлеуметтік орта болып табылады. Өз баласын және ол кешкен жағдаяттарды бағалау ересек адам тәжірибесі тұрғысынан емес, «баламның орнында мен болсам, өзімді қалай сезінер едім» деген ой тұрғысынан жасалуы қажет.

Ата-ананың махаббаты балаға эмоционалдық қорғаныс пен психологиялық комфортты қамтамасыз етеді, өмірлік тірек береді. Ата-ананың махаббаты бала бойында абырой, өзін өзі құрметтеу сезімдерінің қалыптасып нығаюына аса зор әсер етеді. Бірақ ата-ана балаға деген махаббаты берік етуге, оны бала үшін мейілінше пайдалы етіп көрсетуге, сөйтіп баланың қайтарымы сезімін туындатуға ұмтылып отырып көп күш салуы қажет. Балаға деген ата-аналық қарым-қатынастарын түзету үдерісі барысында ата-аналар тәрбиешілердің, психологтың білікті көмегіне жүгінгендері абзал.

Ұсыныстар

Ата-аналардан баламен сөйлесе алу қабілеті, олардың ымдауларын түсіну, балаға, оның адамзат қарым-қатынастарының күрделі әлемін түсіну және сезіну талабын мейілінше толымды түрде орындап, құбылыстардың мәнін, әр түрлі сөздер мен әрекеттерді сабырлықпен түсіндіру қажет.

Қандай да бір сезім толғаныстары «Мен ренжідім», «Мен жыладым» деген сияқты сөздер арқылы жақсы беріледі. Уайымдау, ниеттес болу («Маған ауырса, саған да ауырады»), аяныш білдіру («Анашым, сен мені аяп уайымдайсың») сезімдері пайда болады. Ата-ана балаға қарым-қатынасында шынайы, айтатын сөздері мен білдіретін сезімдерінде адал, берген уәделерін орындау керек. Бұның бәрі баланың қарым-қатынастың шынайылығына сенімін артады. Жазалаудың, айбат шегудің және қатаң моральдік бұйырулардың жоқ болуы ересектерге және олардың адамгершілікті-әдеп құндылықтарына деген сенімін қалыптастырады. Мұндай жағдайда бала ашық болуға, өзінің қателіктері туралы айтуға, өзінің толғаныстарымен, сәтсіздіктерімен бөлісуге қорықпайды. Басқаша айтқанда ол өзін-өзі қауіпсіз сезінеді, өзіне сенімді болады, ересектерге оны түсінгені үшін риза болады; ал ұялшақтық, реніш, өкпе, жасықтық біртіндеп жойылады.

Бала бойында көңіл білдірушілікті қалыптастыруда сөздер мен үндеулер емес, ересектердің өз талаптарына және баламен қарым-қатынас жасау сипатына күнделікті шынайы түрде сай болуының да маңызы зор. Ал сенім мен көңіл білдірушілік эмпатияның, яғни басқа адамның эмоционалдық күйін, ойлары мен сезімдерін түсіну, оған ниеттес болу қабілетінің негізі болып табылады. Осылайша тұлғаның гумандық бағыт-бағдарлығы қалыптасады, ал оның негізі мектепке дейінгі жаста қаланады.

Сол уақытта ата-ананың негізгі міндеттерінің бірі орындалды деп санауға болады – қажетті білімдер мен қабілеттерден басқа бала бойында адамгершілік, ізгілік бастаулары қалыптасты. Бұл дегеніміз, 6-7 жасар баланың мынадай қабілеттері болады:

1. Даму фазалары ойдағыдай (еш қиыншылықсыз) өтеді және жас ерекшелігіне байланысты мәселелерді шеше алады.
2. Ата-ананың махаббаты, мейірімділігі, жылулығы сезімдеріне барабар сезіммен жауап береді.
3. Жақындарының, өзі үшін маңызды адамдардың тарапынан құрмет, түсінісу қажеттілігін іске асырады.
4. «Мен» тұрақты сезіміне ие болады, өзіне өзі сенімді, белсенді болады, өзін өзі дұрыс бағалай алады.
5. Көңіл білдірушілік қабілеті бар.
6. Адамдарға қатысты қызғаншақтық пен көре алмаушылық сезімдері туындамайды.
7. Көпшіл, ашық, құрдастармен тең дәрежеде қарым-қатынас жасауға тырысады.
8. Әлеуметтік бағалауға тұрақтырақ болып келеді.

Осындай тұлғалық қасиеттер – баланы ақылмен жақсы көру және тәрбиелеудің нәтижесі, бала бойында ересектер берген оң бағасын дұрыс қабылдау қабілетін қалыптастырып дамыту. Ата-анаға қойылатын талап – өз баласымен қарым-қатынас жасауда айқаймен, дөрекілікпен әрекет жасап, баға беруді болдыртпай, үнемі ақылдылық пен сабырлық танытып, бір-бірімен шынайы түсінісуге үлкен талаппен әрекет жасау.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Назарбаев Н. Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы–2050. Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ!».
- 2 Жақыпов С.М., Бизақова Ф.Ә. Білім беру жүйесінде қолданылатын психокоррекциялық жаттығулар. — Тараз: Қорғау, 2010.
- 3 Эриксон Э. Детство и общество/ Пер. с англ.-СПб.:Речь,2000.-416с.
- 4 Ахметова Р.А. Жеке тұлғаның биографиялық дағдарысы: Автр реф. Дис... канд. Психоло.наук. –Алматы, 1999.-30б
- 5 Фромм, Э. Искусство любить: Исследование природы любви — М.: Педагогика, 1990.
- 6 Зимбардо Ф. Застенчивость/Пер. с англ. М., 2000.
- 7 Кошелева А.Д., Перегуда В.И. Эмоциональное развитие дошкольника. М., 2003.
- 8 Куликова А.Т. Семейная педагогика и домашнее воспитание. М., 2003.
- 9 Кэдыосон Х., Шефер Ч. Практикум по игровой психотерапии/Пер. с англ. СПб, 2001.
- 10 Медведева Е.А. Формирование личности ребенка с проблемами психического развития средствами искусства в артпедагогическом и арттерапевтическом пространстве. М., 2009.

РЕЗЮМЕ/RESUME

Еркинова Тоты Еркинқызы

**КГКП «Детский сад №6 «Алданыш», г. Караганда, Республика Казахстан
ПУТИ ПОВЫШЕНИЯ АКТИВИЗАЦИИ СТЕСНИТЕЛЬНЫХ И ЗАМКНУТЫХ ДЕТЕЙ**

У каждого человека могут быть такие качества, которые оказывают негативное влияние на равноправное и полноценное осуществление своих возможностей в обществе, это – стеснительность, замкнутость. Для того, чтобы эти качества не имели негативного влияния в состоятельности человека, работу над ними нужно проводить с раннего детства. В этой статье автор показывает насколько важно предотвращение формирования замкнутости у ребенка, раскрывает проблему формирования личностных качеств ребенка и их дальнейшего развития.

В работе раскрываются причины формирования у детей таких качеств, как замкнутость и стеснительность, передается как и насколько сильно переживает ребенок, который очень чувствителен к оценке окружающего общества, о важности теплых взаимоотношений и высоком взаимопонимании родителей и ребенка, также выражается мнение о положительном влиянии на ребенка игры в персонажей. Статья содержательна и информационно важна для родителей, педагогов, воспитателей детских учреждений.

Ключевые слова: замкнутость, стеснительность, любовь с умом, эмпатия, чувствительность, психология, ролевые игры, социальная оценка, межличностная связь.

Erkinova Toti

**"Aldanysh" Nursery school No.6" Municipal State-Owned Public Enterprise,
Karaganda, Republic of Kazakhstan.
WAYS OF INCREASING THE ACTIVATION OF MODESTY AND INTROVERTED
CHILDREN**

Every person can be those qualities that have a negative impact on equality and full realization of its possibilities in society, it is shyness, isolation. In order for these qualities not to have negative influence in the solvency of the person working with them should be conducted with early childhood. In this article the author shows the importance of the prevention of the formation of isolation in the child, reveals the problem of formation of personal qualities of the child and their development. This article deals with the reasons for the formation in children qualities such as introversion and shyness, is transmitted how upset the child who is very sensitive to the estimation of the surrounding society, the importance of warm relationships and high mutual understanding between parents and child, also expresses the opinion on positive influence of game characters on a child. The article is informative and important for parents, teachers, educators of children's institutions.

Keywords: introversion, modesty, love with mind, empathy, sensitivity, psychology, role playing, social evaluation, interpersonal communication.

List of references:

- 1 Nazarbayev N. The message to people of Kazakhstan "Kazakhstan way – 2050. Common goal, common interests, common future!".
- 2 Zhakupov S.M., Bizakova F.A. Psychocorrective exercises applied in the educational system. — Taraz: Korgau, 2010.
- 3 Erikson E. Childhood and society/ Translation from English.-Saint Petersburg: Speech,2000.-416p.
- 4 Akhmetova R.A. Biographical identity crisis: Extended abstract of dissertation of Candidate of Psychological Sciences. –Almaty, 1999.-30p.
- 5 Fromm E. The Art of loving: Exploration of the nature of love — M.: Pedagogics, 1990.
- 6 Zimbardo F. Modesty /Translation from English. M., 2000.
- 7 Kosheleva A.D., Pereguda, V.I. Emotional development of the preschooler. M., 2003.
- 8 Kulikova A.T. Family pedagogics and home education. M., 2003.
- 9 Keduson H., Schefer Ch. Workshop on play mental therapy/Translation from English. Saint Petersburg, 2001.
- 10 Medvedeva E.A. Formation of a child with mental development problems by means of Art pedagogical and artotherapeutic space. M., 2009.

ОӘК 373

Самал Кемельбаевна Мекадилва

samaltai@mail.ru

Сабира Сартаевна Шутенова

ssjjru@mail.ru

Асемгуль Айтболатовна Есмагулова

24.07.84@mail.ru

«Болашақ» академиясы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

ЖАСТАРДЫ ПАТРИОТИЗМГЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ РОЛІ

Аталған мақалада жастар тәрбиесі, патриоттық тәрбие және жастарды патриотизмге тәрбиелеудегі ұлттық тәрбиенің ролі мен ерекшеліктері талданған. Қазіргі таңда еліміздегі оқу-тәрбие жұмыстарына байланысты болып жатқан жаңартулар білім мен тәрбие жұмысын қайта қарауды міндеттейді. Тиянақты білім беру жүйесінде оқушылардың патриоттық тәрбиесін дамыту басты мақсат болып отыр.

Сонымен қатар, қашанда идеология, саясат мәдениет, экономика, экология сияқты оның барылық негізгі іскерлік салаларында, қоғамның рухани өмірінен ерекше орын алатын патриотизм идеясы қарастырылады. Патриотизм – ғасырлар бойы жасалған Қазақстанның ұлттық идеясының құрамдас бөлігі, отандық ғылым мен мәдениеттің ажырамас компоненті, ұлттық идеяның құрамдас бөлігі. Патриотизм, мәдени, әлеуметтік, іргелі, тұлға мен ұжым арасындағы субъективті қарым-қатынас ретінде, қоғам мен мемлекеттің өмір сүру жағдайында тұрақтылық пен қауіпсіздік үшін өзара жоғары жауапкершілікті қамтамасыз етеді.

Ұлттық тәрбиенің қажеттілігі мен күрделілігін ұғыну аса жауапкершілікті талап етеді. Ол әрбір ұрпақ буындарының өзіндік ерекшеліктерін ескеріп отыруды қажетсінеді. Жастарды патриоттыққа тәрбиелеуде қоғамымызда атқарылып жатқан шаралардың бәрі олардың белсенділігінің айғағы болып табылады.

Кілтгі сөздер: жастар тәрбиесі, патриотизм, салт-дәстүр, қазақ халқы мәдениеті, отан, патриоттық құндылық, патриоттық тәрбие.

Қай елде болмасын өткен дәуір мәдениетінің жақсы дәстүрлерін сұрыптап алып, жаңа мәдениетті қалыптастыруға пайдаланып келгені белгілі. Сондықтан халқымыздың сан-салалы мәдени дәстүрлерін бүгінгі күн талабына сай жаңартып қолданудың пайдасы зор.

Қазақ халқының ежелгі мәдениетін теңіз десек, соның бір бастауы халық педагогикасы. Осы бастаудың қайнар көзін жете пайдалансақ қазіргі педагогиканы біршама байытқан болар едік.

Еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың айтқанындай, біздің алдымызда «бабалардың игі жолы салып кеткен дәстүрлерін сақтайтын», «күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары» болатын ұрпақ тәрбиелеу міндеттері тұр.

Адал адам Отанын сүйеді. Адал, ақ жүрекке Отан – анасындай, отанның дегенін істеу – қуаныш, мақтаныш. Отанға деген махаббатты өлшеуге болмайды. Осы айтылғандар халықтың асыл ойының түйіні, яғни мақал-мәтелдерден өзекті орын алған, мәселен, жас ұрпаққа ел қадірін «Өз елің алтын бесігің», «Отан – оттан да ыстық», «Туған жерге туынды тік» деген асыл сөздермен білдірген. Жастарды кіндік кесіп, кір жуған жері үшін, әлпештеп өсірген елі үшін қасық қаны қалғанша жаумен жағаласа білетін, Отанын шын сүйетін батыр етіп тәрбиелеуді көздеген халық өзінің өлең-жырларын, аңыз әңгімелерін осы тақырыпқа арнаған.

Қазақтың патриоттық-отансүйгіштік тәрбиесі – тереңнен тамыр тартқан, халқымыздың сан ғасырлық болмысының, дүниетану көзқарасының, ақыл-ойы мен салт-дәстүр мәдениетінің көрінісі. Осыларды ойға дарытпай тұрып келер ұрпақты патриоттық-отансүйгіштік тәрбиеге лайықты қалыптастырып, алтын бесік елін, кіндік кескен жерін қорғайтын және осы мақсат жолында бар күш жігерімен ақыл қайратын жұмсап, отаншыл азаматтарды, яғни нағыз патриоттарды тәрбиелеп өсіру мүмкін емес.

Қазіргі таңда еліміздегі оқу-тәрбие жұмыстарына байланысты болып жатқан жаңартулар білім мен тәрбие жұмысын қайта қарауды міндеттейді. Бүгінгі таңда тиянақты білім беру жүйесінде оқушылармен патриоттық тәрбиені дамыту басты мақсат болып отыр. Осыған байланысты мектептің алдына қоятын ең басты мәселелерінің бірі - өркениетті, прогресшіл бағыттағы азаматтық, патриоттық қасиеті мол, сондай-ақ ұлттық тілін жоғалтпаған, өзге елдегі замандастарымен тең дәрежеде бәсекелесе алатын биік, өрелі, терең білімді ұрпақ тәрбиелеу [1].

Мораль нормалары балалардың оларды сезім арқылы меңгеруі арқасында ғана патриоттық субъектісіне айналады.

Л.Х.Салимованың айтуынша, патриоттық тәрбие – жеткіншектердің патриоттық нормалар мен ережелерді меңгеруге, оларда патриоттық сезімдерді дамытуға, патриоттық сана мен сезімдерді қалыптастыруға, мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді, іскерліктерді шыңдауға бағытталған педагогикалық үрдіс. Бұл үрдістің негізгі мақсаты – жеке тұлғаның өзін өзі тәрбиелеуі, өзін-өзі жетілдіру деңгейіне өтуі [2].

Жеке тұлғаның патриоттық дербестігі кең түрдегі қарым-қатынас арқылы қалыптасады. Тәрбие тұлғаның өз мінез-құлқының патриоттық жақтарын саналы түсінуін қамтамасыз етеді.

Патриоттық тәрбие берудің маңызды педагогикалық міндеттері – жастардың белсенді өміршілік позициясын, қоғамдық борышқа сапалық көзқарасын, сөз бен істің бірлігін, патриоттық нормаларынан ауытқушылыққа жол бермеуді қалыптастыру. Ол тұлғаның жеке басын қалыптастыру мен дамытудың аса маңызды бір саласы. Бұл арқылы тұлғаның ата-анаға, ұжымға, қоғамға, Отанға, еңбекке қатынасын айқындайды. Тәрбиелі ұстаз шәкірттерге жан-жақты тәрбиені патриоттық тәрбие беруден бастайды. Себебі бұл оның патриоттық сенімін, белгілі мақсатқа, бағытқа жетелеу іс-әрекетін ұйымдастыруды жетілдіреді.

Қазақстан Республикасы ұлттық энциклопедиясында патриоттық тәрбие ұғымына былай анықтама берілген: «Патриоттық тәрбие – адам бойындағы гуманистік құндылық, отаншылдық», «кісілік», «ізгілік», «рух» тәрізді ұғымдармен мәндес. Халықтың дүниетанымды мінез-құлықтың әртүрлі жағымды жақтары осы ұғымнан таратылады. Мінез-құлық пен іс-әрекеттерде көзге түсетін төмендегідей патриоттық белгілерін атап өтуге болады: адамды қастерлеу, сыйлау, сену, ар-ұятты сақтау, имандылық пен рақымдылық, ізеттілік пен кішіпейілділік, әділдік, қанағатшылық және т.б.

Бүгінгі әрбір ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында ізгілік, яғни патриоттық тәрбиенің шешуші фактор болуы заңдылық.

Адам тәрбиесі бірнеше міндеттерді шешуге көмектеседі:

- өмір талабына сай қоғамның моральдық нормасын орындауға лайықты шәкірттерді тәрбиелеу;

- тұлғаның бойында патриоттық қасиеттерді қалыптастыру;

- тұлғаның санасына және мінезіне ұстаздық ықпал жасау;
- Отанға, халқымызға, еңбек және қоғамдық іс-әрекетке жауапкершілік сезімін күшейту;

Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін тәрбие шаралары балалардың жас ерекшеліктеріне, қызығушылығына лайықты жасалады.

Патриоттық тәрбие оқу-тәрбие үрдісінің барлық салаларында, яғни оқыту, білім беру барысында және еңбек үрдісінде жүзеге асырылады [3].

Патриоттық жағынан қалыптасуы оның өмірге келген күнінен басталады. Мектепке дейінгі жаста баланың бастапқы патриоттық сезімдері мен ұғымдары, мінез-құлықтың ең қарапайым дағдылары қалыптасады. Баланың мектеп жасына дейінгі қалыптасқан мінез-құлықтары келешекте ересек адамдармен және құрбы-құрдастарымен қарым-қатынастарында көзге түседі.

Сайып келгенде, патриоттық тәрбие үзіліссіз жүргізілетін үрдіс. Ол адамның өмірге келген күнінен бастап өмір бойы жалғаса береді. Оның мазмұны тұлғаның жеке бас қасиеттерінің кең шеңберін қамтиды.

Қазақ энциклопедиясында «патриоттық тәрбие – тәлім-тәрбиенің ықпалды әсері мен моральдық сананы қалыптастыратын, этикалық білімділікті, патриоттық сезімді дамытудың сара жолы» деп ұғындырылады.

Адам бойындағы бар игі қасиет мектеп қабырғасында қаланады. Сондықтан еліміздің ертеңгі ұлт тізгінін ұстар жастарымыздың тәрбиесіне аса мән беру - біздің негізгі мақсатымыз. Осыған орай мектептегі тәрбие үрдісін ұлттық қағидалармен толықтыру өте қажеттілікті талап етеді. Бүгінгі таңдағы мектептер балаларға жекеленген ғылыми пәндерді терең оқытуға тырысса да, патриоттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуге мән бермей келеді. Соның салдарынан жастарымыз жағымсыз қылықтарға бой алдырып, имандылық дегеннің не екенін білмей өсуіне әкеліп соғуда. Ендеше рухани-адами салауаттылық жолын қалыптастыру уақыты жеткен тәрізді.

Сондықтан білім беру жүйесінің негізін оқушылардың рухани-патриоттық тұрғысынан кемелденуіне назар аудару қажет. Жақсылыққа ұмтылып, жағымды істермен айналысатын адамның айналасындағыларға көрсетер үлгісі мен берер тәлім-тәрбиесі мол болмақ. Ал оның бәрі адамның бойында жас кезінен бастап қаланса тұрақты қалыптаспақ. Сонда ғана дұрыс бағыт алып, бағдарын ерте айқындаған баланың бойында бұл құндылықтардың қатары көбейіп, сапасы арта түседі.

Патриоттық құндылық тәрбиесінде ұлттық тәрбие маңызды рөл атқарады. Ұлттық тәрбиенің қажеттілігі мен күрделілігін ұғыну аса жауапкершілікті талап етеді. Ол әрбір ұрпақ буындарының өзіндік ерекшеліктерін ескеріп отыруды қажетсінеді.

Патриотизмнің құрамдас бөлігі болып табылатын маңызды элементтердің бірі – рух немесе ұлттық патриотизм өз халқына деген сүйіспеншілік ретінде қарастырылуы тиіс. Патриотизм өзінің шыққан тегінің бірлігі мен орталығы, туған жеріне, тіліне, өскен ортасына, мінез-құлқына, тарихи ұлттық дәстүрге тығыз байланысты. Ұлттық сезімдерді патриотизм арнасына, Отанға, ұлтқа деген сүйіспеншілік рухына дұрыс бағыттау үшін бұл ерекшеліктерді жақсы білу және оларды міндетті түрде бала санасына сіңіре білу қажет [4].

Халқымыздың аса бай тарихы, ерлік, азаматтық дәстүрлерді жалғастыруды керек етеді. Жүздеген жылдар бойы қалыптасқан ата-баба салты, сыйластық, жомарттық, азаматтық және батырлық қасиеттер бүгінгі жас ұрпаққа ауадай қажет.

Тәрбие жүйесінің негізгі өзегі – тұлға, сондықтан оқытушы оның жеке дара қабілеттерін дамыта отырып, әр сатыда оқитын жастар моделін болжайды.

ЖОО жастарының азаматтық білімі: қоғамның саяси жағдаяттарына дұрыс баға беру, тарихи және саяси заңдылықтарды түсіне білу; жалпы адамзаттық құндылықтарды саналы көзқараспен қабылдау; ғылым, техника, экономика, өнер мәселелерін қабылдау, талдау, қолдану; оқулықпен және қосымша әдебиеттермен жұмыс әдістерін меңгеру; дәстүрлі емес тәсілдерді қолдану; алгоритм арқылы компьютермен жұмыс істеу.

Психологиялық қасиеттері: қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынас жасай алу; төтенше жағдаяттардан шыға білу; күнделікті өмірде кең түрде тіл табыса білу;

Этикалық сауаты: адамды сыйлай білу; өзінің және басқаның мүлкін күте білу; қоғамға зиян келтірушілерге қатал болу; өз бойында жоғары саналық дарыту; басқаны тыңдай білу; интеллигентиялық мәдениетті болу.

Эстетикалық мәдениет: ғылым, техника, өнер дамуының деңгейін білу; өзін рухани байытуға ұмтылу; өнер қасиеттерін өз бойына дарыту: би, ән, сахналық өне қабілеттерін үнемі дамыту.

Іскерлік қабілеттері: жоғары шығармашылықпен еңбек ету, жаңа озық талаптарды қабылдау және қолдану, коммуникативтік қабілеттерді дамыту, жағдаяттарға байланысты өзін ұстай білу.

Тәрбие жүйесінің тиімділігін осындай нәтиже жетістіктер арқылы ғана байқауға болады.

Отаншылдық, ел-жұртын сүю, азаматтық борышын атқаруға арқау болатын халықтық рухани құндылықтың бірі – ар-намыс. Бұл борышты атқаруға итермелейтін әлеуметтік күш. Осы тұрғыдан алғанда ар-намыс – қазақ халқының бойына туа біткен ұлттық әлеуметтік-психологиялық ерекшелік болмысы және ол азаматтың елін, жерін сүюге отандық ойлау жүйесінің негізі болмақ. Дәстүрлі қазақ эпосы – ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығының айқын айғағы ретінде ұрпаққа асыл мұра болып жетіп отыр. Елін, жерін қорғаған батырларды мадақтап жырға қосу арқылы жас ұрпақты ерлікке, өрлікке, мәрттілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеуге тырысқан.

Осыған орай жастарды патриотизмге тәрбиелеуге қатысты ғылыми-педагогикалық әдебиеттермен ғұлама-ғалымдардың тарихи-философиялық еңбектеріне сүйене отырып, рухани патриотизмге тәрбиелеу керек деген ойымызды тұжырымдаймыз.

Қоғамдағы жастарға патриоттық тәрбие беру сананы өз елі үшін мақтаныш сезімдерін қалыптастыру, патриоттық жүйесін жоспарлы түрде дамыту арқылы отанның мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтық борыш пен конституциялық міндеттерді орындауға дайындығын тәрбиелеу ретінде айқындалады [5].

Халқымыздың басты ерекшеліктерінің бірі – адам бойында ар мен намысты ерте қалыптастыру, бала бойына сіңіру, сөйтіп оларды адам тіршілігінің, іс қимылдарының өлшеуі ретінде қарау.

Бүгінде жастарымыздың бойынан патриоттық сезімнен нағыз ұлтжандықтан гөрі, мендік патриотизмнің өріс алғанын байқаймыз. Яғни олар өзінің бас мүддесін бірінші орынға қояды, ұлттық, елдік мақсат келесі орынға қалады. Сондықтан әр адамның бойынан өзімшілдік, менмендік, тек өз пайдасын көздейтін пиғылдан арылту үшін, ұлтжандылық тәрбиесіне баулу керек. әр адамның бойына Отанға, халқына шын берілгендіктен, ата салтына, ел тарихына деген құрмет, ерлік рухы қалыптасуы керек.

Патриоттық тәрбиенің объектісі мен қайнар көзі – Отан десек, оның мазмұны – байлықтары, тілі, дәстүрі, тарихи ескерткіштері, туған өлкедегі киелі орындар. Олардың адам көкірегіне жылылық, жақындық, туыскандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы. Олай болса, патриоттық тәрбиенің қазіргі кездегі алатын орны ерекше.

Патриоттық тәрбие негізін дамытудың мәні жеке тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігін көрсететін және қалыптастыратын идеялық – адамгершілік, моралдық, еріктік, еңбек және дене сапаларын тәрбиелеудегі ішкі байланыстарды анықтау және саралау болып табылады. Жастарды патриоттыққа тәрбиелеуде қоғамымызда атқарылып жатқан шаралардың бәрі олардың белсенділігінің айғағы болып табылады.

Елінің егемендігін, тәуелсіздігін қорғай алатын, Қазақстанды өркендететін, ұлттық рухты, ұлттық тәрбиені бойына қалыптастырған, ел үшін намысшыл, нағыз патриоттар болу үшін қоғамдағы жастарымыз, еңбекке және білімде өздерін жоғары көрсете білуі тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Әлімбаев М. Халық ғажап тәлімгер.//Ана тілі – А., 2005, 89 б.
- 2 Балтабай Е. Қазақ этнопедагогикасы негізінде патриоттық тәрбие беру. // Ұлағат 2002 № 6, Б.56
- 3 Наурызбаев Ж.Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты. А., 1996, 105 б.
- 4 Орлова А.Н. Народные традиции и современные проблемы воспитания. А., 2008, 94 б.
- 5 Тальников Т.В. Многоуровневая система образования. М., 2000, 106 б.

РЕЗЮМЕ/RESUME

**Мекадилва Самал Кемельбаевна
Шутенова Сабира Сартаевна
Есмагулова Асемгуль Айтболатовна**

Академия «Болашак», г. Караганда, Республика Казахстан

РОЛЬ НАЦИОНАЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ МОЛОДЕЖИ В ПАТРИОТИЧЕСКОМ ВОСПИТАНИИ

В данной статье рассмотрены особенности роли воспитания молодежи патриотизму, патриотическое воспитание, воспитание молодежи.

Рассматривается идея патриотизма, которая во все времена занимала особое место не только в духовной жизни общества, но и во всех важнейших сферах его деятельности - в идеологии, политике, культуре, экономике, экологии. Патриотизм - составная часть национальной идеи Казахстана, неотъемлемый компонент отечественной науки и культуры, выработанный веками. Патриотизм, как фундаментальное, социальное, культурное, субъектное соотношение интересов личности, коллектива, общества и государства к условиям своего существования и предполагает высокую взаимную ответственность за стабильность и безопасность.

Патриотическая составляющая должна быть присуща нравственному воспитанию молодежи, под которым понимается привитие человеку регулирующей функции поведения. Патриотический аспект поведения в современных условиях выступает фактором предупреждения антиобщественных явлений в молодежной среде, элементом воспитания необходимых черт и качеств личности.

Воспитывая патриотов, мы воспитываем дисциплинированных членов общества.

Ключевые слова: воспитание молодежи, патриотизм, традиции, культура казахского народа, родина, патриотические ценности, патриотическое воспитание.

**Mekadilova Samal
Shutenova Sabira
Esmagulova Asemgul**

Academy «Bolashak», Karaganda, Kazakhstan

THE ROLE OF NATIONAL EDUCATION OF YOUTH FOR PATRIOTIC EDUCATION

In this article features of a role in education of a molodlezha to patriotism, patriotic education, education of youth are considered.

The idea of patriotism, which at all times has occupied a special place not only in the spiritual life of society, but also in all its most important spheres of activity - ideology, politics, culture, economy, ecology, is considered. Patriotism is an integral part of the national idea of Kazakhstan, an inseparable component of Russian science and culture, worked out over the centuries. Patriotism, as a fundamental, social, cultural, subjective correlation of the interests of the individual, the collective, the society and the state to the conditions of their existence and assumes a high mutual responsibility for stability and security.

The patriotic component must be inherent in the moral education of youth, by which is meant the inculcation of a regulating function of behavior. The patriotic aspect of behavior in modern conditions is a factor in preventing antisocial phenomena in the youth environment, an element of education of the necessary traits and qualities of the individual.

Bringing up patriots, we educate disciplined members of society.

Keywords: upbringing of youth, patriotism, traditions, culture of the Kazakh people, motherland, patriotic values, patriotic education.

List of references:

- 1 Alimbayev M. People wonderful mentor // Mother tongue A., 2005, 89 p.
- 2 Baltabay E. Қазақ ethnopedagogics of negigious patriotism // Llahat 2002 No. 6, B.56
- 3 Naurzybayev JJ National school of the great ideals. A., 1996, 105 p.
- 4 AN Orlova Folk traditions and modern problems of sense. A., 2008, 94 p.
- 5 TV Talnikov Mnogovrovnyaya system of Education. M., 2000, p. 106.

Наджарян Лилит Камоевна
najaryan@kgmu.kz

Карагандинский государственный медицинский университет,
г. Караганда, Республика Казахстан
Дакукина Татьяна Анатольевна

najaryan@kgmu.kz

Томский государственный педагогический университет, г. Томск, Российская Федерация

Макаренко Татьяна Владимировна
makarenkot@kgmu.kz

Карагандинский государственный медицинский университет,
г. Караганда, Республика Казахстан
Дениварова Надежда Валерьевна

romashkababy1@mail.ru

Карагандинский государственный университет им. Е.А. Букетова,
г. Караганда, Республика Казахстан

АНГЛИЙСКИЙ ЯЗЫК ДЛЯ СТУДЕНТОВ-МЕДИКОВ: ПОТРЕБНОСТЬ ИЛИ ПРИХОТЬ?

Языковая компетентность стала неотъемлемой частью любого образовательного процесса. Студенты медицинских вузов не стали исключением в мировой заинтересованности к иностранным языкам. Экзамен по иностранному языку является неотъемлемой частью для поступления студента –интерна в резидентуру. Отсюда возникла проблема подготовки студентов 6 и 7 курсов медицинских вузов к сдаче экзамена, а также возникла необходимость улучшения знаний в целом по иностранным языкам. Для решения этой задачи в Карагандинском Государственном Медицинском Университете были организованы курсы обучения иностранным языкам, в результате которых, студенты- интерны должны успешно сдать экзамен по иностранному языку для поступления в резидентуру. В обучении приняли участие 2 группы студентов: обучающихся по традиционной системе и с использованием инновационных методов. Результаты обеих групп подлежали качественному и количественному сравнению. Определена дальнейшая методика подготовки студентов по английскому языку.

Ключевые слова: английский язык, медицинский университет, вступительные экзамен по языку, резидентура, активные методы обучения, инновации, преподавания английского языка.

Глобализация современного мира подразумевает образование единого международного экономического, правового и культурно-информационного пространства. Интегрирование Казахстана в мировую образовательную систему привело к усовершенствованию системы высшего образования. Руководство Казахстана своевременно определило ведущие тенденции мирового развития в области языкового образования и предложило наиболее перспективную модель полиязычного образования для подготовки конкурентоспособных кадров, обладающих высокой языковой компетенцией [1].

В Послании народу Казахстана «Новый Казахстан в новом мире» Глава государства предложил начать поэтапную реализацию культурного проекта «**Триединство языков**». Именно с этого момента и начинается отсчёт новой языковой политики независимого Казахстана, которая сегодня может служить примером для других стран мира по степени популярности в обществе и уровню своей эффективности. Гармонично войдя в процесс духовного развития народа, языковая политика неотделима от общей политики масштабной социальной модернизации [2].

Для того, чтобы стать квалифицированным специалистом, недостаточно только профильного обучения, необходимо еще повышать уровень знания иностранного языка. Сегодня английский язык бесспорно занимает приоритетное положение по сравнению с другими мировыми языками по количественному, географическому и функциональному признакам.

Изучение английского языка является одним из основных приоритетов для студентов медицинской школы. Так, согласно программе развития здравоохранения Республики Казахстан, к 2020 году абсолютно все казахстанские выпускники медицинских институтов и других подобных учреждений должны будут знать язык Шекспира. Знание языка позволит современным специалистам открыть новые неизмеримые возможности в развитии медицинского образования [3].

Согласно правилам приема в резидентуру медицинской школы Республики Казахстан, абитуриент обязан пройти экзамен по иностранному языку по выбору, что является обязательным пунктом для допуска к последующим экзаменам по специальности. Тестирование по английскому языку, разработанное Национальным Центром Тестирования Республики Казахстан, включает в себя 100 вопросов по 3 блокам: аудирование, лексико-грамматический тест, чтение. Все задания с выбором одного правильного ответа из четырех предложенных. Студенту выделено 150 минут для завершения теста. Минимальным проходным баллом для допуска к последующим экзаменам является 50 баллов.

Курсы английского языка в системе нефилологического послевузовского образования носят оптимально-эффективный и профессиональный характер. С целью подготовки к вступительному экзамену в резидентуру по английскому языку для студентов-интернов в Карагандинском Государственном Медицинском Университете было проведено исследование по методикам преподавания английского языка с использованием традиционных и активных методов обучения.

Для участия в исследовании были сформированы две группы: группа с традиционной методикой обучения (контрольная группа), в количестве 25 человек и экспериментальная группа (25 человек). Занятия проводили бакалавры гуманитарных наук. Группы не были закреплены за преподавателем, что позволило исключить человеческий фактор при анализе работы студента, каждый преподаватель проводил занятия в обеих группах. Студентам были предложены занятия по методикам: TBL (team-based learning), CBL (case-based learning), использовалась методика мозгового штурма, «снежный ком», студентам предлагалась выполнение научных работ, таких как подготовка презентаций и постеров на медицинские тематики на английском языке, а также студенты защищали проекты.

Первый этап обучения включал комплексное вступительное тестирование для слушателей, где определялся уровень знания английского языка и формировались группы с равнозначными результатами. В среднем результат показал уровень знания языка Pre-Intermediate (ниже среднего). (Рис.1)




Рисунок 1- Результаты диагностического тестирования

Важно отметить, что к концу обучения количество студентов контрольной группы стало снижаться, вследствие отказов посещения занятий по разным причинам. Всего с курсов

английского языка отчислились по собственному желанию 9 человек из них: 4 из экспериментальной группы и 5 - контрольной. В числе причин отказа от посещения курсов были: нехватка времени, неудобное расписание, большая нагрузка, неэффективность курсов (Рис.2). Согласно рисунку 3 мы можем заметить, что студенты экспериментальной группы отказывались от посещения курсов английского языка в большинстве случаев из-за нехватки времени и большой нагрузки на учебу, в то время как студенты контрольной группы отчисляли по причине неэффективности курсов.




Рисунок 2- Причины отчисления с курсов

Контрольным этапом данного обучения является государственный экзамен по английскому языку. Результаты экзамена сложились следующим образом: средний балл в контрольной группе 87,3 балла, средний балл в экспериментальной группе 92,1балл.

Таким образом, принимая во внимание результаты эксперимента, можно сделать выводы, что изучение английского языка является неотъемлемой частью развития и роста студентов всех групп и специальностей. Преподавание английского языка должно отвечать всем современным требованиям. Инновационные методы преподавания и обучения помогают усвоению всех видов речевой деятельности, мотивируют студентов к обучению и позволяют создать благоприятную образовательную атмосферу. Методику преподавания необходимо постоянно улучшать и развивать, принимая во внимание все новейшие разработки отечественных и зарубежных ученых.

Список использованных источников:

- 1 Государственная программа функционирования и развития языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы. — Официальное издание. — Астана, 2011.
- 2 Назарбаев Н.А. Новый Казахстан в новом мире // Казахстанская правда. — № 33(25278). — 2007. — 1 марта
- 3 Назарбаев Н.А. Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда // Казахстанская правда. — 2012. — № 218-219. — 10 июля.

ТҮЙІНДЕМЕ/RESUME

Наджарян Лилит Камоевна

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Дакукина Татьяна Анатольевна

Томск мемлекеттік педагогикалық университеті, Томск қ., Ресей Федерациясы

Макаренко Татьяна Владимировна

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Дениварова Надежда Валерьевна

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,

Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

МЕДИЦИК-СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН АҒЫЛШЫН ТІЛІ: ҚАЗЕТТІЛІК НЕМЕСЕ ТІЛЕК?

Тілдік құзыреттілік кез-келген білім беру үдерісінің ажырамас бөлігіне айналып отыр. Медициналық жоғары оқу орындарының студенттері шет тілдеріне деген әлемдік қызығушылықтан тыс қала алмайды. Шет тілдері бойынша емтихан тапсыру – студент-интерннің резидентураға түсуі үшін негізгі қадамы. Осы тұрғыдан келгенде, медициналық ЖОО-ның 6 және 7 курс студенттерін емтихан тапсыруға, сонымен қатар шет тілдерін жалпы меңгеруге дайындау мәселесі туындайды. Осы міндетті шешу үшін Қарағанды мемлекеттік медицина университетінде шет тілдерін оқыту курстары ұйымдастырылған, нәтижесінде интерн-студенттер резидентураға түсу үшін шет тілдері бойынша емтиханды сәтті тапсырулары қажет. Оқытуға инновациялық әдістерді қолдану арқылы дәстүрлі жүйе бойынша білім алушылардың 2 топ студенттері қатысты. Екі топтың да нәтижелері сандық және сапалық салыстыруға жатады. Нәтижесінде, ағылшын тілі бойынша студенттерді одан әрі дайындаудың әдістемесі анықталды.

Ключевые слова: английский язык, медицинский университет, вступительные экзамен по языку, резидентура, активные методы обучения, инновации, преподавания английского языка.

Najaryan Lilit

Karaganda State Medical University, Karaganda, Kazakhstan

Dakukina Tatyana

Tomsk State Pedagogical University, Tomsk, Russian Federation

Makarenko Tatyana

Karaganda State Medical University, Karaganda, Kazakhstan

Denivarova Nadezhda

Karaganda Bukhetov State University

ENGLISH FOR MEDICAL STUDENTS: A NEED OR A WHIM?

Осы тұрғыдан алағанда Нарманбеттің 1900-1915 жылдар аралығында жазған «Әждаһаның аузында», «Сахараға қарасақ», «Қазақ ұлы біз тұрмыз», «Ауыл қайғысы», «Сарыарқа», «Шал қайғысы» өлеңдері отаршылдық саясаттан туындаған әлеуметтік өмір шындығын тануда үлкен маңызға ие деуге болады. Ал, «Бұл күнде байлар ғаяр, билер мекер», «Партия туралы», «Кер заман» өлеңдерінде шен-шекпенге таласып, отаршылдар қолшоқпары болған екіжүзді ел билеушілерді Абай дәстүрінде сынға алады. Мәселен, «Кер заман» өлеңінде: «Ағайын ала, Қолда шала: Тұтып жана. Ұрлық-зорлық, Аққа жала; Өтірік арыз – Бермек парыз, Бармақ қала. Күнде кеңес, Ылғи егес – Шап та тала, Қаны қашып, Малын шашып, Іздегені Крес тана. Осы сынды, Өзі жынды, Кісі кімгше, Болмақ пана?» [1, 84-85] деп ел ішін жайлаған арыз бен шағым, атақ пен шен үшін болып жатқан келеңсіздіктерді әшкерлейді.

«Партия туралы» өлеңі Абайдың сыншыл реализмі дәстүрінде жазылып қана қоймай, ұлы ақын өткір сынап, ажуәлаған ел билеушінің кескін-келбетін тағы да көз алдымызға әкеледі.

Партияға кірісті,	«А» десең «мә» деп,
Біреуді біреу икемдеп,	Қасқайып қарсы тұрады -
Ығыр болды көп адам,	«Сен үйткенде,
Жауыр аттай кикендеп.	«Мен бүйтем» деп,
Әркім бір ит алып жүр-	Екі ұртының қаны бар,
«Қаптырам деп үргізіп».	Ойлағаны тағы бар,
Түбі жоқ қиын тереңге...	«Ақша бетке бүркем» деп [2, 82]

Осындай қазақ қоғамының шындығын барынша терең де шынайы жырлаған ақын отаршылдық саясат халықтың береке-бірлігін кетіріп отырғандығын: Біріккен ықылас пен шын тілеу жоқ, Ағайын ала көңіл, достар бекер деп көрсетеді. Сондықтан да туған халқын надандықтан арылтуды дйттеген ақын «Жау жағадан алқымдар, Бөрі етекпен тақымдар, Бұған ылаж қылайық! Балаларды оқытып, Көңіліне өнер тоқытып, Талап қылып сынайық! Адал мінез, ақ кәсіп, Үйде отырып қорланбай, Ашық тұр ғой кең есік – Кіріп хаққа жылайық!» [2, 74] ұлтын өнер-білім, ғылымға шақырады, адал еңбек пен кәсіпке үндейді.

Патша өкіметі көтерілісті басу үшін небір қатал шаралар қолдана отырып, азаттық жолындағы ерлік пен өрлікті аяусыз жаныштау үшін ірі әскери күштер жіберді. Қоныс аударушылар арасынан шаруа отрядтары жасақталды. Мысалы, патша жендеті генерал Ерофев барлық аймақ генерал-губернаторларына мынандай бұйрық жолдады: «Бұратаналар жайлаған ауылдар мен қалаларға қысым көрсету арқылы мәжбүр ету үшін және үкімет шараларына қарсы шыққан бұратана халық санасын үрейлендіру үшін әскери серуендер жасалсын», - деген бұйрықты Жетісу генерал-губернаторы Фольбаум: «әскери серуенді одан әрі дамытып, «әскерлерге үлгі көрсететін тәжірибелік сабағы» ретінде тым құрығанда бір болыстың бірден жүздеген адамын қырып жіберуге бұйрық бергенімді жеткізіңдер» [1] деп нақтылай бұйрық жөнелтті. Осындай жазалағыш отрядтар қазақ даласының түкпір-түкпіріне аттандырылып, қанды жорықтарымен бейбіт халықты қырып-жойды. Міне, сол бір тарихи оқиғалар да Нарманбет ақынның поэзиясында кеңінен жырланды. «Қарқылдап күлген шал қайда?»,

«Сарыарқа сайран жерім-ай» өлеңдері замана шындығы, дүрбелең дәуір ақиқатын барша реалистік қуатта суреттеуімен ерекшеленеді. Зарлай, жарлай, сұрай арнау өзара тоғысқан өлеңдерінде ақын: «Көзіңнің жасы көл болды, Көбейген соң шел болды» дей келіп, еркіндіктен айырылып, сұм заманға тап болған халқының қайғы-қасіретін:

Сұм заманға кез болдық,
Кенде жүріп тез болдық
Енді бізге той қайда?

Ойбайла, жұртым, ойбайла! [2, 101] – деп ақындық қуатпен жеткізеді.

Ал атақты «Сарарқа сайран жерім-ай!» - кең байтақ даламызды жайлаған ойранды жылдар ақиқатын терең де шынайы жырлауымен және ұлт қасіретін еш боямасыз танытуымен тұтас қазақ поэзиясындағы ерекше өлең болып табылады. Ақын қазақ халқының басына төнген қауіп қатерді, елге келген зобалаңды қоғамдық өмірдің күрделі саяси-әлеуметтік мәселелерімен тығыз байланыста алып жырлайды. «Сарыарқадан сән кетті, Қазақтан қуат, әл кетті. Ойын-күлкі сауықты, Бозбаладан ән кетті» [2, 101], – дей келіп:

Жалпағынан өрт алды,
Көк тарлауы қуармай,
Мезгілінен ерте алды,
Көк ала түгін қаптады,
Ішкен асым батпады

Жүрегімді дерт алды [2, 101] деп ел қайғысына терең үңіледі. Ел ішін жайлай бастаған қиянат, соған жол беріп отырған патша әкімдері мен жергілікті атқамінерлердің әділетсіздігін «Ауру кетіп, сау қалды, Алды-артында дау қалды. Кім табады жүйені?» деп аяусыз әшкерлейді. Реалистік қауаты ерекше өлеңді Ә.Бөкейханов 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің он жылдығына арналған «1916-1925 (26 июль)» деген зерттеу мақаласында толық келтіруі де кездейсоқтық емес [3]. Ол сол кездегі қан жылаған қазақ баласының қасіретін ұғынуда, еш боямасыз тануда әдебиетіміздегі шоқтығы биік өлең болатын. Ал «Келтірген Сарыарқаға құдай бастап» өлеңінде: Бір тілек - баламыздан солдат алма, Болмасын дінге зорлық, ықтиярға» [2, 216] деп жырлаған ақын қазақтың қолына қару беріп ел қорғату емес, майданның қара жұмысына салып қорлауына күйінеді. Патшалық саясаттың ұлтты кемітуі мен кемсітуіне тұтас әлеуметтің ашық наразылығын білдіреді. . Казак-орыс сықылды атқа мінсек

Өлсек кейіс қылмай ек майданында.
Риза едік патшаның жарлығына,
Сайманы, қазыналы жабдығына.
Қару жоқ жан қорғарлық тым болмаса,
Шақырды-ау қара жұмыс қорлығына...[2, 217].

Ғалым Т.Жұртбайдың М.Әуезовтің «Қилы заман» туындысына қатысты «...Бұл «жазбауға болмайтын, жаздырмай қоймайтын» тақырып. Тек тақырып қана емес – ар-ұяттың парызы. Сол ел аманатын – арманда кеткендер мен қыршынынан қиылған боздақтардың өсиетін, ана мен сәбидің көз жасын: табаны тілініп, әуелде маңдайына жазбаған тағдырдың сорын татып, жат жерге ауғандардың тауқыметін қарыз ғып өмір кешуді Әуезов ар санады» [4, 5] деп жазған пікірін Нарманбет ақынға да қарата айтуға болады.

XX ғасырдың басы Ресей империясының құрамындағы қазақ халқының тарихындағы күрделі өзгерістерге толы кезең. 1917 жылғы ақпан, қазан төңкерістері ақын шығармашылығына да елеулі ықпал етті. Осы аласапыран тұстардың көрінісі ақынның «Тілекті хақтың берген күн», «Даусың қалай ашылды?», «Ұран», «Олқын-толқын» өлеңдерінде суреттелді.

1917 жылдар ақынның өмір белесіндегі қоғамдық істерге белсене араласқан кезеңдері болып табылады. Ақпан төңкерісінен кейін Уақытша Үкімет уездік органдар ұйымдастырғаны мәлім. Соған сай Семейде 1917 жылдың 5 наурызында қоғамдық ұйымдар мен әскердің облыстық атқарушы комитеті ұйымдастырылады. Сол жылдың наурызында Қарқаралыда 23 болыстық уезд өкілдерінен құралған құрылтай кеңесі өтеді. Оған Балқаш болысынан Н.Орманбетұлы мен Ш.Ахметов қатысып, Кеңес мүшелігіне Нарманбет сайланады. Мәселен, 1917 жылдың 16 наурызында өткен жиналыс хаттамасында «Біз, Қарқаралы уезді қазақтарының (қырғыз) өкілдері, өтпелі уақыттың күрделі жағдайларын ескере отырып, жергілікті және облыстық комитеттермен арласу үшін қазақтарға мейлінше қажет заң

жобаларын жасау қажеттігін ескере отырып, қаулы еттік: 1.Қарқаралы уездік қазақ (қырғыз) комитетін құру. 2.Семей облыстық қазақ (қырғыз) комитетінен олар жасаған Жарғыны жіберуді сұрау. 3.Комитет мүшелігіне ұлтына, діни наным сенімі мен нәсіліне қарамастан қабылдау. 4. 5 рубльден кем емес мүшелік жарна бекіту. 5.Комитеттің құралғаны туралы уезд халқын хабардар ету. 6.Қазақ (қырғыз) комитетінің құрылғаны туралы қаулы көшірмесін анықтама үшін Қарқаралы қалалық басқармасына жіберу. 7. Комитет мүшелерінен Кеңес құру, ал Кеңес мүшелерінен Президиум құру» деп жазылған. Кеңес төрағасы болып Жакып Ақпаев, вице-президентігіне Нарманбет Орманбетұлы мен Рахымбай Сапақов, хатшылығына Смайыл Байтеиев, хатшы көмекшілігіне Ахмет Бектібаев тағайындалады (А.Туғанбаев. Нарманбеттің қолтаңбасы. Сарыарқа. 1990.15.IX). Ал Президиум мүшелігінде халыққа белгілі Нарымбек Бодықов, Амантай Адамбаев, Төлеу Әзімбаев, Хасен Ақаев, Хасен Даиров, Сыздық Тұтқышев, Сыпатай Райымбеков, Садуақас Сыңғырбаев, Шайкен Қарымсақов, Мұқажай Баиров, Жәкей Сартов, Аманбай Шегіров, Смағұл Бекпауов, Нығмет Нұрмақов сынды тұлғалар болса, ал қазынашысы ретінде Смақан төре Бөкейханов тағайындалды. Қарқаралы уездік қазақ (қырғыз) комитеті Президиумының бірінші отырысы хаттамасына Ж.Ақпаев қол қойса, өзге хаттамаларда (барлығы сақталмаған) Н.Орманбетұлы қолымен бекітілген. Жалпы тарихи құжаттардың анықтамаларында Нарманбет есімі жиырма рет аталып, он рет оның өз қолы тіркелген.

Бұл тұста ақын Алаш қозғалысының халық азаттығын, еркіндігін ту етіп көтерген саясаты қолдап, оған өзінің тілектестігін білдіреді. «Ұран», «Құрылтайға барғанда» өлеңдері сол бір тарихи кезеңдегі тұтас қазақ халқының қоғамдық өміріндегі айтулы күндердер болмысын айқын танытады. Мәселен 1917 жылы жазылған «Ұран» өлеңі Алаш идеясынан туындап, соны қолдаған ақынның әлеуметті Алаш ұранының туы астына бірігуге шақырған азаматтық тұлғасын да танытады. «Құрылтайға барғанда» өлеңі Алаш қозғалысы, Алаш Орда үкіметі өмірге келген тарихи сәттерде жазылды десек, осы өлеңінде ақынның айқын әлеуметтік көзқарасы, саяси ұстанымы да танылады.

Ақын 1918 жылы Қарқаралы уезінің сот соты қызметін атқарады. Бұған қатысты Қазақ КСР Ғылым академиясының Орталық кітапханасындағы құжатта «Нарманбет 1918 жылы Қарқаралы уезінің сот ағасы қызметін атқарады. Бұл арада ескере кететін әңгіме – ақын Қарқаралыда бір ай өмір сүрген соң Совдептің тұсында сот болды. Кейін Жакып Ақбайұлы Совдеп соты болған деп орнынан түсірген. Бірақ Семейден келген облыстық соттың мүшесі Мұқыш Боштайұлы «бұл сияқты кісіні – сен Совдептің кісісің деп қызметтен түсіруге болмайды» - деп орнына қайта қояды» деп жазылған [5, 293].

Бұл жерде Нарманбет пен Ж.Ақпаев арасындағы қарым-қатынастағы сызат билік үшін болған талас пен текетірес деген мәселеге келіп тірелмейді. Өйткені ақын өмірін мұрағат құжаттары негізінде терең зерттеуші А.Туғанбаев орынды атап өткенідей Ақпан төңкерісінен кейін бір мұрат, бір мақсатта болған қазақ зиялылары, соның ішінде Қарқаралы уездік комитетінің мүшелері Қазан төңкерісінен кейін екіге жарылып кеткені тарихи шындық [1] (Ұлы ағартушы, ойшыл күрескер).

Нарманбет Орманбетұлы қандай бағытты ұстанды? Кеңес билігін қолдады ма, әлде Алаш арыстарының саяси ұстанымында болды ма деген сұрақтардың туындауы заңды. Ақын қос төңкерісті де сол кездегі барша көзі ашық көкірегі ояу ұлт зиялылары қатарында қазақ халқы үшін келген теңдік, еркіндік деп ұғынды. Сондықтан да «Аралға қонды суы жоқ. Мезгілсіз ұшқан бір топ қаз. Бауырын төсеп жатуға Жапырағы жоқ, жері саз. Ұшайын десе мерген көп. Андымайтын адам аз. Обал болды дер едік Өтпейді оған айтып наз» деп тұтас қазақ зиялыларының мұрат-мақсатына өзінің тілектестігін білдіреді. Аласапыран заманның дауылды жылдарын ақындық түйсікпен сезінген ол қызылдар ылаңын көріп үлгергені жоқ. Көрген жағдайда өзі жырлағандай «мергені көп» уақыттың құрбаны болып та кетер еді. Ақынның 1918 жылы 2 ақпанда Қарқаралыда Совдеп құлаған соң аулына оралуына да сол заманның күрделі өзгерісі ықпал етті деуге толық негіз бар. Сол жылдың тамызына дейін қоғамдық істерден бойын аулақ ұстауы да ойландырмай қоймайды. Нарманбет Орманбетұлы 1918 жылдың 16 тамызына дүние салды. Ақынның басына 1950 жылы Смақан төре Бөкейханов орнатқан құлпытаста:

Өткір едің -өттің білінбей,
Жүйрік едің – кеттің

Құрған торға ілінбей,
Қараңғыда жол тапқан,
Қапияда сөз тапқан,

Адал едің данышпан – деп жазылғандай халқымыздың адал ұлы Нарманбет өмірі мен шығармашылығы қазақтың әдебиеті және қоғамдық тарихында айрықша орын алады. Туған елінің отаршылдық қымыснан арылып, азат та еркін болуын мұрат тұтқан оның өнегелі өмірі, қоғамдық қызметі қашан да ақындық тұлғасымен асқақтай бермек.

Ақын шығармашылығы отаршылдық дәуір шындығын және ояну ұранын көтерген ХІХ–ХХ ғасыр басындағы әдебиетіміздің тақырыптық – идеялық арқауын, замана келбетін тануда «зар заман» ақындары, Алаш арыстары мұрасының қатарында қарастырылуымен де ерекшеленеді. Өйткені ол екі ғасыр тоғысында өмір сүріп қана қоймай, сол күрделі кезеңдердегі қазақ өоғамының әлеуметтік кескін – келбетін терең де шынайы суреттеуімен де өзіндік қолтаңбасын қалдырды.

Өз халқының азаттығы мен еркіндігін армандаған, соны жырлаған ақын қазақ ұлтының азаттық жолымен дамын сол кездегі озық ойлы зиялылардай ғылым-білім, оқу-ағартумен байланыстырды. «Ескі оқу туралы», «О, бозбала, өнер-ғылым үйренбедің», «Жастарға» өзге де өлеңдерінің басты тақырыбын осынау өзекті мәселелер құрады. Осы өлеңдерінде ағартушылық ойларын имандылық, адамгершілік қасиеттермен байланыстырып, кемел елдің келешегіне зор үмітпен қарады. Нарманбеттің ағартушылық ойлары, имандылық қасиетті жырлаған өлеңдерінің сарыны өзінің ұстазы Абай мұрат-мақстымен ұштасып жатыр. Ол Абай дәстүрін ұстанушы бола отырып, ұлы ойшыл және ағартушы ақынның үлгі-өнегесін халық арасына кеңінен насихаттауда, таратуда үлкен еңбек атқарды. Әсіресе, Абайдың ақындық мектебінің шәкірті Шәкәрім сынды Нарманбет те «Қанағат, рақым, шапағат, қайыр, ықсан», «Әдеп, ұят, ар, намыс, сабыр, сақтық» сияқты адам бойындағы басты қасиеттерді сақта әрбір пенденің басты парызы екенін ұғындырды. Әділдік жолымен дамитын қандай да болмасын қоғамның дамуын адамгершілік қасиеттермен байланыстыруы бүгінгі күні де өзекті мәселе болып отырғанын айтсақ, Абай дәстүріндегі Нарманбет сындық ақынның биік тұғырын асқақтата береді.

Пайдаланылған әдебиетер тізімі

- 1 Мәдібай Қ. Зар заман ағымы. – Алматы: Қазақ университеті, 1997. – 168 б.
- 2 Туғанбаев А. Ұлы ағартушы, ойшыл күрескер //Кітапта: Нарманбет Орманбетұлы. Шығармалары. Қарағанды: Болашақ-Баспа, 1998. – 356 б.
- 3 Мәдібай Қ. ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті. –Алматы: Қазақ университеті, 2001. –210 б.
- 4 Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. – Алматы: Білім, 1995. – 288 б.
- 5 Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001. – 447 б.

РЕЗЮМЕ/RESUME

Бабашов Азат Максұтбекович
Мұрабтек Келбет Жанболатовна

Академия «Болашақ», г. Караганда, Республика Казахстан
ИДЕЯ НЕЗАВИСИМОСТИ В ПОЭЗИИ НАРМАНБЕТА

В статье поэта Нарманбет анализируется на основе идеи освобождения в трудах его стихов. Не оставил его в покое мысли, как земля родная становится собственностью чужих.

Здесь, в этом случае, национальные тематические и идеологические различия для создателей литературы художественного подхода, поиска, стиль, жанр, огромные различия, разнообразие, и принес много сторонности. Все эти вопросы представляют собой конкретные примеры научных регулярно отражен в статье.

Ключевые слова: казахская поэзия, идея независимости, родная земля, критический реализм, национальная интеллигенция, поэтическая школа.

Babashov Azat Maksutbekovich
Murabtek Kelbet Zhanbolatovna
Akademy «Bolashak», Karaganda, Republic of Kazakhstan
THE IDEA OF INDEPENDENCE IN NARMANBET'S POETRY

In article of the poet Narmanbet it is analyzed on the basis of the idea of release in works of its verses. Did not leave him alone thoughts as the earth native to become property of strangers.

Here, in this case, national thematic and ideological distinctions for creators of literature of art approach, search, style, a genre, huge distinctions, a variety, also brought a lot of storonnost. All these questions represent concrete examples of scientific is regularly reflected in article.

Keywords: ideas of release, native earth, critical realism, intellectuals of the nation, poetic school

List of references:

- 1 Madibai K. Zar zaman agımy. – Almaty: Kazak universiteti, 1997. – 168 b.
- 2 Tuganbaev A. Uly agartushy, oishyl kuresker. Kitapta: Narmanbet Ormanbetuly. Shygarmalary. –Karagandy: Bolashak-Baspa, 1998. – 356 b.
- 3 Madibai K. XIX gasyrdagy kazak adebieti. –Almaty: Kazak universiteti, 2001. – 210 b.
- 4 Kirabaev S. Adebietimizdin aktandak betteri. – Almaty: Bilim, 1995. – 288 b.
- 5 Kirabaev S. Ult taelisizdigi zhane adebiet. – Almaty: Gylym,2001. – 447 b

ӨОК 82-1

Жандос Шекен
aktaibatyr@mail.ru
Ақмарал Дәуренқызы Қасымбек
akmaral-d96@mail.ru
«Болашақ» академиясы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҚҰБЫЛТУ
ТӘСІЛІНІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Жыраулық поэзиядағы көркемдік қазақ халқына тән ерекше қасиет, әрі даралық сипаты бар ұлттық өнер. Күн өткен сайын жыраулық поэзияның сөз өнерінің тарихынан алатын орны айқындалып, өзгеше жанрлық белгілерімен суырыпсалмалық, тапқырлық, ұтқырлық қырлары ашылып келеді.

Бұл сипаттардың барынша жарқырай көрінген тұсы қазақ хандығы тұсындағы әдебиет өкілдерінің шығармашылығы. Осы тұстағы шешендер мен ақын, жыраулар шығармашылығының өзара үндесіп жатуының да өзіндік заңдылықтары бар. Мақалада жыраулық поэзияның көркемдік сипаты, қысқа, нұсқа, ұтқырлық сияқты ерекшеліктері нақты мысалдармен дәлелді талдауға негіз болған.

Кілтті сөздер: поэзия, жырау, құбылту, өнер, қазақ әдебиеті, ассонанс, аллитерация, синекдоха, символ, метонимия.

XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар мұрасы – сол дәуірдің ой-сана, әдет-ғұрыптық, тілдік, шаруашылық һәм тарихы көріністерін суреттеген көркем шежіре. Басты ерекшелігі – бұл шығармалар жыраулар мен ақындардың өз аттарымен жетуі. Ақын, жыраулар поэзиясы көшпелі өмір жағдайынан халық ауыз әдебиеті дәстүрімен ауызша туып, ауызша тарады. Бұл дәуірдегі жыраулар мен ақындардың қолжазбасын кезіктірген не жазбаша шығарғандығын әйгілейтін, әзірше деректер жоқ. Сол себепті де жыраулар, ақындар, би-шешенде шығармашылығына ортақ болып келетін көркем тіркестерді көптеп кездестіруге болады. Бұл – жыраулар поэзиясындағы шешендік үлгілерінде де көрініс тапқан. Осы тұрғыдан келгенде шешендік сөздерде ең мол қолданылатын ажарлау тәсілі – аллитерация мен ассонанс. Мәселен, Шалкиіздің 45 жолдан тұратын «Мен көремін» толғауының 41 жолы «а»-дан, 4 жолы «о»-дан басталады.

Сол сияқты дауыссыз дыбыстар да жыраулар поэзиясындағы шешендік сөздерді айрықша

ажарлылық сипатқа ие ете алады. Мысалы, Шалкиіз жыраудың бір туындысынан мысал келтірейік:

Жағаға жақын қонғанда,
Жайылып сулар алмас па?
Жаманға дос болғанда,
Жазымда басың қалмас па?
Жат туғанды өзі еткен
Жақсының ғұмыры аз-ақ болмас па? [1, 44].

Әсіресе, қатаң дауыссыз дыбыстардың үндесуі шегелеп айтар ақыл, нақылды, тепсініп толғар тегеурінді күш-қуатты өте әсерлі береді. Мәселен, Асан қайғыда:

Тақырлауға қонған қаз – тырна,
Таң маңынан ұшар ол.
Тауық неше шақырса,
Таң болжалдап атар ол [1, 182].
Немесе Жиёмбетте:
Тал шарбаққа мал сақтап,
Тас қалаға жан сақтап,
Тасқан екен мына хан [1, 182].

Сонымен қатар, шешендік сөздерде ең көп қолданылатын көркемдеу тәсілі, ажарлаудың бір түрі- теңеу. Теңеуде «суреткер заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей-ақ, оны басқа затпен, құбылыспенсалыстыра суреттейді [2, 12]. Мысалға, Жиёмбет жыраудың Есім ханға айтқан арнауынан үзінді келтірейік:

Менің ерлігімді сұрасаң,
Жолбарыс пенен аюдай.
Өрлігімді сұрасаң,
Жылқыдағы асау тайыңдай.
Зорлығымды сұрасаң,
Бекіре менен жайындай.
Беріктігімді сұрасаң,

Қарағай менен қайыңдай [1, 53], - деп, теңеудің әдемі де сұлу үлгілерін алға тартқан. Өзінің ерлігі мен өрлігін, зорлығы мен беріктігін табиғаттың тамаша туындыларына теңеп, сол арқылы күштілігін, мықтылығын суреттейді. Бір жағынан бұл жырда көркем тәсілдің тағы бір түрі – әсірелеу (гипербола)де бар. Осы жерде ескертетінбір нәрсе-жыраулар да, шешендер де өз туындыларнда көркемдеу тәсілдердің тек бір түрін ғана емес, бірнешеуін түйдектете, қатарынан қолданады. Ол – шығармалардың құндылығын, тартымдылығын, әдемілігі мен әсерлілігін арттырады, тыңдаушыға ләззат сыйлап, құлағының құрышын қандырады. Сонымен, Жиёмбет жырау өз шығармасында теңеу үшін дүниетанымға жақын заттар мен құбылыстарды мысалға алғандықтан, тыңдарман қауымның қабылдауын жеңілдетіп тұр.

Теңеу сапасы, оның көркемдік қуаты жыраудың табиғи талантына, дүниетанымына, өмір тәжірбиесіне, тіршілік еткен ортасына, айтпақ ойына – авторлық идеясына байланысты. Мәселен, бірнеше жыраулардың шығармаларынан үзінді келтірейік. Шалкиіз жырау:

Тағыдай түн түре қараған,
Таң бегісіп жусаған,
Тарпандай тізесі бүгіп су ішкен,
Арқада мезгілсіз жылқы жусаса,
О дағы аш қасқырға жолығар [1, 188].

Доспамбет:

Екі арыстан жау шапса,
Оқ қылқандай шаншылса,
Қан жусандай егілсе,
Аққан судай төгілсе,
Бетегелі Сарыарқаның бойында
Соғысып өлген өкінбес[1, 188].

Үмбетей жырау:

Жатқан жері даладай,
Екі өркеші баладай,
Азу тісі қаладай,
Жабуы жамшыдай,
Құйрығы қамшыдай,
Бура сойған не сұмдық? [1, 190].

Осы үзінділердегі теңеулердің қай-қайсысы да жыраулардың айтпақ ойына айтулы ажар, әдемі әсер беріп, таным-түсінікті тереңдетіп тұр. Шалкиіз өмірдің өзекті бір мәселесі туралы толғайды. Әр нәрсенің өзіндік өлшемі, арнасы, уақыты бар, одан ауытқып, шалғай кетсе, Өмірде небір бұлқыны күшті асаулардың өзі кесепатқа кезігеді демек. «Тағыдай», «тарпаңдай» деп ерекше күш-қуат дарытып суреттеген жырау негізгі ойын осылайша әсерлі жеткізген. Ал, Доспамбеттегі ерлік, батырлық рух, сол өршіл идеяға қызмет еткен құнарлы теңеулер (қылқандай, жусандай, судай) батыр қимылын, ер арманын көз алдымызға елестетеді. Үмбетей мал шаруашылығымен айналысқан елде, тек сол ортада ғұмыр кешкен жырау ғана айта алар теңеулер қолданады (баладай, даладай, қаладай, жамшыдай, қамшыдай).

Әрбір теңеу белгілі бір ойды, мағынаны білдіреді. Мысалы, емен ауырлық – салмақтың белгісі («Ер өзіңнен соңыратын, Емен салдай батыр ол», Шалкиіз), кейде мықтылық, беріктік, қайсарлық сипаты («Бұрала біткен емендей, қисық туған адамсың», Үмбетей). Жырауларда «сары шыпшық» – дәрменсіздік белгісі: «Сары шыпшықтай шырлатып, Ғазірейіл кімдерге құрық салмаған?!» (Шалкиіз); «дала» кеңдік белгісіндей: «Омырауы даладай» (Ақтамберді), «Жатқан жері даладай» (Үмбетей); «тау» биіктік, ірілік, ұлылық баламасындай: «Жақсылар ағын судай, асқар таудай» (Шал ақын); сол сияқты күштілік, мықтылықты – арыстанға: «Арыстандай екі бұтын алшайтып, Арғымақ мінген өкінбес» (Шалкиіз); өрлік, асаулық, бұға тағылықты – байланбаған құлынға, асау тайға: «Өрлігімді сұрасаң, жылқыдағы асау тайындай» (Жиембет), «Құланы құлындай тулаған» (Бұқар); ерлік, батырлықты жолбарысқа: «Менің ерлігімді сұрасаң, жолбарыс пенен аюдай» (Жиембет), «Жолбарыстай жон түзген... табаны жалпақ тарлан боз» (Ақтамберді); ұнамсыз әдеттер, жағымсыз құбылыстарды бағзы дәуірден халық санасында жағымсыз бейнеде қалыптасқан аждаһаға, бөріге, буыршыңға теңейді: «Буыршындай тіздесті, Жамандықты іздесті. Бірін-бірі күндесті» (Бұқар), «Ақырған аждаһадай аю келін, біз түгіл құдайынан ұяла ма?!», «Нәрсің бір көкжал бөрідей, Иманың бағлан козыдай» (Шал).

Бір аңғарған сырымыз, мал шаруашылығымен айналысқан көшпелі елде өмір сүріп, бар өмірі табиғат аясында өткен жыраулар адам өмірінің қат-қабат құбылыстарын өздері өмір сүрген табиғи орта, мал шаруашылығы, өсімдік әлемі, жануарлар дүниесіне орай сөздермен салыстыра береді.

Жыраулар поэзиясындағы шешендік үлгілерінде эпитет (айқындау) те өзіндік орын алған. Мысалы Асан қайғыда:

Таңдайға біткен қызыл тіл,
Тірлікте не шайнасаң жұтар ол [1, 182].
Шалкиіз жырауда:
Қара сия, ақ қағаз,
Дестірге өнер төктірдің [1, 182].

Осы мысалдардағы қара сия, ақ қағаз, қызыл тіл сияқты сөз тіркестері ауыз әдебиетінен, әрісі түркі тілі халықтар әдебиетінен етене таныс болуы мүмкін. Бұл екі жағдайды аңғартады. Біріншіден, Ежелгі поэзиямызданкүні бүгінге дейін әркілы орайда қолданылып келе жатқан бұл тіркестер – дәстүрлі жалғастықтың куәсі. Екіншіден, сан ғасыр ұғымға орнығып қалыптасқан тұрақты айқындаулар.

Батырлар ерлігін, ат сапасын, қару-жарак қадірін айқын да айбарлы, ажарлы да ашық реңмен жырлауда айқындау тәсілінің де өзіндік рөл атқарғанын аңғарамыз. Мысалы: саф арғымақ, суын түсті жүйрік, ақ табан ару торы ат, тоқал торы ат (Ер Шонан), қыналы боз (Жиембет), тұмар мойын ат (Ақтамберді), торы төбел ат (Доспамбет).

Бір топ айқындаулар батыр, батыр арманы, оның құрал-жабдықтарын айқындай түседі: «Жағасы алтын, жеңі жез, шығыршығы торғай көз сауыт киер ме екенбіз?! Жалаулы найза жанға алып, жау қашыра ма екенбіз?!» (Ақтамберді); «Толғамалы ақ балта, толғап ұстар күн қайда?! Алты құлаш ақ найза, ұсынып шаншар күн қайда?!» (Доспамбет).

Эпитеттің бірсыпырасы өмір, мекен-жай, тұрмыс-тіршілік көрінісі, көшпелі өмірге тән әркілі этнографиялық жайларды айқындай түседі: «Салп-салпыншақ анау үш өзен, салуалы менім ордам қонған жері» (Қазтуған); «Зерлі орындық үстінде, Ақ шымылдық ішінде, Тұлымшағын төгілтіп, Ару сүйдім өкінбен», «Ақ білегін жастанып...», «Еңсесі биік боз орда, салтанатқа орнатқан», «Омырауы жұпарлы, исі жұпар аңқыған...», «Қыздарға қызыл ала тон кигізіп, Қырмызыға малдырып, көшке жорға мінеді» (Бұқар), т.б.

Айқындаудың бір тобы жан-жануарлар дүниесіне орай кездеседі, олар нақтылап айқындау арқылы жыраулардың негізгі ойын аша түсуге қызмет етеді: «Жал-жалп ұшқан жапалақ, жазыда кімге жолдас болмаған», «Көк қоянның қос құлағын тұндырған, көгілдірдің жез қанатын сындырған», Ақ киіктің шабар жері майдан-дүр», «Жез қарғылы құба арлан», «Сақалына сары шіркей ұялап, миығына қара шіркей балалап» (Шалкиіз); «Қара бұлан терісін етік қылар күн қайда?», «Торы төбел ат мініп» (Доспамбет).

Бірқатар эпитеттер табиғи орта, табиғат құбылыстарына орай беріледі: «Қарабас күспен шалдырып, Көк теңіздің үстінде, Көтеріп желкен аштырып, Жүк тиеттің кемеге», «Кендір баулы ақ желкен, Көк теңізді жал толқынға жектірдің», «Ақ ала таудың алдында, Ақ ала жылқы жусайды», «Шағырмақ бұлт жай тастар ... Ақ желкенді жел бастар», «Арқаның құба жонында, Арыстан ойнар шарқ ұрып», «Жапалақ ұшпас жасыл тау» (Шалкиіз); «Ағарып атқан таңды деп, Шолпанды шыққан күнді деп», «Айналайын Ақ Жайық, Ат салмай өтер күн қайда?», «Қоғалы көлдер, қом сулар, қоныстар қонған өкінбес» (Доспамбет); «Қара судың бетінде сығылып аққан сең едің» (Бұқар). Немесе Бұқар жыраудың мына толғауынан үзінді келтірейік:

Биік тауға жарасар,
Ығынан тиген панасы.
Терең сайға жарасар,
Тобылғылы саласы.
Ер жігітке жарасар,
Қолына алған найзасы.
Би жігітке жарасар,
Халқына тиген пайдасы [1, 89].

Мұнда айқындаудың тамаша үлгілері пайдаланылған. Жырау бір ғана айқындау қолданып қоймай, оларды тізбектеп қолданған. Олардың барлығының арқалаған жүгі, көтерген мағыналық салмағы бар. Адамға эстетикалық ләззат сыйлайтын сиқырлы қасиеті бар. Бұл туындыда, сонымен қатар, қайталаудың эпифора деген түрі қолданылған. Яғни «жарасар» деген сөз шығармадағы жолдардың әсерлілігін күшейту үшін үнемі сөздің аяғында қайталанып отырады. Ал Үмбетей жыраудың арнауында:

Кетеген болса түйең жау;
Тебеген болса биен жау;
Ұрысқақ болса ұлың жау;
Керіскек болса келінің жау [1, 74].

Қайталаудың эпифорадан басқа симплока (ортаңғы қайталау) қолданылған. Яғни «болса» және «жау» сөздерінің қайталануы арқылы бірыңғай ырғақ қалыптасып, сөйлемге дыбыстық, көркемдік, әсемдік сипат дарытқан.

«Қайталау сөз әсерін күшейте отырып, оқырман назарын айрықша аударғысы келген нәрсені не құбылысты бірнеше мәрте қайталап, айтар ойды, ұқтырар сырды ұғымға мұқият сіңіре түсу» [3, 239] деген пікірге ден қойсақ, бұл шығармада айқындау арқылы кімнің не себепті «жау» болатындығына салмақ түсірілген. Осы шағын ғана үзінді төрт аяғы тең жорғадай, әр тармақтағы төрт сөздің әрқайсысы келесі жолдардағы сөздермен үйлесім, қисын тауып, ерекше жұп-жұмыр, шып-шымыр жарастықты тұлғада тұр. Сайып келгенде, жырау «жау» деген сөзге мейлінше мән беріп, сол жағымсыз қылық қайдан шығады, содан жиіркендіреді.

Жырауларда бір сөз жол аяғында екі-үш дүркін ғана емес, бірнеше рет, тіпті бүкіл шумсақ бойында қайталанып келеді. Мұндай қайталаулардың жырауларда бірнеше түрі кездеседі:

Жыраулар басты назар аударған нәрсенің не болмыстың, яки оның басты қасиетінің өлең жолы аяғында бірнеше дүркін қайталанып келуі, мәселен Асан қайғыда:

Тақырлауға қонған қаз-тырна,
Таң маңынан ұшар ол.
Тауық неше шақырса,
Таң болжалдан атар ол.
Қызыл изен, боз жусан,
Сарыарқаға бітер ол.
Таңдайға батқан қызыл тіл,
Жаққа біткен отыз тіс,
Тірлікте не шайнасаң жұтар ол [1, 218].

Өлеңнің алғашқы тармақтарынан, яки тармақтағы сөз тіркестерінен жырау нысанаға алған негізгі объекті айқын танылады. Бірақ, жырау басты әрекеті мен қимыл, қасиетін «ол» деген сілтеу есімдігін қайталау арқылы жинақтай көрсетеді.

Жыраулар поэзиясы қазақ әдебиетінің алғашқы кезеңі бола отырып тарихи тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар әдеби-эстетикалық тұрғыдан да ерекшеленеді. Жыраулар поэзиясында көркемдік құралдардың барлығы да қолданылған. Образ жасау, бейнелеу, көркем сипаттау жағынан алғанда XV-XVIII ғасырда өмір сүрген қазақ әдебиетінің өкілдері өзіндік дәстүр қалыптастырды. Оның ішінде, жыраулар қолданған метафоралар, кейіптеулер, синекдохалар, символдар, метонимиялар, аллегориялар тағы да басқа троптың түрлері олардың поэзиясында орнымен қолданылып, жыраулар поэтикасының көркемдік әлемін қалыптастырды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Бес ғасыр жырлайды //Құрастырушылар: М.Мағауин, М.Байділдаев. Т.1. –Алматы: Жазушы, 1989. –384 б.

2 Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиетінің тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы: Ғылым,1960. –321 б.

3 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі //Құрастырушылар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. –240 б.

РЕЗЮМЕ/RESUME

Шекен Жандос

Касымбек Акмарал Дауренқызы

Академия «Болашак», г. Караганда, Республика Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ТРОПОВ В ПОЭЗИИ ЖЫРАУОВ

Жырау это искусство народа казахской поэзии специфических качеств, характера и индивидуальности национального искусства. Рассказчик роль в истории искусства поэзии с каждым днем, признаки другого жанра, определенного импровизирует, изобретательность, открываются аспекты мобильности. Эти свойства являются наиболее яркими представителями области в близи литературу творчества Казахского ханства. На этот раз между ораторами и поэтом, искусство жырау помолчать с законами своей собственной поэзии. В статье рассказчик характер искусства поэзии, короткая версия, функции мобильности, такие как реальные примеры доказательств является основой для анализа.

Ключевые слова: поэзия, жырау, троп, искусство, казахская литература, ассонанс, аллитерация, синекдоха, символ, метонимия.

Sheken Zhandos, Kasymbek Akmaral Daurenkyzy
Akademy «Bolashak», Karaganda, Republic of Kazakhstan
FEATURES OF USE OF LADDERS IN POETRY ZHYRAUOV

Zhyrau is an art of the people of the Kazakh poetry of specific qualities, character and identity of national art. The story-teller a role in the history of art of poetry every day, signs of other genre, certain improvises, an ingenuity, aspects of mobility open. These properties are the brightest representatives of area close literature of creativity of the Kazakh khanate. This time between speakers and the poet, art to a zhyra to keep silent with laws of own poetry. In article the story-teller the nature of art of poetry, the short version, mobility functions, such as real examples of proofs is a basis for the analysis.

Keywords: poetry, zhyray, tracks, repetition, art, qazakh literature, assonans, alliteration, synecdoche, symbol, metonymy.

List of references:

1 Bes gasyr zhyrlaydy //Kurastyrushylar: M.Magauin, M.Baydildayev. T.1. – Almaty: Zhazushy, 1989. –384 b.

2 Zhumaliyev K. The Qazak adabietinin tarikhynyn maseleleri zhane Abai poeziyasynyn tili. – Almaty: Gylym, 1960. –321 b.

3 Adabiyet terminderinin sozdigi // Kurastyrushylar: Z.Akhmetov, T.Shanbayev. – Almaty: Ana tili, 1996. –240 b.

ӨОК 81"366

Баян Аманжолқызы Жүнісова
bayan75-75_75@mail.ru
Ақылбек Ермекбай Масымқанұлы
akil_096_bek@mail.ru
«Болашак» академиясы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВТЫҢ «ЕЛЕҢ-АЛАҢ»
РОМАНЫНДАҒЫ ҚАЙТАЛАМАЛАР

Қайталама құбылысы тілдегі көркемдегіш тәсіл ретінде лингвистикада көптен бері танымал болса да, осы мәселенің төңірегінде анықталмаған сұрақтар аз емес. Қайталамалардың лингвистикалық табиғатын тану қазақ тіл білімінде де өзекті мәселе екені талас тудырмайды.

Мақалада Әбіш Кекілбаевтың «Елең-алаң» романындағы қайталамалардың құрылымы, тілдік сипаты, олардың түрлері мен тектері, стильдік қызметі, тілдік нормаға қарым-қатынасы, мәтін стилистикасында алатын орыны, сияқты мәселелер қарастырылған.

Кілтгі сөздер: қайталама, анафора, эпифора, поэтикалық шығарма, синтаксистік қайталама, морфологиялық қайталама

Қайталама – мәтін құрылымымен тығыз байланыста болатын құбылыс. Мәтін бар жерде оның құрылымын жетілдіретін қайталамалардың қолданылып отыруы – табиғи нәрсе. Мәтін – мазмұн мен құрылым жағынан аяқталған категория. Мәтіннің мазмұнын мәтін семантикасы десе, оның құрылымын мәтін композициясы деп атайды. Олардың бөлшектенуі – мәтін архитектурасы деп аталады.

Анафоралық және эпифоралық қайталамалардың мәтін композициясы мен архитектурасына да қатысы бар. Олар поэтикалық шығарманың біртұтастығын қамтамасыз етіп, ойды дамыту, белгілі бір микромәтіндерді өрнектеу, оқырман назарын бір нәрсеге аңдату сияқты қызметтер атқарады.

1980 жылдардан бастап анафоралық және эпифоралық қайталамалар, лексикалық, дыбыстық, синтаксистік қайталамалар тақырыбына бірнеше диссертациялар жазылды. Олардың қатарына бүкіл қайталама түрлерінің, солардың ішіндегі анафора мен эпифоралардың лингвостилистикалық табиғатын қарастырған О.Бүркітовтің докторлық диссертациясы, қос сөздердің қайталануы мен морфологиялық қайталамалардың

лексика-грамматикалық құрылымын қарастырған Т.Б.Қалабаеваның, зат есім, сын есім, етістіктерден жасалған грамматикалық қайталамалардың қазақ ертегілеріндегі қолданылу ерекшеліктерін сипаттаған З.Керімбаеваның дыбыстық, лексикалық, синтаксистік қайталамалардың көркем прозасындағы қызметін тануға арналған А.Қ.Утанованың, Ж.Аймауытов шығармаларындағы лексикалық, синтаксистік қайталамалар, анафоралық және эпифоралық қайталамалардың стильдік қызметін сипаттайтын Р.А.Досжанованың кандидаттық диссертациялары кіреді. Қайталама құбылысы туралы мәлімет І.Кеңесбаев пен Т.Жанұзақовтың «Тіл білімінің орысша-қазақша сөздігіне» де енгізілген. Сөздікте қайталама «сөздің қайталануы» деген терминмен белгіленіп, оған «сөйлемдегі сөз мағынасын күшейту немесе стилистикалық мән беру үшін қолданылатын тәсіл. Үнді-европа тілдерінде оны редупликация деп атайды» деген түсінік беріледі. Э.Д.Сүлейменованың «Тіл білімі сөздігінде» анафора мен эпифоралар былай анықталған: «Анафора – мәтінде әр жол немесе әр тармақ ылғи бір тілдік элементтерінен (дыбыс, сөз, морфема) басталып, қайталау арқылы жасалатын стилистикалық сөйлеу айшығы. Эпифора – мәтіннің әр жолының соңындағы бір тілдік элементтің бірнеше мәрте қайталануы.

Қайталамалардың дыбыстық тілде үлкен көркемдегіш қызмет атқара алатындығын ескере отырып, оларды тілдік және стильдік деп бөлуге болады. Тілдің ішкі салалары бірліктерінің қайталану мүмкіншіліктеріне орай дыбыстық қайталамалар, лексикалық қайталамалар, фразеологиялық анафора мен эпифоралар, грамматикалық анафора мен эпифоралар сияқты түрлері болады. Бұл қайталамалардың әрқайсысы өз ішінен шағын түрлерге бөлінеді. Мысалы, дыбыстық қайталаманың ішінде ассонанс, аллитерация, паронимиялық аттракция, консонанс, ішкі ұйқас. Лексикалық қайталамалар редупликант (негізгі сөз) пен редупликатордың (қайталанатын сөз) орналасу ерекшеліктеріне орай контактілі және дистантты болып екі түрге ажыратылады. Семантикалық, сатылы, сақина қайталамалары бар, плеоназм сөздерінің қайталануы кездеседі. Ғалым С.Негимов «Өлең өрімдері» кітабында әуендік анафора мен эпифора, әуендік-лексикалық анафора мен эпифоралардың түрлерін белгілейді. Фразеологиялық анафора мен эпифора түрлеріне фразеологизмдердің қайталануы жатады. Грамматикалық анафора мен эпифораның түріне сөз таптарының қайталамалары кіреді.

Шығарма тілінің көркемдігі суреткердің әр сөздің орнын тауып көркем жұмсай білуінде, сөздердің қайталануында. Жазушы сөзді қиыстырып, қайталап, тиісті жерінде ұтымды қолданып, ойдың түсініктілігін, дәлдігін айқындайды.

Қайталаманың кейбір түрлерін әдебиеттану ғылымының ауқымында А.Байтұрсынов, Қ.Жұмалиев, З.Ахметов, З.Қабдоловтар зерттесе, тілдік тұрғыдан М.Серғалиев, Р.Сыздық, Б.Шалабай, Р.Әмір еңбектерінде қарастырылады.

Зерттелетін тақырып қазіргі қазақ тіліндегі функционалдық стильдер, оның ішінде көркем әдебиет стилінің қалыптасып, дамуы және бүгінгі жайы (нормалары) жөнінде болғандықтан, алдымен осы категорияның мән-мазмұнына, яғни беретін ұғымы мен қазақша аталуына тоқталу қажет.

Функционалдық стильдер сырына көбірек үңілген, жеке пікірсайыстар өткізіп, талқыға салған, бірнеше арнайы монографиялар мен мақалалар жариялаған орыс тілі мамандары «функциональная стилистика» деген салада жұмсалатын функция сөзі тілдік құралдардың қарым-қатынас процесінің әр түрлі салаларында «жұмсалу мақсаты, атқаратын ролі, сол салада қолдануға арналуы тиіс» деген ұғымды білдіреді дейді. Демек, бұл терминде, «функция» сөзі рөл, мақсат, арнау деген мағыналарды аңғартатын болса, орыс тіліндегі «функциональный стиль» дегенді қазақша мақсаттық стиль немесе «арнаулы стиль» деген дұрыс бола ма, я болмаса функционалдық стиль туралы әңгіме тілдік қолданыстағы күй-қалпына қатысты болғандықтан «қолданыс стильдері» деп атаған жөн бола ма? Тіл қолданысқа түскенде, әлеуметтік қызмет атқарады, яғни адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасына, олардың әр түрлі әлеуметтік ортасының тіл жұмсау мақсатына сай қызмет етеді, демек талдап отырған терминді «әлеуметтік қызмет стилі» немесе тіпті ықшамды «қызметтік стиль» дегеніміз икемге келер ме еді?

«Қызметтік стиль» деген «функциональный» сөзінің дәлме-дәл аудармасы болмақ, ал жоғарыда айтылғандай, бұл жердегі «функция» сөзінің мағынасы «қызмет» дегеннен гөрі «мақсаттық стиль» деген варианты ұтымды болар.

Енді мақсаттық стильдер дегеніміз не?

Қазақ әдебиетінің мақсаттық стильдері жөнінде 1960-1970 жылдарда монографиялар (оқу құралы) мен мақалалар жазған мамандар М.Балақаев, Е.Жанпейісов, М.Томанов, Б.Манасбаевтар ең алдымен бұл категорияға орыс тіл білімінде бірқыдыру орныққан танымға сүйеніп анықтама береді:

«Стиль – белгілі бір қатынастың түрінде тілдік единицаларды сұрыптап пайдалану арқылы ойды жеткізу мәнерінің көрінісі. ...Стиль дегеніміз өмірдің белгілі бір саласында қолданылып, тарихи қалыптасқан құралдардың жүйесі». Бұл – функционалдық стиль жөніндегі орыс зерттеушілері ұсынған танымның сөзбе-сөз аудармасы. Стиль түрлеріне ажыратуда да қазақ мамандары осы жолмен кеткен: функционалдық стильдердің қалыптасуы мен дамуы заңдылықтарын зерттеудің негізгі көзі тілдің қолданысы болып табылады, бұл қолданыстар белгілі бір жанрға тәуелді болып келеді деген сияқты немесе «жанрға немесе жанрға қатысты бөлінген стильдер айқынырақ танылады» дегендей орыс тілі зерттеушілерінің тұжырымдарын басшылыққа алып, қазақ тілінің де мақсаттық стильдерінің жанрлық стильдерін жанрлық негізде тармақтайды: публицистикалық әдебиет үлгілері көркем әдебиет стилінің, сол сияқты ресми іс-қағаздары мен кеңсе тілінің стилі, ғылыми-техникалық әдебиет стилі деп ажыратады.

Аллитерация және ассонанс. Дыбыстық қайталамалардың көпшілікке танымал түрі – аллитерация. Ғалым Р.Сыздықова дыбыстық қайталамалардың осы түрін өлеңнің үш гармониясын туғызатын тәсілдердің бірі деп санайды [1].

Аллитерация – өлең жолдарының бірдей дауыссыз дыбыстармен қайталанып берілуі болса, ассонанс – бірыңғай дауысты дыбыстармен қайталанып басталуы өлеңнің музыкалық шығармадай құлаққа жағымды естілуі оның мәтініндегі дыбыстық қайталаманың осы түрімен тығыз байланысты. Аллитерация мен ассонанс дыбыстық қайталаманың басқа да түрлері секілді поэзиялық мәтіндерде еркін қолданылып, осы жанрдағы көркемдік әдіс ретінде кеңінен таралған. Қазақтың ұлттық поэзиясының фольклордан бастап бүгінгі кезеңге дейінгі барлық түрінде дыбыстық қайталамалардың қалған түріне қарағанда ассонанс пен аллитерацияның қолданылуының иерархиялық сатысы жоғары деңгейде. Олар тұрмыс-салт жырларында, XV-XVII ғасырларды жыраулар поэзиясында, одан кейінгі дәуір ақындардың өлеңдерінде, әсіресе Абай мен оның дәстүрін жалғастырушы ақындар шығармаларында кеңінен қолданыс тапқан. Мұның өзі аллитерация мен түркі поэзиясына төл тәсіл екенін білдіреді.

Мысалы Әбіш Кекілбаевтың «Елең-алаң» романының тоқсаныншы бетінде мынадай өлең шумақтары кездеседі:

Тұйғын, тұйғын тұйе қыл
Ағайынды жиылдыр
Ақ желегің сала кел
Ақ саусағың мала кел.

Бұл өлең шумағы бірдей дауысты «А» дыбысынан басталып тұр. Яғни дыбыстық қайталаманың ассонанс тәсілі арқылы қолданылып тұр. Бұл өлең әдебиет теориясы бойынша қара өлең түріне келеді.

Қара бас тұйғын,
Сары бас тұйғын,
Ызғыма тұйғын,
Суырма тұйғын,
Сыздама тұйғын.

Бұл өлең шумақтарының соңғы шумақтары қайталанып келіп тұр. Яғни эпифора тәсілі арқылы қолданылған. Романда кейіпкердің аузынан айтылады. Кейіпкер сөзі. Тағы сол сияқты мысалдар:

Жетер-жетер, күйт-күйт,
Басар-басар, күйт-күйт.

Бұл өлең жолдары тек жетер, басар, күйт деген үш сөз арқылы құралып тұр. Соңғы сөзінің қайталанып қолданылуы эпифораға жатады.

Романның 101-бетінде мынадай сөйлем кездеседі: Жылқыны көре келген үлкендер тоқымаға алғаш түсіп мөңкіп жүрген қыл құйрықтардың құлқын бақылап, қайсысынан жорға, қайсысынан жорға, қайсысынан жортақ, қайсысынан тұлпар, қайсысынан тұғыр шығатынын топшылады.

Бұл сөйлемде қайталанып тұрған сөз «қайсысынан» бірыңғай дауыссыз дыбыстардан

басталу арқылы сәйкестендіріліп қайталанып тұр. Қайталанған сөзден кейінгі сөздер «ж», «т» дыбыстарынан басталып, аллитерациялық тәсіл арқылы қолданылған сөйлем. Романның 11-бетінде мынадай сөйлем кездеседі:

Бәрінің де мына дүниеге келісі мен кетісі бірдей екен...

Бәрінің де төбесінде бір аспан...

Бәрінің де аяғының астында бір қара жер...

Бәрінің де көктегі жұлдыздарға қарап ертеңіне бал ашқан далбаса тіршілік.

Бұл сөйлемдердің басталуы бірдей «бәрінің де» деген сөздің қайталанып келуі арқылы жасалып қолданылып тұр. Сөйлемнің басы ылғи бір сөзден басталуы анафора тәсілі арқылы қолданыс тапқан. Жазушының бұл жердегі қолданысы басқа сөз таппағаннан емес, айқынырақ, нығырлап, нақтылай жеткізу үшін қолданылған.

Қайталаманың грамматикалық сипаты тілдің барлық ішкі қабаттарын қамтитын құбылыс екендігінде дау жоқ. Сондықтан қайталама түрі сөз болады. Морфологиялық бірліктер (сөз таптары, қосымшалар, көмекші сөздер) қайталану нәтижесінде стильдік бояуға ие бола алады. Қайталама категориясында шылаулар қайталану жиілігі, соның негізінде стильдік бояуға ие болу мүмкіндігі жағынан көптеген толық мағыналық сөз таптарынан жоғары тұрады. О.Бүркітов өзінің «Қазақ тіліндегі қайталамалардың лингвостилистикалық жүйесі» атты монографиясында сөз таптарының қайталанып қолданылу мүмкіншілігі н жиілігін мынадай сатымен көрсетеді.

- 1) зат есімдер мен етістіктердің қайталануы
- 2) шылаулар мен көмекші сөздердің қайталануы
- 3) есімдіктердің қайталануы
- 4) басқа сөз таптарының қайталануы

Бұл еңбекте шылаулар мен қосымшалардың қайталану ерекшеліктері арнайы талданды. Шылаулардың қайталанып берілуін стилистикада полисиндетсон терминімен белгілейді. Мысалы: Кейбір алаңғасарлар, қапелімде не болып не қойғанын әйтеуір, мылтықтан қорықпайтын не бар дейсің деген бос далбасамен тарс-тұрс атып жатыр, атып жатыр. Бұл сөйлемде етістіктің қайталанып келуі арқылы қолданылып тұр [2, 18].

Автор қайталама сөздерді қолдануда асқан шеберлік тантады. Қайталамалар әсіресе авторлық баяндауда кейіпкер сөзін беруде өте орынды қолданған.

Романда қайталаманың мынадай түрлері көптеп кездеседі.

1. Дыбыстық қайталаманың ассонанс, аллитерациялық тәсілдері арқылы жасалған қайталамалар.

2. Қайталаманың анафора, эпифора тәсілдері.

3. Синтаксистік параллелизм.

4. Дистантты лексикалық қайталамалар.

5. Аффикстік қайталамалар.

6. Контактілі лексикалық қайталамалар.

7. Полисиндетон тәсілі.

8. Қайталама қос сөздер.

9. Синтаксистік қайталамалар.

10. Қайталамалардың морфологиялық сипатына байланысты сөз таптарының барлығы да қайталанып қолданылған.

Қайталама – күрделі жүйе мен құрылымдардан тұратын, парадигмалық және синтагмалық қасиеттерге ие болатын, дыбыстық сөздің, сөз тәркесінің, сөйлемнің, микромәтіннің, абзацтың тіпті мәтіннің қайталанып келуі арқылы жанжақты стильдік қызмет атқаратын, өз ішінен бірнеше түрге бөлінетін, қызмет ауқымы мен тек, түр жағынан басқа стилистикалық айшық түрлерінен әлдеқайда ауқымды келетін лингвостилистикалық категория.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Сыздықова Р. Сөз күдіреті. –Алматы: Санат, 1997. –224 б.
- 2 Шалабай Б. Көркем әдебиет стилистикасы. – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы қазақтың білім академиясының республикалық баспа кабинеті, 1999. –213 б.

РЕЗЮМЕ/RESUME

Жунусова Баян Аманжоловна

Ермекбай Ақылбек Масымханұлы

Академия «Болашак», г. Караганда, Республика Казахстан

ПОВТОРЫ В РОМАНАХ А.КЕКИЛБАЕВА «ПРЕДРАССВЕТНЫЕ СУМЕРКИ»

Термин реприза хоть и является распространенным художественным приемом в лингвистике, но до сих пор некоторые вопросы касающиеся на эти темы еще не получили ответ. Раскрыть полностью лингвистический характер термина репризы и в казахском языке актуально.

В этой статье будут рассмотрены вопросы как структура репризы, языковые качества, в том числе виды и происхождение, относительность к языковой норме и роль в стилистике текста в романе А.Кекилбаева «Предрассветные сумерки».

Ключевые слова: повторение, анафора, эпифора, поэтическое произведение, синтаксическое повторение, морфологическое повторение.

Zhunussova Bayan Amanzholovna

Ermekbay Akylbek Masymkhanuly

Akademy «Bolashak», Karaganda, Republic of Kazakhstan

REPETITIONS IN A.KEKILBAYEV'S NOVELS "PRE-DAWN TWILIGHT"

The term a reprise though is to widespread artistic touches in linguistics, but still some questions concerning on these subjects did not receive the answer yet. To disclose a polnost linguistic character of the term of a reprise and in Kazakh it is urgent.

In this article will questions as structure of a reprise, a quality yazykova, including types and an origin, relativity to language norm and a role in text stylistics in A. Kekilbayev's novel "Pre-dawn twilight" are considered.

Keywords: repetitions, anaphora, epifor, poetic work, syntactic repetitions, morphological repetitions.

List of references:

- 1 Syzdykova R. Soz kudireti. – Almaty: Sanat, 1997. –224 b.
- 2 Shalabai B. Korkem adebiet stilistikasy. – Almaty: Y.Altynsarin atyndagy qazaktyn blim akademyasynyn respublikalyk baspa kabineti, 1999. –213 b.

ӘОК 821.512

Райхан Нәлжігітқызы Исмаилова,

raihan-a@mail.ru

Меруерт Қалдыбекқызы Сейітова

mikon_seitova@mail.ru

«Болашак» академиясы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ САЛАЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ ДАМУ АРНАЛАРЫ

Мақалада XX ғасыр басындағы технологияға байланысты туындаған қазақ тіліндегі жана терминдер жайы сөз болады. Сонымен қатар қазақ терминологиясына зор еңбек сіңірген ғаламдар зерттеулері мен олардың қазақ терминологиясы арқылы әдеби тілімізге енгізген жаңалықтары жан-жақты талданады.

Кілтті сөздер: қазақ терминологиясы, қазақ басылымдары, өркениет, технология, әдеби тіл, интернационалдық терминология.

Жалпы XX ғасыр бас кезіндегі ғылымға тән басты ерекшелік – ұлттық мүдде қай

ұстанымдағы, қандай бағыттағы қоғам қайраткерлері, ғалымдар мен ақын-жазушылардың зерттеулері немесе шығармашылығында болмасын ортақ тақырып ретінде көрініс тапты. Олар өз ұлтының өзге өркениетті елдердің қатарынан көрінуін аңсап, ел тілегінен шығу үшін бар күш-жігерлерін, азаматтық ұстанымдарын қазақ ғылымын, әдебиеті мен мәдениетін, ұлттың рухын шырқау биікке көтеруге жұмсады. Қала берді сол ұлы мұрат жолында жандарын құрбандыққа да шалды. Әлемдік геосаяси жағдай ушығып, жолайырыққа келіп тірелген қазақ халқының алдында тұрған асқаралы мақсаттарды әрқайсысы өз шама-шарқынша, ой-өрісінің жеткен қырынан тани отырып, негізгі мәселе ретінде қоя білді.

Осы бір феномен ірі тұлғалардың ғылыми зерттеулері мен мақалалары, еңбектері арқылы жазба әдеби тіліміз бен ғылымымыз өркендеп, сан-салалы тақырыптар мен тың мәселелерді қамтып тарамдала түсті. Қалыптасқан әлеуметтік-қоғамдық жағдайлар қазақ ғылымын бұрын-соңды болмаған деңгейге көтеріп, оның ой-сана оянуының басты құралына айналуына ықпал етті. Ол жағдайлар атап айтсақ:

Біріншіден, оқу-ағарту жұмысының бұрынғы кезеңдерге қарағанда біршама жақсы дамуы.

Екіншіден, XX ғасыр басында қазақ халқының сауаттылығын арттыру мақсатында мектептер мен оқу орындарының ашылуы.

Үшіншіден, XX ғасыр басында ғылым мен өркениеттің, әдебиет пен мәдениеттің құлашын кеңге жайып, өркендеуіне қазақ баспасөзінің дамуының ең басты қозғаушы күш болғанын атап өтуіміз керек. «Айқап», «Қазақ», «Қазақстан», «Ешiм даласы» сияқты баспасөз беттерінде ұлт зиялыларының ірілі-ұсақты өкілдері өз еңбектерін, ғылыми мақалаларын жариялап отырды. Бұл басылымдар өз кезегінде жаңа шығармаларға сын айтып, бағыт-бағдар берді.

Ұлт зиялыларының отаршылдыққа қарсы күресте елдің басын біріктіріп, саяси-күреске ояту іс-әрекетіндегі көздеген мақсаттары олардың ғылыми еңбектерінде айқын көрініс тауып отырды. Жалпы XX ғасыр басындағы ғылымға тән тағы бір ерекшелік – әлеуметтік-саяси, қоғамдық мәселелерді көп көтергендігі. Отаршылдық талқысы езіп-жаншып, жері талан-таражға түскен, халқының тоз-тозы шыққан, бірліктен кетіп, берекесінен айырылған елінің қара түнектегі жағдайы қай бағыттағы ұлт зиялыларының болмасын ойландырмай қоймады. Сол себепті бұл кезеңде қазақ ғылымы жандана түсті десек қателеспейміз.

Ұлт зиялылары мен оқығандары өз ұлтының орыс отаршылдарының езгісінде тапталып жатуының басты себебі, ең алдымен, білім-ғылым жоқтығынан, қараңғылығынан деп білді. Сондықтан Абай өсиет еткен «Мақсатым тіл ұзартып, өнер шашпақ» деген қағиданы берік ұстанды. Ал, өнер-білімге, оқуға үндеу XX ғасырдың басында түрлі формада өрбіді. Яғни ғылымда да, мәдениетте де, әдебиетте де басты тақырып осы, яғни оқу-ғылым-білім мәселесі болды.

Негізінен ғылым-білімнің дамуына байланысты тілде жаңа ұғымдар, оларды белгілейтін жаңа сөздер туып отыратыны белгілі. Ал сол сөздер ғұмырының ұзақ не қысқа болуы сол ғылымдардың өмірде алатын орнына, практикалық мәніне байланысты екені сөзсіз. Сондықтан қазақ тілінің ғылыми тілі Қазан төңкерісінің алдындағы күйімен салыстырғанда, бұл кезеңде қарқынды дамыды, салалық терминологиялық қордың қалыптасуына қарай тез байыды. Алайда сол кезеңдегі тіліміздегі үдерістердің дамуына қарай лексикамыздың толығу, нормалану жүйелері толық аяқталды деп айта алмаймыз. Бұл үрдіс қазақ тілінің салалық терминологиясында әлі де жүріп жатыр, болашақта да өз ретімен жүре де бермек. Осыған орай түрколог Н.А.Баскаков өзінің еңбегінде Кенес Одағында тұратын халықтардың көпшілігінің тілі мен терминологиясының дамуын 3 кезеңге бөледі:

1.1917-1929 төңкерістен кейінгі кезең, яғни ғалым өз еңбегінде бұл кезеңде қабылданған терминдерді сынға алып, саралауға тырысады. Бұл уақытта терминдердің белгілі бір ұғымның тура мағынасын бере алмағандары қайта қаралып, олардың орнына жаңа атаулар алынғандығын көрсетеді. Мысалы, ортақшыл-коммунизм; бейбауырмалдық-интернационалдық, кертартпалық-консерватизм, қиял-утопия, т.б.

2.1929-1945 жылдар аралығы. Бұл мезгілде терминология социалистік құрылыстың кезеңімен сәйкес келгендігін, стихиялы түрде орыс тілінен және интернационалдық терминологиядан сөздер енгендігін, осыған сәйкес ұлт зиялылары ұлттық терминология жасауға тырысқандығын айтады.

3. Ұлы Отан соғысынан кейігі кезең, яғни терминология саналы түрде ана тілі негізінде және орыс тілі арқылы жасалғандығын айтады [1, 59].

Қазақ ғалымдарының ішінде Р.Сыздықова тіліміздегі атау сөздердің, яғни терминдердің қауырт молығуын, яғни қазақ тілінің лексикалық қорын төрт кезеңге бөліп қарастырады:

- 1) өткен ғасырдың екінші жартысы;
- 2) 1920-30жылдардың арасы;
- 3) 1970жылдардан басталады;
- 4) соңғы жылдар, яғни 1990 жылдың ортасынан қазіргі кезге дейінгі аралық [2, 28].

Ғалымдардың тұжырымдарын зерделей келе, біз жалпы ғылым тілінің қалыптасуының өзінде түрлі кезеңдерін болғандығына куә болдық.

Негізінен кез келген жаңа қоғамдық құрылыс жаңа түсінік, жаңа ұғымдарды өмірге әкелсе, олар өз кезегінде тілімізде жаңа атауларды, жаңа сөздер мен сөз орамдарын туғызады. Бұларды тілімізге сіңіру, тұрақтандыру және дұрыс қолдану бағытында бірсыпыра жұмыстар атқарылады. Ш.Мажитаева өз еңбегінде «Қазан төңкерісінен кейін Кеңестер Одағындағы ұлттардың бірсыпырасының тілі мемлекеттік мәртебе алып, ұлттық әдеби тіл дәрежесіне көтерілуге бет бұрғандығын» айтады [3, 130].

Мұның өзі жаңа әлеуметтік қоғамдағы қазақ тілінің дамуына, әсіресе оның салалық терминология саласының баюына тигізген әсері мол болғандығын көрсетеді. Себебі ел өміріне кіре бастаған саяси, мәдени, экономикалық жаңалықтар тілдің сөздік құрамына мынадай өзгерістерді енгізді:

1. Жаңартып сөздік қорымызды толықтырды.
2. Мемлекеттік, саяси-қоғамдық, бұқаралық жұмыстар ана тілімізде жүргізілді.
3. Баспасөз, ғылым, әдебиеттің дамуына, тілдегі қыруар байлықтардың сұрыпталып, нормалануына жол ашылды.

Осыған орай ХХ ғ. 20-30 жылдарынан бастап ұлт зиялыларының көмегімен қазақ халқының ғылыми тілі қалыптаса бастады. Аталған кезеңде жаңа термин жасауда өнімді тәсілдердің бірі лексика-семантикалық тәсіл болды. Тіліміздегі байырғы төл сөздер ешқандай фонетикалық, грамматикалық өзгеріске ұшырамай-ақ терминдік мағынаға ие болды. Мысал ретінде Алаш зиялыларының еңбектерінен үзінді келтіре кетейік: «Бұл нируалар қызметтеріне қарап екіге бөлінеді... Бұл нируалар - сезу нируалары». «Осы сиқырды пән тілінде көз байлау (гипноз) деп атайды [4, 37]. Осы мысалдардағы тілімізде бұрыннан қолданып келген байырғы сөздердің (асты сызылған) жаңа мағынада жұмсалып, қолданылу аясының кеңейгенін байқауға болады.

Қазақ тіліндегі кейбір жұрнақтар жаңа сөз жасауда белсенді қызмет атқара бастады. Бұндай жұрнақтар қатарына шы/ші, лы/лі, лық/лік, ма/ме, шыл/шіл, шылық/шілік, ыс/іс, кер/гер т.б. жатады. Мысалы, жұмысшы, стахановшы, еңбекшіл, екпінді, төрешілдік, баяндама, өнерлі, төңкеріс, айналым, көшірмелі, өзгеріс, шығарма, кеңсешілдік, салыстырма т.б. сол секілді 1920-30 жылдары орыс тілінің кейбір етістіктері қазақ тілі аффикстерін жалғау арқылы берілген: ремонттау (ремонтировать), кәмпескілеу (конфисковать), көпийскатсиалау (проводить конфискацию), мобилизатсиалау (мобилизовать), унификатсиалау (унифицировать), эксплоататсйалау (эксплуатировать), экспроприатсйалау (экспроприировать) т.б.

1924 жылы облыстық атқару және селолық кеңестік комитеттеріне, Қазақ өлкелік комитеттері мен мекемелеріне арналған кеңсе тілінің терминдері мен сөздерінің тізімі жарияланды. Бұл тізімде қырық бес термин мен сөздің орысша және қазақша нұсқалары берілді. Онда мына тәрізді сөздер мен сөз тіркестері бар: акт-әкті, адрес-әдріс, архив-ескі ісхана-арқип, ведомость-дәптер, выписка-теріп көшіру, входящая бумага-кірме қағаз, деловые бумаги-іс қағаз, доверенность-әділдік, документ-ыспаттама, герб-таңба, гербовая печать-таңбалы мөр, копия-көшірме, командировка-жұмсау, печать-мөр, подпись-қол қою, образец-үлгі, регистратор-тіркеуші, резолюция-қарар, свидетельство-куәлік, справка-анықтама, штамп-таңба, мөр, срочно-тығыз т.б.

Орыс тіліндегі терминдерді қазақшаға аудару барысында тіліміздегі көптеген жұрнақтар - лық /-лік, -ыс/-іс, -ма/-ме сияқты аффикстер белсенді қолданылып, сөзден сөз тудыру қабілеті мейлінше кеңейгендігі байқалады: кружок-үйірме, уравнение-теңгерме, колебание-тербеліс,

переворот-төңкеріс, доказательство-дәлелдеме, решение-шешім, донесение-хабарлама, пятилетка-бесжылдық, составной-құрама т.б. Сол секілді аударма процессінде де калькалау тәсілі өнімді амалдардың біріне айналды, яғни орыс тілінен не орыс тілі арқылы кірген сөздер мен сөз тіркестері тілімізге сол мағынада сөзбе-сөз аударылып алынды. Мысалы: агитатор-үгітші, красная изба-қызыл үй, дословно-сөзбе-сөз, площадь многоугольника-көпбұрыш ауданы, заработная плата-жалақы (еңбекақы), рукопись-қолжазба, самокритика-өзара сын, центральный исполнительный комитет-орталық атқару комитеті, легкая промышленность-жеңіл өнер кәсіп т.б. Бұл кездегі термин жасаудағы негізгі көзделген мақсат – олардың қалың бұқараға, халыққа түсінікті болып, қоғамның барлық саласына тездетіліп таратылуы еді. Ал бұл рөлді сол кезеңде шығып тұрған мерзімді басылымдар мен сөздіктер, әр түрлі екі тілді тілдескіштер атқарды. Мысалы, бұл туралы А.Байтұрсынов өз ойын былай атап көрсетеді: «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі дара сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін алмастыра-алмастыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей айрылып қалуы мүмкін. Сондықтан, мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын, қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек. Сонда біздің әдебиетімізде таза тіл болады».

XX ғасыр басында тіліміздегі кірме сөздер, халықаралық терминдер қазақ тілінің дыбысталу заңдылықтарына бағынып қолданылады. Қоғам қайраткері, ұлт зиялысы Н.Төреқұловтың: «Қазақ тілінде кіретін жат сөз болса, қазақтың тымағын киіп, жалпақ қазақ сөзі болып кіретіндей болуы керек» - деген сөзі орыс тілінен аударылмайтын терминдерді өз тұлғасын қазақ тілінің үндестік заңы бойынша өзгертіп алынуына әкелді. Мысалы, зауыт-завод; алгебра-алгебра; ғырам-грамм; газ-газ; мінөт-минута; іспірабкі-справка; пійзійке-физика; пыраба- право; кәмісіе-комиссия т.б.

1924жылы Ташкентте шыққан “Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» деген кітапшасында Х.Досмұхамедұлы қазақ тіліне терминдерді басқа тілдерден орынсыз алмау, алған күнде өте сақтықпен, тілдің өз заңына сәйкестендіріп қабылдауды ұсынады. Басқа тілден енген сөздерге қосымшаны да дыбыстық заңына бағындырып қолдану керектігін айтады. Ғалым тілдің ежелден келе жатқан заңдылығын жойып алмау қамын ойлаған.

Негізінен бұл кезеңде қазақ тілінің емлесі мен терминологиясы көбіне стихиялы түрде жасалынды. Оған қазақша ғылым тілінің дамып қалыптасуына Қазақстанда білікті маман кадрлардың жоқтығы үлкен кедергі болады. Жаңа терминдерді практикалық жұмыс барысында түрлі оқулықтардың, кітаптардың және мақалалардың авторлары, аудармашылар т.б. әркім өз бетінше қолданды, термин алу жұмысын басқарған бір орталық болмады, сондықтан бұл мәселе жөніндегі әр автордың субъективті көзқарасы орын алды. Дегенмен төңкерістен кейін шыққан ғылыми кітаптарда, көркем әдебиетте, оқулықтарда тіліміздегі байырғы сөздер жана мағынада жұмсалып, қолдану аясы кеңейді. Мәселен, бірқатар сөздер философиялық ұғымдарды білдіруде кеңінен пайдаланылды: болмыс-бытие, түйсік-ощущение, түсінік-представление, тән-тело, ұғым-понятие, зат-вещь, дүние-мир, алғашқы-первично, соңғы-вторично, т.б.

Мектептерде, жоғарғы оқу орындарында қызмет істей жүріп, жас ұрпақтың жан-жақты білім алуын көздеп, оларды жаңа заман талабына сәйкес тәрбиелеу үшін жазылған кітаптар, оқу құралдары, терминологиялық сөздіктер, мерзімді басылымдар қазақ тілінде ғылыми терминдердің тууына, қалыптасуына, сондай-ақ көпшілік бұқараға үздіксіз таратылуына негіз болды. Ғылымның әр саласын қамтыған көптеген терминдер алғаш мерзімді баспасөз беттерінде жарияланып, ғалымдар арасында талқыланып, содан кейін барып Мемлекеттік терминология комиссиясында қабылданып жатты. Осы терминдер арқылы жоғарғы оқу орындарына оқулықтар, ғылыми -техникалық әдебиеттер, экономика саласындағы кітаптар аударылды. Ғылыми стильдің дамуына осы еңбектер мен оқулықтардың қазақ тілінде көп басылыммен басылып шығуының да маңызы зор болды. Осы кездегі шыққан ұлт зиялыларының зерттеулерін, мерзімді баспасөз беттерін, кітаптарды, оқу құралдарын, конференция материалдарын қарағанда кез келген тілдік тұлғаның көзіне бірден түсетіндей мынадай нәрсені анық байқауға болады: Қазан төңкерісінен кейінгі жылдарды, яғни 1917-1930 жылдар аралығында түркі тілдес республикаларда термин алу, термин жасау мәселесі төңірегінде негізгі төрт бағыт болған. Оларды кеңестік жүйені қолдаушылар былай деп жіктеді:

Ғалымсымақтар немесе панисламистер;
Еуропашылар;
Пантүркішілер;
Демократшылар(бұқарашылдар).

Соның ішінде панисламистер дегеніміз – әдеби тілде араб-парсы сөздерін сақтап қалуға тырысушылар. Еуропашылар-өздерін алдыңғы қатарлы төңкерісшілдерміз, әдеби тілді байыту үшін мәдениетті елдерден, яғни Россиядан және орыс тілі арқылы шет елдерден сөздер қабылдау керек деушілер. Олар орынды-орынсыз, керексіз жерлерде де кірме сөздерді қолданып, әдеби тілді варваризмдермен шұбарлады. Пантүркішілер – осман тілін жақтаушылар, яғни барлық түркі тілдес республикалар халқының ортақ бір тілде сөйлеп, жазып, қатынас жасауын қолдаушылар, қолдан жасанды ортақ түркі тілін жасаймыз деушілер. Халықшыл -бұқарашылдар (народники- демократы) жаңа термин іздегенде басқа жат тілден емес, тек халық тілінен атау іздеу, егер онда жоқ болса, онда жаңа ұғымға халық тіліндегі сөздердің түбірінен жасанды атаулар жасау керек деп түсіндірді. Мұндай құбылыс бір кезде орыс тілінде де болған. Мысалы, галошты «мокроступы», лифтіні «верхподыматель», тротуарды «гуляльбище» деп алған болатын. Әрине, ол сияқты атаулар орыс тілінде көп тұрақтамады. Ал халықта бар сөздер түбірінен жасалынған орыс тіліндегі «паравоз» «усовершенствование», «развитие», «самолет» сияқты сөздер әдеби нормаға айналды. Қазақ тілінде де осы секілді атаулар пайда болды отарба- паровоз, поезд-желкеме, самолет-әуекеме, шайтанарба-велосипед, ортақшыл-коммунист, кіндік-центральный, жихангер- империалист, әдісшіл-методист, алпауыт-помещник, бейбауырмал- интернационалист т.б.

Сонымен 1920-30 жылдары тек қазақ тілі ғана емес, жалпы барлық түркі тілдес республикалардың терминологиясының, ғылым тілінің қауырт дамуындағы ерекше кезең деуге болады. Қоғамдағы болып жатқан саяси-әлеуметтік, экономикалық өзгерістерге байланысты келген мыңдаған ұғымдарға тілімізден бірден балама атаулар табу қиын болды. Сондықтан 20-30 жылдары жаңа сөздерді жасауда, қабылдауда қазақ тілінің қолтума сөздерінен сұрыптап алу, қазашасы болмаса, араб-парсы немесе түркі тілдерінен іздеу, оларда жоқ болса ғана Еуропа тілдерінен алу керек деген пікір басым болды. Оқулықтар, оқу құралдарын құрастырып жазу барысында салалық терминологияны жасауда, яғни пән атауларын қалыптастыруда 20-30-жылдары, негізінен, дұрыс принцип ұсталынды.

Қорыта айтқанда, аталған жылдары қазақша ғылым тілінің қалыптасып дамуына мерзімді баспасөздің, оқулықтар мен оқу құралдырының, сөздіктердің тигізген әсері зор болды.

Аталған дүниелердің қазақ қоғамында пайда болып, туып, қалыптасуына, әлеумет қажетіне жарауына орасан зор еңбек еткен әрине, ұлт зиялылары болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қалиев Ғ., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. –Алматы: Мектеп, 1979.
- 2 Сарыбаев Ш., Нақысбеков О. Қазақ тілінің аймақтық лексикасы. –Алматы: Ғылым, 1989.
- 3 Омарбеков С. Халықтық тіліміздегі тектес тілдермен ортақ құбылыстар. –Алматы: Ғылым, 1978.
- 4 Нұрмағамбетов Ә. Жергілікті тіл ерекшеліктерінің төркіні. –Алматы: Мектеп, 1985.

РЕЗЮМЕ/RESUME

Исмаилова Райхан Налжигитовна

Сейтова Меруерт Калдыбековна

Академия «Болашак», г. Караганда, Республика Казахстан

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ САЛАЛЫҚ

ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ ДАМУ АРНАЛАРЫ

В данной статье будет идти речь касательно казахской многоотраслевой технологии XX века, ее происхождения, развития а также широкого использования. Также в статье будет говориться об ученых Казахстана, которые внесли огромный вклад в развитие казахской

терминологии, и непосредственно были задействованы во внедрении системы по использованию казахской терминологии в обыденной речи.

Ключевые слова: казахская терминология, казахское издательство, цивилизация, технология, литературный язык, интернациональная терминология.

**Ismailova Raykhan Nalzhigitovna, Seytova Meruert Kaldybekovna
Akademy «Bolashak», Karaganda, Republic of Kazakhstan**

This article will talk about the Kazakh diversified terminology of the XX century, its origin, development and wide use. The article also has an important information about the scientists of Kazakhstan who made an enormous contribution to the development of Kazakh terminology, and who was directly involved in the implementation of the system on the use of Kazakh terminology in everyday speech.

Keywords: qazakh terminology, qazakh publishing house, tsvlization, technology, literary language, internatsionalnny terminology.

List of references:

- 1 Kaliyev G., Sarybayev Sh. Qazakh dialektologiyasy. – Almaty: Mektep, 1979.
- 2 Sarybayev Sh., Nakysbekov O. Qazakh tilinin aimaktyk leksikasay. – Almaty: Gylym, 1989.
- 3 Omarbekov S. Halyktyk tilimizdegi tektes tildermen ortak kubylystar. – Almaty: Gylym, 1978.
- 4 Nurmagambetov A. Zhergilikti til erekelikterinin torkini. – Almaty: Mektep, 1985.

ӘОК 81.366

Жанболат Мақсатұлы Баймұрынов

janbolat_b_m@mail.ru

Гүлзия Армия Берікқызы

armya_gul@mail.ru

«Болашак» академиясы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕКІҮШТЫЛЫҚТАР

Мақалада қазіргі қазақ тіл біліміндегі екіүштылық мәселесінің өзекті екені айтылып, оған талдау жасалады. Себебі жазу тілінде кездесетін семантикалық екіүштылық мәселесі әдеби тіліміздің функционалды стильдерінің бәріне қатысты болып отыр. Көркем әдебиет, публицистика және ғылыми стильдегі мәтіндер тіліне талдау жүргізіп, әр стильдің ерекшелігі, олардағы семантикалық екіүштылық жиілігі салыстырылды. Автор бұрын-соңды жарық көрген зерттеулер негізінде өзінше ой тұжырымдауға, өзінше дәлелдемелер мен дәйек ұсынуға талпыныс жасаған. Семантикалық екіүштылықтың лингвистикалық табиғаты аса күрделі, себебі бұл мәселе лексикамен де, грамматикамен де ұштасып жатады. Әдетте семантикалық екіүштылықтың орын алуына екі себеп бар. Оның біреуі автор сауатсыздығынан орын алса, келесі біреуі мақсатты түрде жасалады, яғни автор мұндай жағдайда сол қолданыс арқылы стилистикалық реңк беруі мүмкін. Қазақ мәтіндеріндегі семантикалық екіүштылықтарды зерттеу қазіргі білім беру ісіне қажет деп есептейміз. Сондықтан мақала материалын орта және жоғары білім беру орындарында қосымша құрал ретінде пайдалануға болады.

Кілтті сөздер: семантикалық екіүштылық, сөйлем, синтаксистік екіүштылық, лингвистика, субъект, предикат.

Тілдегі қос мәнді екіүштылықтардан құтылу жолдарының бірі – айтылмақшы ойдың мән-мағынасын нақты айқындап алу, соған сәйкес сөйлемді грамматикалық жағынан дұрыс айқындау, логикаға сай құра білу. Сөйлемнің құрылымын дұрыс айқындау, логикаға сай құра білу оның мағынасын, мазмұнын толық, нақты жеткізу үшін өте қажет. К.Аханов «Тіл білімінің негіздері» атты кітабында ой-тұжырымының, пайымдаудың мағынасы және субъектісі мен предикаттың дәлме-дәл айқындап алудың сөйлемдегі екіүшты қате қолданысты болдырмау үшін қаншалықты маңызды екенін атап көрсете отырып, төмендегідей мысал келтіреді:

«Институтта оның сөйлеген сөзі жылы жүзбен қарсы алынды». «Бұл сөйлемді контекстен бөліп алып қарағанда, оның мағынасының күңгірт, екіұшты екені аңғарылады. Бұл сөйлемнің осылай құрылуынан әңгіме «институтта сөйлеген сөз» жайында ма, әлде «сөйлеген сөздің институтта жылы жүзбен қарсы алынуы» жайында ма, ол арасын дөп басып ажыратып айту қиын. Басқаша айтқанда, бұл институтта деген сөздің субъект пен предикаттың қайсысына қатысты екені белгісіз» деп жазады К.Аханов. Бұл жерде логикада субъект термині пайымдаудың, ой-пікірдің затын білдіретін, ал лингвистикада бастауышты білдіретінін, сондай-ақ логикада предикат терминінің пайымдаудың затының мазмұнын ашатын және оны анықтайтын түсінікті аңғартатынын, лингвистикада предикаттың баяндауышты білдіретінін нақтылап өту керек.

К.Аханов жоғарыдағы келтірілген мысалдағы екіұштылықты жою үшін сөйлемнің синтаксистік құрылысын өзгерту қажет екендігін атап көрсетеді. «Егер әңгіме басқа жердегі емес, институттағы сөйлеген сөз жайында болса, онда сөйлемді «Оның институтта сөйлеген сөзі жылы жүзбен қарсы алынды» деген түрде құру керек. Ал егер әңгіме оның сөйлеген сөзінің институтта жылы жүзбен қарсы алынуы жайында болса, онда ол ой «Оның сөйлеген сөзі институтта жылы жүзбен қарсы алынды» деген түрде айтылуы шарт» деп тұжырымдайды К.Аханов [1, 52].

Сөйлемдегі тілдік бірліктердің мағыналарының бір-біріне өз ара әсері қос мәнділіктердің туындауының тағы бір көзі, осы фактор ескерілмеген жағдайда тілдік қателіктерге жол ашылады. «Әйімкүл Шоңның жанды жері – өмір бойы айнымаған асыл жары» [2] деген себептес салалас сөйлемді талдап көрейік. Бұл салалас сөйлемнің екінші жай сөйлемі іс-әрекеттің себепін, алдыңғысы сол себептен туған нәтежие, салдарды білдіріп тұр (сал. «Әйімгүл Шоңның жанды жері, өйткені өмір бойы айнымаған асыл жары»). Бірақ, «жанды жер» деп әдетте адамның осал, алдымен сыр беретін жерін айтады, демек, Шоңның әйелі оның осал жері болса, онда әйелінің «өмір бойы айнымаған асыл жар» болғаны күмәнді болып шығады. Соған орай «жанды жер» тіркесі екіұшты,тіпті, комикалық мағына беріп тұр. Бірақ, мақала комика тудыру мақсатында емес, Шоң бидің ұлағатты істерін көрсету үшін жазылған. Автордың осылай «жанды жер» тұрақты сөз тіркесінің мағынасын және тілдік бірліктердің өз ара әсерін есепке алмағаны қос мәнділіктің туындауына негіз болған.

Осы мақаладағы: «Айтпағымыз, сонау бір тарихи сын сағаттарда елге пана, адами болмысымен үлгі бола білген құндылықтарымызды өркениетті әдіс-тәсілдермен тексеріп, түгелдейтін мезгіл де келіп жетті» [2] деген сөйлемдегі құндылықтар сөзі дұрыс қолданылмай, екіұшты мағына беріп тұр. «Құндылық» деп ұлт үшін қадірлі ұғым-түсініктер, ұстанымдар немесе қандай да бір материалдық дүниелер айтылуы мүмкін. Бірақ, ол адамға айтылмайды, оны адамға қолдану оны затқа теңеу тәрізді болып, тұлғаны көтермелеудің орнына кері мағына береді.

Мұндай екіұштылықтардың бәрі де сөзді, сөз тіркестерін дұрыс таңдау, олардың семантикалық құрылымын, мағыналық кеңістігін ескеру арқылы жойылады.

Қос мәнділіктердің тағы бір бөлігі анықтауыштан соң екі бірдей есім келген жағдайда туындайды.

«Аздаған аяз бен дауыл болды» деген сөйлемде аздаған аяз болды ма немесе аздаған дауыл болды ма, сол арасын ажырату қиын болғандықтан, екі қатарлас мағына туындап, екіұштылық пайда болған. «Бөлмеде үлкен мұздатқыш пен үстел тұр» (не үлкен мұздатқыш та, үстел де үлкен бе, әлде тек мұздатқыштың өзі үлкен бе?); «Жолдың жиегінде жақында ғана егілген гүлдер мен бұталар жайқалып өсіпті» (жақында егілген тек гүлдер ғана ма, әлде бұталар да жақында егілген бе?) деген сөйлемдерде және осы типтес басқа да сөйлемдерде анықтауыш мүшенің қайсы есімге қатысты екенін аңғару қиын болмағандықтан қос мәнді сөйлемге айналған.

Бұлар синтаксистік екіұштылықтардың тобына жатады. Оларды болдырмау үшін сөйлемнің синтаксистік құрылымын өзгерту керек. Айталық, алғашқы сөйлемді «Аяз бен аздаған дауыл...» немесе «Дауыл мен аздаған аяз...» деп өзгертсек анықтауыштың қайсы зат есімді анықтап тұрғаны нақтыланады.

Сол сияқты қаратпа сөздерді дұрыс орналастырмау, олардан соң қажетті тыныс белгілерін қоймау да қос мәнділікті пайда етеді.

«Маржан, Әсел мен Лаура біздің үйде» деген сөйлемді алайық. Егер «Маржан» сөзі қаратпа сөз болса, Әсел мен Лаураның үйде отырғаны Маржанға хабарланып тұрады, ал «Маржан» сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің бірі болса үйде үш қыздың отырғаны әлдекімге

хабарланады (сал. 1.Әй Маржан,сенің құрбыларың Әсел мен Лаура біздің үйде отыр. 2. Біздің үйімізде үш қыз – Маржан, Әсел, Лаура отыр). «Сіздің досыңыз, Артықбай аға, қазір ғана аулада жүр еді» деген сөйлемде де Артықбай аға деген қаратпа сөз бе немесе оңаша айқындауыш па белгісіз (сал. 1. Артықбай аға! Сіздің досыңыз қазір ғана аулада жүреді; 2.Сіздің Артықбай деген досыңыз қазір ғана аулада жүр еді). Ауызекі сөйлеу кезінде осы типтес сөйлемдердің мағыналары интонацияның арқылы немесе сөйлеу процесі өтіп жатқан жағдаяттың көмегімен нақтыланады. Жазу үдерісінде мұндай сөйлемдер контекст арқылы бір мағыналы болып айқындалмаған жағдайда сөйлемдерді қайта құру, басқаша тыныс белгілерін қою (мысалы қаратпа сөзден соң леп белгісін қоюға болады), синоним сөздерді пайдалану т.б. арқылы олардың қажетті мағыналары нақты беріледі.

Жалпы сөздердің синтаксистік байланыстарынан туындайтын екіұштылықтардың түрлері көп, олар тіпті мақал-мәтелдерде де кездесіп тұрады.

«Қыз құшпаған ер арманда,

Қызғалдақ жемеген қозы арманда» [3], - деген мақалда да екіұштылық бар (1. Қыз құшқан ер адам – бұл жағдайда қыз іс-әрекеттің субъектісі, оны атқарушы, жүзеге асырушы болады; 2. Қызды құшқан ер адам – бұл жағдайда, керісінше, әрекетті жүзеге асырушы субъект ер адам болады; контекст осы екі мағынаның да актуалденуіне мүмкіндік беріп тұр). Бұл тілдік конверсия құбылысының бір көрінісі. Лексикалық конверсияның мәні Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте төмендегіше сипатталады: «Мәтінде белгілі бір әрекетті әрқилы, оқиғаның бір қатысушысынан екіншісіне және де қарама-қарсы бағыттарда көрсете отырып, конверсивтер салғастырмалы құрылымдарда қолданылады, мұндай құрылымдар тиісінше тікелей және қарсы рөлдік құрылымды болады: конверсия бойынша өзгертілген кездері сөйлемдегі субъект пен объектінің рөлдері орын ауысып тұрады» [4, 234].

Айтылымның мағынасын қабылдаушының дұрыс түсінбеуінен екіұштылық туындамау үшін сөздердің әрқилы лексикалық топтарының (архаизмдер, неологизмдер, диалектілік сөздер, кәсіби лексика, арго т.б.) қалың қауымға қаншалықты ұғынықты екеніне мән беріп, халықтың кейбір бөлігіне мәлім емес сөздерді қолданбау керек.

« Өзінді ер білсең,

Өзгені шер біл» [5, 69].

Бұл мақалдағы «шер» сөзінің мағынасы «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» қайғы-қасірет, мұң-зар деп берілген. Ал оған омоним болатын «шер» сөзін (мағынасы жолбарыс, барыс) түсіндірме сөздіктерден кездестіре алмадық. Бірақ осы мағынадағы «шер» сөзі ауыз әдебиетінде, жыр-дастандарда кездесіп, көбіне батыр, ер жүрек деген ауыспалы мағынасында қолданылады. «Қисса Көрұғлы» дастанында:

«Кейін қалды қырық жігітім, ерлерім,

Шарап берген қырық арыслан, шерлерім.

Қан төгілер осы бүгін кез болды,

Ғаусыл, ағзам, келгін бері,пірлерім» [5,153], - деген шумақ бар. Бұл сөздің осы мағынасының (шер-жолбарыс, барыс) түсіндірме сөздіктерге неге кірмей қалғанын білмедік. «Шер» сөзінің жолбарыс деген мағынасы бар екенін білмейтіндер, әсіресе, жастар жоғарыдағы мақалдың мағынасын түсінбей, «Неге өзімді ер білсем, өзгені қайғылы-қасіретті деп білуім керек» деп таң қалуы әбден мүмкін.

Осы аталып өтілген тілдік қателіктерді, соның ішінде екіұшты қолданымдарды, әсіресе, қос мәнді сөз қолданыстарын болдырмау үшін семантикалық екіұштылықтарды зерттеп-зерделеп, олардың туындау негіздерін анықтаудың маңызы зор. Әрине, «...өткен өмірдің көріністерін, рухани, материалдық мәдениетін толығырақ білгісі келетін, ұмыт бола бастаған этнографиялық кейбір ұғым-түсініктерді зерделей білетін өскелең ұрпақтардың да бой көтеріп келе жатқаны» [6] қуантады, дегенмен тіл мәдениетін көтеру тілтанушы ғалымдардың басты міндеттерінің бірі деп пайымдаймыз. Белгілі ғалым Р.Сыздықтың пікірінше: «Мемлекеттік ұлттық тілдің баршаға ортақтығы осы тілді қолдануда белгілі бір заңдылықтардың, яғни нормалардың болуын талап етеді. Тілдік нормалар оның барлық қаттауында: сөздік саласында (лексикасында), грамматикасында дыбыстар жүйесінде, стильдік-көркемдік тәсілдерінде болуы шарт» [7, 120].

Сөйлеу үдерісінде осындай нормаларды сақтау, тіл мәдениетін көтеру, көркем де әдемі сөйлеп-жаза білу, сөйлемді түсінікті, нақты құру үшін тілдегі семантикалық екіұштылықтарды зерттеп-зерделеп, олардың сөз қолданыстардағы рөлін анықтау қажет екендігі сөзсіз.

Қос мәнді екіұштылықтар автор немесе қабылдаушы тарапынан туындайтын тілдік

қателіктердің бірі деп тұжырымдаймыз. Мұндай екіұштылықтар коммуникация әсеріне, тіл мәдениетіне кері әсерін тигізеді.

Жастар жаргонының әсерінен болған екіұштылықтар. Кез-келген тілдің лексикасы тілдегі неғұрлым тез өзгеріске түскіш бөлігі болып есептеледі. Тілдегі сөздік қордың, әсіресе, жастардың қолданатын бөлігінде неологизмдер, жаргон сөздер тез әрі көп пайда болып жатады. Бұл осы топтың тілінің әлі де жетіліспегендігінен, өз ойларын толық, дәлелді жеткізе алмауынан, олардың жаңаша ойлауға, дүниені соны тұрғыдан қабылдауға тың идеяларға құштарлығынан, сондай-ақ жастарға тән психологиялық ерекшеліктерден, экспрессивтік-эмоционалық реңкті сөздерге әуестігінен т.б. факторлардан болады. Жастар жатақханасында болған төмендегі диалогті қарастырып көрелік:

«Есіктен кіріп келген досына сол бөлмеде тұрып жатқан жігіт:

- Сені комендант шақырып жатыр. Терезені шағып кетіпсің ғой!-деді.
- Сен не қуып тұрсың, қуып тұрсың ғой, осы! – деді, кіріп келген досы.
- Ей, қуып неғылам сені. Кір де отыра бер, тек әуелі комендатқа кіріп шықпайсың ба?»

Бұл диалогте бөлме ішіндегі жігіт «қуып тұрсың» деген күрделі етістіктің жастардың арасында тағы бір «өтірік айтып тұрсың» деген мағынасы бар екендігін білмейтін болып шықты. Ол мағына орыс тілінде де көбіне жастар қолданатын «ты что гонишь!» (немесе өтірікті соғып тұрсың) деген жаргонизмді қазақшаға калькалаудан пайда болған. Яғни бөлмедегі жігіттің «сені комендант шақырды» деген хабарына сырттан келген досы «Сен, осы өтірікті соғып тұрсың ғой» деп жауап беріп тұр, бөлмедегі жігіттің оны дұрыс түсінбеуінен екіұштылық пайда болған.

Жастардың сөз қолданыстарынан алынған тағы бір диалогті қарастырып көрелік:

«-Олардың бөлмелері быт-шыт қой!

-Немене, қирап қалып па?

-Жоқ, нашар дегенім ғой».

«Быт-шыт» деген сөздің әдеби тілдегі мағынасы «күл-талқан» болды, паша-паршасы шықты». Бірақ, бұл сөз жастар жаргонында «нашар, өңсіз, жаман, азып-тозған» деген сияқты онша дифференцияланбаған мағыналарды аңғартады,

Қазіргі кездегі баспасөз материалы, кез келген ақпараттық құрал, соңғы кезде жарық көріп жатқан шығармалар және т.б. құжаттарда екі түрлі мән туындайтын (оқырман, тыңдарманды екі ойда қалдыратын мысалдар көптеп кездеседі.

Сонымен қатар мектептегі «Қазақ тілі» оқулықтары, «Қазақ тілінің грамматикасында» берілген ережені оңды-солды бұзу тілімізге үлкен нұсқан келтіреді.

Мәселен, термин қатаң түрде бір мағыналы болуы тиіс. Ресми ісқағаз ғылыми-техникалық әдебиет, заң мәтінінде екіұштылық не көп мағыналылық барынша болмауы қажет. Дегенмен, мұндай мәтінде де қайшылық кездесіп қалады.

«Маскүнемдіктен әйелдер де зардап шегуде».

(1). Әйелдер өз маскүнемдігінен зардап шегуде;

(2). Әйелдер күйеуі не жақын-жуықтарының маскүнемдігінен азап көріп жүр;

Әрине, олардың бір бөлігін контекст арқылы не сөйлемнің құрылымын өзгерту жолымен жоюға болады.

Осы мақалада келтірілген мысалдардан көріп отырғанымыздай сөз қолданыстағы семантикалық екіұштылықтардың пайда болуы және пайдаланылуы әрбір халықтың өз ерекшелігіне, дүниетанымына, салттық санасына, ұғым-түсініктеріне тығыз байланысты болып отырады. Сондықтан семантикалық екіұштылықтарды талдап-зерттеу этнолингвистикалық тұрғыдан, яғни ұлттың тіл арқылы өз көрінісін тапқан тарихи-рухани құндылықтарын анықтауда, оны ұлттың игілігіне жаратуда да қажетті деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиетер тізімі:

- 1 Аханов К. Тіл білімінің негіздері: оқулық, - Алматы, Санат, 1993. –496 б.
- 2 Жалмаханов Ш., Көп мағыналы зат есімдердің семантикалық құрылымы. А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы. 2002. №1. – Б. 32-38.
- 3 Мырзалиев Қ. Ғибратнәмә. – Алматы: Қазығұрт, 2001. – 496 б.
- 4 Панькин В.М. Проблемы семантической двойственности высказываний в современном русском языке: Автореферат дис. канд. филол. Наук. – М., 1975. –30 с
- 5 Майлин.Б. Шұғаның белгісі. Повестер, әңгімелер. – Астана: Елорда, 1999. – 364 б.

- 6 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. . – 548 б.
7 Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – 267 б.

РЕЗЮМЕ/RESUME

**Баймурынов Жанболат Максатулы,
Армия Гулзия Бериковна**

**Академия «Болашак», г. Караганда, Республика Казахстан
СЕМАНТИЧЕСКАЯ ДВУСМЫСЛЕННОСТЬ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ**

В статье рассматривается актуальность проблемы семантической двусмысленности в казахском языкознании. Так как семантическая двусмысленность встречается во всех функциональных стилях казахского литературного языка. В связи с этим анализируются тексты художественного, публицистического и научного характера, также сверяются особенности каждого стиля и частота семантической двусмысленности в них. Отталкиваясь от ранее публикуемых исследований, автор старается дать личные выводы. Лингвистический характер семантической двусмысленности очень многообразный, так как эта проблема связана не только с лексикой, но и с грамматикой. Обычно на семантическую двусмысленность приводят два фактора. Один из них – стилистическая неграмотность адресанта, второй связан с целенаправленностью адресанта. Другими словами, последний создается специально, то есть таким образом адресант может придать стилистический оттенок. Будем считать, что современный образовательный процесс в какой-то мере нуждается в исследованиях семантической двусмысленности в казахских текстах. В данном случае материал статьи может послужить вспомогательным пособием в средних и высших учебных заведениях.

Ключевые слова: семантическая двусмысленность, предложение, синтаксическое двусмысленность, лингвистика, субъект, предикат.

**Baymurynov Zhanbolat Maksatuly,
Armiya Gulziya Berikovna**

**Akademy «Bolashak», Karaganda, Republic of Kazakhstan
SEMANTIC AMBIGUITY IN KAZAKH**

The article discusses the relevance of the problem of the semantic ambiguity in the Kazakh linguistics. As semantic ambiguity occurs in all functional styles of the Kazakh literary language. In this regard, analyzes the texts of artistic, journalistic and scientific nature, also check the features of each style and frequency of semantic ambiguity in them. Building on previously published research, the author tries to give personal insights. The linguistic nature of semantic ambiguity is very diverse, as this problem is concerned not only with vocabulary, but with grammar. Usually semantic ambiguity result from two factors. One of them is stylistic illiteracy of the sender, the second is associated with the focus of the addresser. In other words, the last is created specifically, that is so the sender can give a stylistic shade. We assume that the modern educational process in some way needs to be studies of semantic ambiguity in the Kazakh texts. In this case the material can serve as an auxiliary tool in secondary and higher educational institutions.

Keywords: semantic ambiguity, offer, syntactic ambiguity, linguistics, subject, predicate.

List of references:

- 1 Akhanov K. Til bilyminin negizderi: okulyk, - Almaty, Sanat, 1993. –496 b.
- 2 Zhalmakhanov Sh. Cop magynaly zat esimderdin semantikalyk kurylymy. A.Baytursynov atyndagy Til bilimi institutynyn «Tiltanym» jurnaly. 2002. №1. –B. 32-38.
- 3 Myrzaliyev K. Gibratnama. – Almaty: Kazygurt, 2001. – 496 b.
- 4 Pankin V. M. Problemy semantisheskoi dvoistvennosti byskazybany sovremennom russkom yzike. Avtovererat dis.kand.filol. nauk. –M, 1975. –30 s.
- 5 Mailin. B. Shuganyn belgisi. Povester, angimeler. – Astana: Elorda, 1999. – 364 b.
- 6 Qazakh tilinin tusindirme sozdigi. – Almaty: Dayk-Press, 2008. – 548 b.
- 7 Mankeeva J. Madeni leksikanyn ulttyk sipaty. – Almaty: Gylim, 1997. – 267 b.

Назгүл Алшынбаевна Асанбаева
asanbaeva_@mail.ru
ЖББ №31 орта мектебі, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Қазіргі әлемде білімнің қоғамдағы барлық саладағы ілгерілеуді қамтамасыз ететін стратегиялық ресурс ретіндегі рөлі жүйелі өзгерістерді талап етеді. Білімнің негізгі және ең ұзақ сатысы ретінде, мектеп білімінің жаңа сапасын қамтамасыз етуді айтуға болады.

Мақалада бүгінгі білім беру жүйесінің ерекшелігі, білім алушының қандай да бір іс-әрекетке құзіреттілігін дамыту, арттыру, қалыптастыру мәселелері талданған.

Кілтті сөздер: мектеп оқушылары, жиынтық бағалау, портфолио, нәтиже, қазіргі әлем, тәжірибе, мұғалім.

Бүгінгі білім беру жүйесінің ерекшелігі – білім алушының қандай да бір іс-әрекетке құзіреттілігін дамыту, арттыру, қалыптастыру. Біз оқушының білімін, біліктілігін, дағдысын бағалаудан оның құзіреттілік қасиетінің қалыптасуын бағалауымыз керек, қазір оқушылардың білімділігі ғана басты рөлде емес, басты рөлде оқушының құзіреттілігін, оның жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту, қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынасу, өзін-өзі дамыту, өзіндік білімін көтеру сияқты мақсаттар қойылған. Сол себептен оқытуға деген көзқарас өзгеріп отыр, оқыту нәтижесін бағалауда да жаңа бағытқа ие болуда.

Қазіргі әлемде білімнің қоғамдағы барлық саладағы ілгерілеуді қамтамасыз ететін стратегиялық ресурс ретіндегі рөлі жүйелі өзгерістерді талап етеді. Білімнің негізгі және ең ұзақ сатысы ретінде, мектеп білімінің жаңа сапасын қамтамасыз етудің түйінді сәті болып отыр, оған әр азаматтың және тұтас қоғамның келешектегі өмірлік табыстылығы байланысты [1].

Оқушылардың және олардың ата-аналарының әрбір индивидуумның жеке қажеттіліктерін қанағаттандыратын толыққанды білімге құқықтарын қамтамасыз ету үшін жағдай жасаған маңызды. Оқудың нұсқалары мен әдістерінің көптүрлілігі көрсетілетін білім беру қызметінің сапасы туралы объективті ақпаратпен ілесуі тиіс, оны білім алушылардың жетістіктерін бағалау үрдісінде айқындауға болады.

Бағалау үрдісін қайта қарастырудың өзектілігі осы күні білімдегі заманауи стратегиялық міндеттермен, білім сапасына қойылатын халықаралық стандарттарды және заман талаптарын ескеріп, білім сапасының деңгейін арттыру қажеттілігімен, білім беру нәтижелерінің объективтілігін және қазақстандық мектеп түлектерінің ел сыртындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатымен, білім алушылардың оқу жетістіктерінің бағасына және оны бағалауға бірыңғай талаптарды әзірлеу қажеттілігімен анықталуда.

Қазақстанның PISA-2009 [2] нәтижелерін талдау ұлттық білім беру жүйесін, ҚР Білім беруді 2011-2020 жылдарда дамытудың мемлекеттік бағдарламасыны шеңберінде білім саясатындағы басым бағыт ретінде бағалау жүйесі және білім сапасының мониторингін жетілдіру үшін өзекті келешегін көрсетуде [3].

Қалыптастырушы және жиынтық бағалауды жүргізу кезінде мектеп мұғалімдері модерация үдерісін іске асырады – бұл бірыңғай стандартталған тәсілді жасау мақсатында бір пән және сынып бойынша оқушының нәтижелерін талқылау. Модерация курстық, практикалық жұмыстарды бағалау, сыртқы жиынтық бағалауда тілдік пәндер бойынша «сөйлеу» дағдысын бағалау нәтижелері кезінде пайдаланылады. Оқушылардың қалыптастырушы және жиынтық бағалауларының нәтижелерін жинақтау үшін оқыту мақсатында қол жеткізілгенін дәлелдеу ретінде оқушының портфолиосы пайдаланылады. Оған оқушының жұмысы, оны бағалау критерийлері, өзін-өзі бағалау қорытындылары, мұғалімнің пікірлері мен ұсынымдары жапсырылады. Портфолио оқушының оқудағы жетістігі туралы ата-аналармен кері байланыс жасау үшін қолданылады.

Жиынтық (суммативті) бағалау бұл білімді жалпылау, қорытындылау кезінде, тараудың

немесе модульдің соңында, немесе таным үрдісінің қандай да бір сатысында оқушының жетістіктерін бағалау үшін қолданылады. Әрбір бөлім соңында өткізіледі (бақылау жұмысы немесе қорытынды сынақ жұмысы), оқушыларға әрбір бөлім бойынша өз білім деңгейлерін көрсетуге көмектесіп, мұғалімге оқушылардың жетістіктері туралы қорытынды пікір жасауға және қорытынды бағаны қоюға мүмкіндік береді. Бағалаудың бұл түрі қалыптастырушы бағалаумен салыстырғанда оқушының қызығушылығын оята қоймайды және баланы алға жетелеуді көздемейді.

Қалыптастырушы (формативті) бағалау күнделікті оқу үрдісінде оқушылардың ағымдағы білім деңгейлерін анықтау үшін және мұғалім мен оқушы арасында өзара байланысты орнату үшін қолданылады. Ол бағалау күнделікті оқу үрдісі кезінде жүргізіледі, оқушыға өз жұмыстарын өңдеуге және жоғары нәтижеге жетуге көмектеседі, мұғалімге оқушының материалды меңгергені туралы ақпарат жинақтауға, талдауға және жоспарлауға мүмкіндік береді. Қалыптастырушы бағалауды көбінесе «оқушының дүниені тануын бағалау және білім беруді жақсарту үшін бағалау» деп атайды, себебі, ол оқушының жеке басының дамуы мен қалыптасуына көмектеседі. Бұл бағалау жүйесі мұғалімнің әрбір оқушымен жеке жұмыс жүргізуіне мүмкіндік береді, оқушының материалды меңгермегендігін басынан-ақ байқауына, оқушы білімін диагностикалауына мүмкіндік беріп, мұғалімге оқу үрдісін басқаша ұйымдастыруға көмектеседі, ал оқушыға – өзінің білім алуына деген үлкен жауапкершілікті сезінуді жүктейді.

Бағалау – бұл оқушының ілгерілеу дәрежесін анықтаудан гөрі кең ауқымды нәрсе. Бағалау оқушының өзінің таным үрдісіне қызығушылығын арттырып, оны алға жетелейді. Осы орайда қалыптастырушы бағалау басқа бағалау әдістерімен салыстырғанда оқушыға материалды тереңірек түсінуіне көмектеседі, сонымен қатар сол материалды сараптап, өмірде қалай қолдануға болатындығы туралы ойлануын оятады. Қалыптастырушы бағалау жиынтық бағалаумен салыстырғанда оқушы мен мұғалім арасында кері байланысты қамтамасыз етеді. Бұл бағалау шеңберінде мұғалімдерге оқушылардың жетістік деңгейін тексеріп отыратындай, қандай да бір қабілетін айқындайтын қалыптастырушы тестілеу және қолданылып жүрген түрлі әдістер мен формалар ұсынылады.

Қазіргі оқыту тұрғысы бойынша оқушылар оқыту үдерісінің белсенді қатысушылары болғандықтан оларды оқу үдерісіне тарту үшін алдымен олар сабақта не істейтінін, олардан не талап етілетінін білуі тиіс. Сол себептен мұғалімнің жаңа сабақты ұйымдастырудағы алғашқы қадамы – сабақтың мақсатымен, табыс критерийлерімен таныстыруы. Сабақтың мақсаты мен табысқа критерийлері түсінікті болу үшін мұғалімнің көмегімен оқушылардың өздері құрылымдағаны дұрыс.

Топтық жұмыс жасау кезінде мұғалім барлық оқушыларды бақылап шығуы керек. Барлық топтарды бір рет аралап, бағалап шыққаннан кейін мұғалім оқу мақсатына жетуге талпынатын оқушылары бар топқа қайта оралады және олардың оқу мақсатына қайтадан қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Мысалы, мектепте «Абайтану» қолданбалы курсы өтіледі.

Ұлы ақын шығармаларын терең де, жан-жақты таныту арқылы елжанды, халқымыздың әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, эстетикалық талғамы жоғары, білім, білік дағдылармен қаруланған, түйген ойларын іс жүзінде өз кәдесіне жарата білетін, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, өркениетті қоғамда өмір сүруге лайықты терең ойлайтын дара тұлға қалыптастыру.

Сол себепті мен өз тәжірибемде қазақтың маңдай алды бас шығармасы «Абай жолы» роман-эпопеясын пайдаландым. М.Әуезов қазақ тілінің бар інжу-маржанын қағаз бетіне түсірген. Жазушы сол кезеңдегі көне қазақ мәдениетін, яғни халық тілінің байлығын, әсіресе, ондағы байырғы құбылыстарды, шешендік нақыл сөздерді, мақал-мәтелдерді, ас беруге, қыз ұзатып, келін түсіруге, той-томалақ түрлеріне, әр алуан этнографиялық, рухани мәдениетке байланысты лексикалық қабаттардың қай-қайсысын да қажетінше қамти пайдаланды.

«Айтқысы келген сырын, танытқысы келген шындығын жан тебіренер әсерлі суретке айналдырып, қағаз бетіне көңілдегі қалпынан айнытпай түсіру үшін ең қажетті бірден-бір сөз іздеп табу – шебер суреткердің қасиетті парызы. Оның дәл осы жағдайда сөз іздер атырабының бірі – синоним», - дейді З.Қабдолов.

Оқушылардың танымдық қабілетін арттыру, оларды білуге ынталандыру, шығармашылыққа ұмтылдыру, ойлана іздене білім алуға, өз ойын дәлелдеп, тиянақты айтып

беруге дағдылану сияқты сапаларды оқушы бойына дарыту – білім саласындағы өзекті мәселе. Осы тұрғыдан келгенде оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру мақсатында мен қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында «Абай жолы» роман-эпопеясында қолданылған синоним сөздер негізінде жасаған картотека материалдарымды пайдаландым. Мақсатым: шығармашылық іске жұмылдыру, іздене білім алуға, өз ойын дәлелдеп, тиянақты айтып беруге дағдыландырып дамыту.

Қазақ тілі сабағында оқушыларды шығармашылық жұмыстарға жетелеуде жазба жұмыстарының маңызы зор. Жазба жұмыстары – оқушының іс-әрекетіне негізделген ой еңбегі, шығармашылық ізденісінің жемісі, білімінің көрінісі.

Қазақ тілінде жазба жұмыстары арқылы шығармашылық жұмыстарға қол жеткізу – мұғалімнің де шеберлігін талап ететін өнімді ізденіс.

Қазақ тілінде жүргізілетін жазба жұмыстарының мақсатын А.Жапбаров төмендегіше көрсеткен: «Жазу жұмыстарын жүргізудегі басты міндет – шәкірттерді кітаппен жұмыс істей алуға, өздігінен іздене білуге, өмірден көрген, тұшынған мәселелерге байланысты пікірін дұрыс жеткізіп, ой-түсінігін, сезімдік әсерлерін нақты тұжырымдап жаза алуға үйрету болуға тиіс».

Оқушылар картотекадағы сөйлемді талдау барысында көркем мәтінді оқудың төмендегідей түрлерін пайдаланады:

- Көркем мәтіндегі жазушы ойын мұғалім көмегімен аңғара оқу. Қиын, түсініксіз сөздерді ұғына оқу.

- Таңдап оқу. Өзара мағыналас сөздерді, синонимдерді теру.

- Іштей оқу. Әр оқушыға жеке берілетін тапсырма болғандықтан, әркім өз бетімен орындайды. Бұл оқушыны ойлануға, өз бетімен ізденуге, сұраққа жауап табуға, бәсекелестік негізінде белсенділігін арттыруға көмектеседі.

- Ұжымдық және жұптық оқу. Мәтінді өз алдына дербес оқып шыққан оқушылар бір-бірін мұқият тыңдай білуге, сыни көзқараспен қарай білуге, бір-бірінің жұмысын талдай білуге жаттығады.

Мысалы: «Қайтқанда» тарауы бала шәкірт Абайдың өзінің туған ауылына ерекше алабұртып, асығып келе жатқан қалпын суреттеуден басталады. Оның бұл сәтін бейнелеуде жазушы барын салды, асықты деген сөздерді қолданады. «Қорықтан күн шыға атқа мініейік деп асық-қанды. Бұны қаладан алып қайтқалы барған ағайыны Байтасты да таң атар-атпастан өзі оятып тұрғызып еді». Осындағы күн шыға, таң атар-атпастан деген сөздер де оның туған өлкеге ынтыққан бейнесін аша түскен.

Эпопеяның «Жолда» аталатын тарауы төмендегідей синоним сөздердің қатарласа қолданылуымен басталады. «Бейуақ. Кеш қараңғылығы қоюланып келеді. Үлкен үйдің бұрыш-бұрышынан қарауытып түн туып, тұтасып келе жатқан тәрізді... Шыңғыс кешкі шақта ымырт жабыла, көкшілденіп, суық тартып алыстай береді».

Қыр кеші Абайдың бір ұғымсыз әміршісі, сүйсіндіре мүлгіткен зор мұңдасы тәрізді. Ол сындай сәттерде өзімен-өзі қалғысы келеді. «Осы қыстауға қонғаннан бері, кеш сайын Абай ешкімге білдірмей, елеусіз ғана әжесімен оңаша қалады. Осындайлық бейуақ шағын Абай әрқашан үнсіз, жым-жырт қана өткереді. Өзімен-өзі ғана болуын сүйіп, саяқ қалады. Егер ол кей күндер бұл шақта тыста болса, жапа-жалғыз төбе басына шығып кетеді».

Абай кеш сайын, бейуақ шағында ешкімге білдірмей, елеусіз, өзімен-өзі ғана, оңаша, жапа-жалғыз, саяқ қалады. Міне, бір ғана ойды білдіруде жазушы осыншама мәндес сөздерді пайдаланған.

Эпопеядағы Әбіштің дүниеден өтетін кезінде ақын біршама контекстік синонимдерді пайдаланады. «Таң жаңа сызат беріп ата берген шақта, Әбіш үзілді. Көптен бері барлық пен жоқтық арасында жатқан аяулы жан, өмір шегінен баяу ғана, ақырын ғана жылжып өгіп кеткендей». Эпопеяда үзілді дегеннен басқа Мағауияның, Бөжейдің өліміне қатысты өлді, дүниеден озды, қайтыс болды, жантәсілім етті тәрізді синонимдерді пайдаланады. Ал Абайдың өзі дүниеден озған сәтті жазушы былай бейнелеген: «Ұлы жан дүниеден көшті. Мағаштың қырқын беріп болған күннің ертеңінде Абай қаза тапты. Ұлы кеуденің ыстық демі тоқталды. Шөл дарияны жарып аққан дариядай, игілік өмір үзілді, алып шынар құлады. Өмірден Абай кетті».

М.Әуезовтің бас еңбегі «Абай жолындағы» синоним сөздердің көп қолдануы жазушы тілінің көркем де кестелігін, һас шеберлігін, жазушы тілінің байлығын танытаныны анық.

Оқушыларды бағалауға қатыстыру, өзін-өзі бағалау мен өзара бағалаудың ерекшелігі, оқушылар алда тұрған мақсаттың мәнін түсініп, оған қол жеткізу үшін не істеу қажет екенін анықтай алған жағдайда ғана олар оқу мақсатына қол жеткізеді. Сондықтан оқу барысында өзін-өзі бағалаудың маңызы зор. Оқушыларының бойында өзін-өзі бағалау дағдыларын дамытуға талпынған көптеген мұғалімдердің аңғарғаны: бұл реттегі ең бірінші және ең күрделі мәселе – оқушыларды өз жұмысы туралы мақсат қою тұрғысынан ойлануға үйрету. Олар бұны қалай істеу керек екенін түсінгенде ғана өз жұмыстарына шолу жасай бастайды, сол арқылы оны өздері орындап, өздері бақылай алады.

Қазақстан Республикасындағы орта білім мазмұнында қазір орын алып келе жатқан сапалы өзгерістер салдары ретінде бағалау жүйесіндегі өзгерістерге жетелейді. Білім алушылар жетістіктерін бағалауда оқудағы жағымсыз сәттерді жоюға мүмкіндік беріп, оқу үрдісін жекелендіруге, білім алушылардың оқу мотивациясын және оқу дербестігін көтеретін көзқарастар талапқа ие болып шығуда.

Бағалаудың жаңа жүйесі білім беру үрдісіндегі мұғалімнің өзінің де ролі өзгеріп отырғанына ықпал етеді. Тұлғалық-бағдарлы технологиялар оқу үрдісін субъектілер арасындағы әріптестік (бірлескен қызмет) негізінде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мұғалім мен білім алушылардың өзара әрекеттесуі үзілмей, оған қоса, көтермелеумен қолдау тауып отырады. Бағалау үздіксіз жүреді, сапалы нәтижеге қозғалыс үрдісінің өзі бағаланады. Білім алушылар өзінің біліміндегі ақаулықтарын өз бетінше және саналы анықтап, мұғаліммен бірге оларды жою бойынша жұмыс жүргізеді.

Мұғалім мен білім алушының осындай өзара әрекеттерінің үлкен құндылығы олардың білім беру үрдісінде белсенді әрекеттесуінде, қажет кезінде бір-бірінің пікірлеріне сыйластықпен қарап, ауысуында түйін тауып отыр. Өздігінен бағалау нәтижеге емес, білім үрдісіне, оның сапасына бағыт алғаны маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Жиркова З.С. Диагностика мотивационной образовательной среды сельской школы // Вектор науки ТГУ. Серия: Педагогика, психология. 2011. –115-121с.
- 2 Основные результаты международного исследования образовательных достижений 15-летних обучающихся PISA-2012. Национальный отчет. – Астана: НЦОСО, 2013. 283 с.
- 3 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің №1118 Қаулысы. –Астана: Ақорда, 2010 жыл, 7 желтоқсан. www.nkaoko.kz/documents/law_of_education/.
- 4 Кохаева Е.Н. Қалыптастырушы бағалау: әдістемелік құрал. –Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014.
- 5 «Мұғалімге арналған нұсқаулық» ІІІ деңгей, үшінші басылым //«Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012 ж
- 6 Шакиров Р.Х., Буркитова А.А., Дудкина О.И. Оқушы жетістіктерін бағалау. Әдістемелік нұсқаулық. –«Билим», 2012.

РЕЗЮМЕ/RESUME

Асанбаева Назгул Алшынбаевна СОШ №3, г. Каркаралинск, Республика Казахстан КОМПЛЕКСНАЯ ОЦЕНКА ШКОЛЬНИКОВ

В современном мире образования для обеспечения прогресса во всех сферах жизни общества требует внесения изменений в постоянную роль в качестве стратегического ресурса. Образование как основной и самый длинный этап, можно сказать, чтобы обеспечить новое качество школьного образования

Особенности в современной системе образования, предусмотрены учащимся на формировании и развития компетентности.

Ключевые слова: школьные ученики, комплексная оценка, портфолио, результат, современный мир, практика, учитель.

Asanbayeva Nazgul Alshynbayevna
ASSC №3, Karkaraly, Republic of Kazakhstan
COMPLEX ASSESSMENT OF SCHOOL PUPILS

In the modern world of education for ensuring progress in all spheres of life of society demands entering of changes into a constant role as a strategic resource. Education as the main and longest stage, one may say, to provide new quality of school education

Features in a modern education system, are provided pupils on formation and competence development.

Keywords: school pupils, complex assessment, portfolio, result, modern world, practice, teacher.

List of references:

1 Zhirkova Z. S. Diagnostics of the motivational educational environment of rural school.//TGU science vector. Series: Pedagogics, psychology. 2011. – 115-121 p.

2 Main results of the international research of educational achievements of 15-year-old students of PISA-2012. National report. – Astana: NTSOSO, 2013. 283 p.

3 Kazakstan Respublikasynda bilim berudi damytudyn 2011-2020 zhyldarga aarnalghanmemlekettik bagdarlamasy. Kazakstan Respublikasy Prezidentinin №1118 Kaulysy. – Astana: Akorda, 2010 zhyl, 7 zheltoksan. www.nkaoko.kz/documents/law_of_education/.

Kokhayeva E.N. Kalyptastyrushy bagalay: Adistemelik kural. –Astana: «Nazarbayev Ziyatkerlik mektebi» DBBU, Pedagogikalyk cheberlik ortalygy, 2014.

4 «Mugalimge arналган nuskaulyk» III dengey, ushinsh basylym // «Nazarbayev Ziyatkerlik mektebi» DBBU, 2012.

5 Shakirov R. H., Burkitova A. A., Dudkina O. I. Okushy zhetistikterin bagalau // Adistemelik nuskaulyk –Bilim, 2012.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МАҒЛҰМАТ:

Жандос Шекен, филология ғылымдарының кандидаты, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, «Болашақ» академиясы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы.

Айғайша Нувти, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының IV курс студенті, «Болашақ» академиясы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы.

Азат Мақсұтбекұлы Бабашов, филология ғылымдарының кандидаты, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, «Болашақ» академиясы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы.

Келбет Жанболатқызы Мұратбек, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының IV курс студенті, «Болашақ» академиясы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы.

Ақмарал Қасымбек Дәуренқызы, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының IV курс студенті, «Болашақ» академиясы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы.

Баян Аманжолқызы Жүнісова, педагогика ғылымдарының магистрі, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, «Болашақ» академиясы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы.

Ақылбек Масымқанұлы Ермекбай, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының IV курс студенті, «Болашақ» академиясы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы.

Райхан Налжигитовна Исмаилова, педагогика ғылымдарының магистрі, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, «Болашақ» академиясы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы.

Сейітова Меруерт Қалдыбекқызы, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының IV курс студенті, «Болашақ» академиясы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы.

Баймұрынов Жанболат Максатулы, филология ғылымдарының кандидаты, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, «Болашақ» академиясы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Армия Гүлзия Берікқызы, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының IV курс студенті, «Болашақ» академиясы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы.

Назгүл Алшынбаевна Асанбаева, №3 ЖББ орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қарқаралы қ., Қазақстан Республикасы.

СВЕДЕНИЕ ОБ АВТОРАХ:

Шекен Жандос, кандидат филологических наук, доцент кафедры казахского языка и литературы, Академия «Болашақ», г. Караганда, Республика Казахстан.

Нувти Айғайша, студентка IV курса по специальностей казахского языка и литературы, Академия «Болашақ», г. Караганда, Республика Казахстан.

Бабашов Азат Максутбекович, кандидат филологических наук, доцент кафедры казахского языка и литературы, Академия «Болашақ», г. Караганда, Республика Казахстан.

Мурабтек Келбет Жанболатовна, студентка IV курса по специальностей казахского языка и литературы, Академия «Болашақ», г. Караганда, Республика Казахстан.

Касымбек Акмарал Дауренқызы, студентка IV курса по специальностей казахского языка и литературы, Академия «Болашақ», г. Караганда, Республика Казахстан.

Жунусова Баян Аманжоловна, магистр педагогических наук, доцент кафедры казахского языка и литературы, Академия «Болашақ», г. Караганда, Республика Казахстан.

Ермекбай Ақылбек Масымханович, студент IV курса по специальностей казахского языка и литературы, Академия «Болашақ», г. Караганда, Республика Казахстан.

Исмаилова Райхан Налжигитовна, магистр педагогических наук, доцент кафедры казахского языка и литературы, Академия «Болашақ», г. Караганда, Республика Казахстан.

Сейтова Меруерт Калдыбековна, студентка IV курса по специальностей казахского языка и литературы, Академия «Болашақ», г. Караганда, Республика Казахстан.

Баймұрынов Жанболат Максатулы, кандидат филологических наук, доцент кафедры казахского языка и литературы, Академия «Болашақ», г. Караганда, Республика Казахстан.

Армия Гүлзия Бериковна, студентка IV курса по специальностей казахского языка и литературы, Академия «Болашақ», г. Караганда, Республика Казахстан.

Асанбаева Назгул Алшынбаевна, учительница казахского языка и литературы, общая образовательная школа №3, г. Каркаралинск, Республика Казахстан.

INFORMATION ABOUT AUTHORS:

Sheken Zhandos, candidate of philology, associate professor of Kazakh and literature, Akademy «Bolashak», Karaganda, Republic of Kazakhstan.

Nuvti Aygaysha, the student of IV of a course on specialti of Kazakh and literature, Akademy «Bolashak», Karaganda, Republic of Kazakhstan.

Babashov Azat Maksutbekovich, candidate of philology, associate professor of Kazakh and literature, Akademy «Bolashak», Karaganda, Republic of Kazakhstan.

Murabtek Kelbet Zhanbolatovna, the student of IV of a course on specialti of Kazakh and literature, Akademy «Bolashak», Karaganda, Republic of Kazakhstan.

Kasymbek Akmaral Daurenkyzy, the student of IV of a course on specialti of Kazakh and literature, Akademy «Bolashak», Karaganda, Republic of Kazakhstan.

Zhunussova Bayan Amanzholovna, master of pedagogical sciences, associate professor of Kazakh and literature, Akademy «Bolashak», Karaganda, Republic of Kazakhstan.

Ermekbay Akylbek Masimqanuli, the student of IV of a course on specialti of Kazakh and literature, Akademy «Bolashak», Karaganda, Republic of Kazakhstan.

Ismailova Raykhan Nalzhitovna, master of pedagogical sciences, associate professor of Kazakh and literature, Akademy «Bolashak», Karaganda, Republic of Kazakhstan.

Seytova Meruert Kaldybekovna, the student of IV of a course on specialti of Kazakh and literature, Akademy «Bolashak», Karaganda, Republic of Kazakhstan.

Baymurnov Zhanbolat Maksatuly, candidate of philology, associate professor of Kazakh and literature, Akademy «Bolashak», Karaganda, Republic of Kazakhstan.

Armiya Gulziya Berikovna, the student of IV of a course on specialti of Kazakh and literature, Akademy «Bolashak», Karaganda, Republic of Kazakhstan.

Asanbayeva Nazgul Alshynbayevna, teacher of kazakh and literature, general educational school №3, Karkaraly, Republic of Kazakhstan.

Мазмұны	Оглавление	Contents
Кошербаев Д.Б. Саяси имидж – қазақ ойшылдарының еңбектерінде		150
Тоққұлова Ә.С., Конкина Г.С. Тәрбие мен рухани жаңғыртудағы исламның орны		156
Zhumagulov E. International experience and Kazakhstan: politics of counteraction against corruption		160
Авторлар туралы мағлұмат – Сведения об авторах – Information about authors.....		166

Г
У
М
А
Н
И
Т
А
Р
Л
Ы
Қ
Ғ
Ы
Л
Ы
М
Д
А
Р
Г
У
М
А
Н
И
Т
А
Р
Л
Ы
Қ
Ғ
Ы
Л
Ы
М
Д
А
Р

Дастан Бақытбекұлы Кошербаев
kosherbaev_das@mail.ru
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

САЯСИ ИМИДЖ – ҚАЗАҚ ОЙШЫЛДАРЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ

Бұл мақалада автор қазіргі саяси ғылымдағы өзекті мәселелерінің бірі – саясаттағы имидж құбылысын тарих тұрғысынан қарастырады. Қазақ ойшылдарының имиджге қатысты ой-сарындарын далалық поэзиядан, ақын-жыраулардың, би-шешендердің толғауларынан байқаймыз. Мұнда саясат әлемі – қазақы ұлттық түсініктерімен және поэтикалық астары қабыса, асқан көркемділікпен кестеленген. Имиджелогия саласының қазақи ұғымдармен толығып, танылуы бүгінгі саясаттану ғылымына аса қажет.

Кілтті сөздер: имидж, имиджелогия, саяси имидж, ұлылық, бедел, жақсы атақ.

Имидж ұғымы ХХ-шы ғасырдың соңында ғана ғылыми айналымға белсенді түрде енсе де, оның да өзге ғылыми салаларға тән өзіндік даму тарихы бар. Бүгінгі ғылыми әдебиеттерде имидж тарихы жөнінде ақпарат жоқтың қасы. Мысалы, ресейлік зерттеуші Г.Г.Почепцов «Имидж и выборы» атты кітабында «имидж бүгінгі күннің жаңалығы», - деп көрсетеді. Алайда саяси тұлғаның сыртқы және ішкі дүниесіне қатысты сыни ойлардың элементтерін тарихтан өткен ұлы ойшылдардың еңбектерінен көруімізге болады.

Имидж мәселесі араб, түрік ойшылдарының еңбектерінде де қарастырылды. Әрине, өткен заман ойшылдарының еңбектерінен біз имидж терминін кездестіре алмаймыз. Ол тек біздің заманда пайда болып отыр. Бірақ соған ұқсас ұғымдар (ұлылық, сенім, пікір, махаббат, бедел, жақсы атақ және т.б.) саясаткердің имиджі туралы сөз болып жатқандығы жөнінде күмән қалдырмайды. Енді сөзімізге дәлел болуы үшін осы ұлы ойшылдардың шығармалары мен ой-толғамдарына шолу жасап көрейік.

Көрнекті философ, энциклопедист ғалым, күллі әлемге Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» ретінде танылған Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Ұзлағ әл-Фараби ат-Түрки қазақтың Фараб (Отырар) қаласында дүниеге келген. әл-Фараби ел билеушісінің қандай және кім болуы керек екендігіне ерекше тоқталады.

әл-Фарабидің «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» еңбегінен үзінділер [1]:

27. Шын билеуші – қалаларды басқарғанда өзі қолданатын өнерде өзі үшін және қаланың басқа тұрғындары үшін басқару өнерінің шегі және мақсаты болып табылатын бақыт орнатуды өзінің талабының мақсаты және өмірлік ісі етіп алға қоюшы адам.

28. Кейбір [билеушілер] қалаларды басқарудағы мақсат – ұлылық, құрметтеу және тыйым салу, бағындыру, сыйлау және даңқын асыру болу керек деп ойлайды. Құрметті қалағанда, олар өздеріне соған жетуге көмектесетін басқа бірдемелер үшін емес, өздерінің сол көздеген мақсаты үшін қалайды. Қалаларды басқарғанда өздері жасайтын әрекеттерді олар соның көмегімен осы мақсатқа жетудің құралы етіп пайдаланады.

Нағыз әкім. Ол – бірінші басшы, сондықтан оның бойында ұштасқан алты қасиет болуы керек: даналық, асқан пайымдағыштық, қалтықсыз сендіру [қабілеті], өте жақсы қиялдау [қабілеті], қасиетті (ғазуат) соғысты өзі бас болып жүргізу қабілеті және оның тәнінде қасиетті соғысты жүргізуге бөгет жасайтын еш нәрсенің болмауы. Осының бәрін өз бойында ұштастыратын адам барлық іс-әрекеттерде кімге еліктеу керек екенін, кімнің айтқан сөзі мен ақылына құлақ қою керек екенін көрсететін үлгі болады. Мұндай адам өзінің дұрыс деп тапқанынша, өзінің қалауынша басқара алады.

Ғұлама әл-Фараби екі жүзділік секілді жаман қасиеттерге де тоқталады: «Алдау, айла және екі жүзділік дегеніміз – игілік сияқты болып көрінетін пасықтық әрекеттер істеу, пасықтықпен пайда табу немесе пасықтықпен ләззат алу үшін ненің қолайлы және дұрыс келетінін мінсіз ашу».

Сонымен қатар әл-Фараби «ақыл» ұғымына терең мән береді. Өлеңдерінде ақылдың рөлінің жоғары екенін дәріптей түседі. «Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші болып, екеуі біріккенде бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады, қасиеттер дегенде біз әрбір нәрсенің игілікті жағы, соның өзінің және оның әрекеттерінің абзалдығында және жетілгендігінде деген мағынада айтамыз», - дейді әл-Фараби.

Түркі әлемінде өзіндік орны бар еңбектердің бірі – 1082-1083 жылдары жазылған аса бағалы – «Қабуснама»[2] шығармасы.

«Қабуснама» – Иран шахы Кейқауыстың ұлы Гилан шахқа арнап жазған өсиет сөздерінің жиынтығынан үзінді келтірелік: «Ей, перзентім, есінде болсын, өнерсіз жан - өнегесіз, оның ешкімге де пайдасы тимейді... Барлық өнерден сөз өнері жақсы екенін білгенің жөн... Адамзаттың ең абзал қасиетінің бірі – сөз сөйлей білу. Бұл жағдайды жете түсін де, жақсы сөйлей білуге үйрен: сыпайы, анық сөйлеуді әдет қылғайсың. Өйткені қандай сөзді айтуды әдеттенсең, тіл соны айтады». Жетекшінің басты қаруы тіл және орынды, уәжді сөйлей білу. «Сөзді өз орнымен сөйле. Орынсыз айтылған сөз жақсы болса да, жаман көрінеді. Орынсыз айтылған сөз опық жегізеді. Егер сөйлеген сөзіңнен бір нәрсенің пайдалы иісі сезіліп тұрмаса, ондай сөздің айтылмағаны жақсы»[2].

Көпшілікпен қалай сөйлесу және көпшіліктің ортасында өз өзін қалай ұстау керектігі туралы былай дейді: «Кісі сөз өнерін білетін, шешен болуға тиіс. Ей, перзентім, сен де шешен бол, сөйлей білгін, бірақ жалған сөйлеме, сөйлесең шындықты сөйлеп, туралықты айтумен атағың шықсын». «Халық алдында сөйлеген сөзің сұлу болып, оны жұрт ықыласымен тыңдасын. Сөз өнерін меңгеріп, биік дәрежеге көтерілгеніңді жұрт сөйлеген сөзіңнен білсін». «Мінбеге шығып алып, көңілің қалаған, аузыңа түскен сөзді айта бермей, мақсатыңды қысқа әрі сұлу сөзбен сөйлегін. Киген киімің өзіңе қонымды әрі таза болсын»[2]. «Сөзің әсерлі болсын, естіген жұрт әр сөзіне ризалансын. Мінбеде томсырайған тоң мінез, салғырт салқын сөзді болма. Әрдайым қимыл - әрекет үстінде көптің көңілін аударма сөйле»[2].

Қоғамда, достарының ортасында белгілі бір беделге ие болғысы келсе жаман қылықтардан арылу керектігін айтады. «Құмарлықтың құрбаны, ақымақтың ашынасы, қулардың құлы болма»[2].

Көпшіл болу, халықтың баласы болу туралы былай дейді: «Ей, перзентім, қанша дана болсаң да, сен өзінді халықтан данамын деп есептеме, сен өзінді кіші санасаң, дана боласың. Өзін қарапайым ұстап, білімсізбін дейтін білімдар – нағыз дана сол».

Ел басқару, елағасы болу адамнан жақсы мінездерді талап етеді. «...Қазы болсаң, салиқалы ой, салмақты мінез иесі болғын. Оралымды ойы бар, алдын болжай білетін зерек, жұрттың ішкі жан-дүниесін зерттеп білетін саясат иесі болуың керек. Әрбір ру топтарының әдет-ғұрпы, жол-жоралғысы мен қауымның өзіне тән діни дәстүрлерінен хабарың болсын»[2].

Өзіміз байқағандай «Қабуснама» шығармасы тәрбиелік мәнге толы туынды.

Түркі тектес халықтардың орта ғасырдағы аса көрнекті ғұламасы, сопылық әдебиеттің негізін салушы, мұсылман әлемінің біртуар ойшыл қайраткері – Қожа Ахмет Иассауи 1103-жылы Сайрам қаласында дүниеге келген. Иассауидің бізге жеткен ең көлемді туындысы «Диуани хикмет» атты хикметтер жинағы. Иассауи «Диуани хикметінде» адамгершілік, алланы сүю, адамның жетілу жолдары және сопылық ілім сөз етіледі.

Дүние мүлік жинау, атақ құмарлық, халықтың ақысын жемеу, халық адамының қандай болу керектігі жөнінде Иассауи өз хикметтерінде былай дейді:

Дүние менікі дегендер - жаһан малын алғандар,

Құзғын құстай арамға белшесінен батқандар.

Мола, мүфтий болғандар - жалған жала жапқандар,

Ақты қара қылғандар: ол тамұққа түседі.

Қазы, имам болғандар - нақақ жала қылғандар,

Есектей болып жегіліп, жүк астында қалады.

Пара алған әкімдер - арамдықпен жүргендер,

Өз бармағын өзі шайнап өкінішпен қалады.

Жылы - жұмсақ жегендер, әсем киім кигендер,

Алтын тақта отырса да топырақ астына түседі.

Сенген құлдар - адалдар, садақамен тұрады,

Дүние-мүлкін сарп етіп жұмақ хорын құшады[3].

Білім мен ғылым адамның өмірлік серігі. Осы екеуі жақсылыққа жетелейді. Ал надандық тек тозаққа ғана апарады.

Осы жайлы Иассауи:

Наданменен өткен өмірің тозақ болар,

Надан барса дозақтаоданқашар.

Наданменен дозаққа қылма сапар,

Наданменен қазан айындай солдым міне[3].

Жүсіп Баласағұни (1020 ж.ш. – ө.ж.б.) «Құтты білік» - аңыз әңгіме ретінде баяндалатын даналық сөз, өсиет, тәлім-тәрбие берерлік дидактикалық тағылымдық туынды. Онда жеке адамның өзін қоғамда, үй ішінде қалай ұстай білу керектігінен бастап, хандар мен бектердің өз қарамағындағы әрбір қоғамдық топтарға қарауға тиіс екендігі жөніндегі көптеген мәселелер қамтылады. Сонымен қатар Ж.Баласағұнидың «Құтты білік» еңбегінде «тектілік», «парасаттылық», «кісілік» іспетті қасиеттер түркі тілдес халықтардың ішінде алғаш көтерілген еңбектердің бірі.

Адамның сыртқы бейнесі туралы былай дейді:

Ақыл көркі – тіл,

Тілдің көркі – сөз,

Адам көркі – жүз,

Жүздің көркі – көз[4].

Көпшіліктің алдында және соған сәйкес абыройға ие болуда не нәрседен сақтану керектігі жайлы:

Шарап ішпей, бәледен жүр қашықта,

Байқа, атанба зинақор да, пасық та.

Сақ бол, шарап, зинақорлық күйгізер,

Олар тонын кедейліктің кигізер[4].

Қарамағындағы адамдармен қандай қарым-қатынас құру керектігі туралы былай дейді:

Ісіне сай жайсан менен қасқаның,

Кісілік қыл мәрттігіне басқаның.

Қарым қайтар қызметі асқанға,

Болып әділ атың шықсын аспанға.

Ей падишам, жақсылықтан жалықпа –

Соған орай ізгі болар халық та.

Ей, падишам, елден еңбек аяма,

Елді сақтап, ақыл-оймен аяла[4].

Ақыл, парасаттылық және жақсы іске ұмтылу туралы, пайдалы істің игілікке жеткізетіндігі жайлы мынадай кеңестер береді:

Түйсікті бол, білімді де таңдай біл,

Жақсы атқарып, іс тетігін аңдай біл.

Жарайтын мен жарамасты байқастыр,

Керексіз бек керек істі жайғастыр[4].

Ж.Баласағұни: «тіл адамның даңқын асырады... Тіл адамға жапа да шектіреді. Абайламаса, басыңнан да айырады. Көп сөйлем, сабыр қыл, әр сөзінді салмақтай айт. Он мың сөздің түйінін он сөзбен шеш». - дейді. Ж.Баласағұни өз шығармасында имандылық, сабырлылық, рақымшылдық, ақыл-парасаттылық, әділеттілік, ғылым-білім, достық, бауырмалдық, адалдық, ар-ұят, қарапайымдылық, тазалық, өзара құрмет, т.с.с. құндылықтарды қарапайым халыққа түсінікті тілде жеткізе білді.

Қазақ жеріндегі имиджге қатысты ой-сарындарды далалық поэзиядан, ақын-жыраулардың, би-шешендердің толғауларынан байқаймыз. «Дала поэзиясы – қазақи дүниетануды түсінудің, халықтың өзін-өзі тануының қайнар бұлағы. Мұнда дүниенің қазақи ұлттық түсініктегі бейнесі, философиялық және поэтикалық астары қабыса, асқан көркемділікпен кестеленген. Халқымыздың кемел ойы, пәк гуманизмі, асыл мұраты, терең сезімі, ұлт болып ұйысу тарихы, өкініштері мен сүйініштері – бәрі – оның поэзиясында сайрап жатыр»[5].

Н.Назарбаев «Тарих толқынында» атты кітабында бұл туралы былай деп жазады: «Қазақтың рухани әлемі негізінен ауызекі поэзия дәстүрінің ықпалымен қалыптасып отырған. Қазіргінің талай елін қайран қалдыратын осынау байтақ кеңістікті кернеген поэзиялық әлем тек қана сұлулық пен сезімнің шеңберінде шектелмеген. Ол жаңашылдықтың жалынын лаулата да білген. Содан да болар, қазақтың поэзиялық шығармашылығында мейлінше терең танымдылық қасиеттер бар. Сондықтан да қазақтың дәстүрлі поэзиясы ұдайы философиямен шендесіп жатады»[6].

Дала поэзиясының жақсы бір көрінісі айтыс өнері. «Айтыс – халық өмірін бейнелейтін көркем әдебиет саласының бірі. Одан халықтың қуанышы да, қайғысы да, саяси-шаруашылық тұрмысы да, мәдениет дәрежесі де, заман идеологиясы да, әдет-ғұрпы да, жалпы, әлеуметтік, және жеке адамдардың қарым-қатынастары да, заманына лайық өрбіген тартыстың формалары да көрінеді»[7].

Айтыс арқылы қазақ халқы күнделікті тіршілігі мен қоғамдағы әлеуметтік-саяси өзгерістерді жеткізген. Бұл ойымызды М.Әуезовтың: «Айтыс әр заманда күнделікті тіршілікке төтелей қатысы бар жанр болатын»[7], - деген сөзі қуаттай түседі.

Ақындар өз өлеңдерінде, шығармаларында билікті сынға алған және оның бейнесін көрсеткен. Ақындардың өлеңдері арқылы халықта билік туралы ой қалыптасқан. Яғни, ақындар биліктің «бейнесін» жасаушылар болған. Мәселен, Сүйінбай Аронұлының Тезек төремен айтысындағы мына сөздеріне зер салайық:

Ассалаумағалайкүм, Тезек төре,
Елден жылқы қоймаған кезеп төре
Телі мен тентекті тыят десе,
Өзің ұрлық қыласың, әттегене[8]!

Ақындар халықтың ойын, ащы шындықты төрелер мен бектерге тура жеткізген. Халықтың санасында, өлеңдері арқылы билік туралы пікір қалыптастырған.

Асан қайғы, Қазтуған, Бұқар жырау, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Ақтамберді, Үмбетей сияқты ақын-жыраулардың мол мұрасында билік пен халық арақатынасы, қоғам өмірі суреттеледі.

Мәселен, Асан қайғы:
Ай, хан, мен айтпасам білмейсің,
Айтқаныма көнбейсің.
Шабылып жатқан халқың бар,
Аймағын көздеп көрмейсің.
Қымыз ішіп, қызарып,
Мастанып, қызып терлейсің.
Өзіннен басқа хан жоқтай, Елеуреп неге сөйлейсің[9]?

Сонымен, қазақтың ақын-жыраулары халықтың мұң-мұқтажын, мұрат-арманын айтушылар және өз шығармаларында дәуірдің келбетін суреттеп жеткізген дарынды тұлғалар.

Осы тұста зерттеуші Б.Жақыптың: «Жыраулар поэзиясы, өмірде болған тарихи нақты оқиғалардың, сол кездегі саясаттың, қоғамдық маңызы зор оқиғалардың көрінісі бола білді»[10], - деген пікірі орынды.

Қазақ даласындағы шөптігі биік – билер институты болған. Халық даналығы: «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», - дейді. Би болу, халыққа жол көрсету кезкелген адамның қолынан келе бермейтін шаруа. Қазақтың би-шешендері ерекше тұлғалар. Қазақтың ары десек артық айтқандық емес.

Мәселен, Бөлтірік шешен адамдардың бойындағы адамгершілік қасиеттерді алдыңғы орынға қоя отырып, былай дейді:

Күншілдік деген бар, содан сақтан,
Кекшілдік деген бар, содан сақтан.
Астамшылдық деген бар, одан алыс жүр,
Сараңдық деген бар, одан қалыс жүр.
Қараулық деген бар, одан таза бол,
Бәлеқорлық деген бар, одан ада бол,
Ынсапсыздық деген бар, содан аман бол[11].

Би-шешендер ел төбе топтары мен төрелеріне халықпен қандай болу керектігін түсіндіре, жеткізе білген. Мәселен, Шабанбай бидің Жанғұттыға берген батасында осы мәселе жақсы көрініс тапқан:

Аллаға жағамын десең, азанды бол,
Халыққа жағамын десең, қазанды бол,
Судай таза бол,
Жердей көтерімді бол[11].

Сынды сәттерде халқына оң жол сілтеген, «сырлы асыл сөздің иесі» атанған, әділдігі мен адалдығы арқасында, ел намысын, мүддесін жоғары ұстаған, табиғи дарын даралығы, заманының озық ойлы тұлғалары ретінде Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің орындары ерекше[12]. Олардың даналығы ар-ұждан, ақыл-қайрат, білім-білік тәрізді абзал қасиеттердің қазақ даласында дамуына түрткі болған.

Мемлекет тізгінін қолына алған адамдар – халық қызметшісі, сондықтан ел мүддесін әркез жоғары қоя білгендері шарт. Осыған қатысты ойын Төле би былайша білдіреді:

Ел билеген ер жігіт.
Сыйласа халқы құрметтеп,
Басына бақыт қонғаны,
Қолында болса бар билік.
Қараға залым болмаңыз,
Алдыңа келсе бітпес дау,
Әділін айтып қорғаңыз[13].
Шешендік туралы Төле би былай дейді:
Ақылды шешен сөйлесе,
Таратар түгел қауымды[13].

Сөз қадырын бағалаған қазақ халқы «Сөз сүйектен өтеді», «Тіл қылыштан өткір» сияқты тұжырымдарды әркез санасында ұстаған.

Қазыбек биді де толғандырған мәселелердің бірі – елдің азаматы бола білу. Ел азаматының бойындағы қандай қасиеттердің болуы билік әдісіне де әсерін тигізеді. Ол өз толғауларында былай дейді:

Өркенім өссін десең,
Кекшіл болма –
Кесапаты тиер еліңе.
Елім өссін десең,
Өршіл болма,
Өскенінді өшіресің.
Басына іс түскен пақырға
Қастық қылма –
Қайғысы көшер басыңа.
Жанашыры жоқ жарлыға,
Жәрдемші бол асыға.
Қыйын қыстау күндерде
Өзі келер қасына.
Бүгін сағы сынды деп,
Жақыныңды басынба![14]

Есімдері тарихта алтын әріптермен жазылған ұлы ойшылдарың адам тәрбиесі, оның жаны мен тәнін «тазалықта» ұстауға қатысты айтқан ойлары өте маңызды. Адамның бойында адамгершілік, сыйластық, бауырмалдық, қайырымдылық, шешендік, ой ұшқырлығы, өз өзін көпшілік алдында ұстай білу сияқты қарапайым, сонымен бірге, өмірде аса маңызды құндылықтар ойшылдардың шығармаларында жақсы дәріптелген. Қазақтың «дала» ойшылдарының идеяларының түпкі мәні жоғары адамгершілік сана мен мінез-құлықты қалыптастыра отырып, рухани және дене әсемдігі өзара үйлескен тұлғаны тәрбиелеу.

Қорыта келгенде, имидждің бай тарихы бар екендігін көреміз. Ол шығыстық деспотия мен алғашқы мемлекеттің пайда болуы және саяси қарым-қатынастың қалыптасуынан бастау алып, бүгінгі ақпараттық технологиялардың көмегімен күрделене түскен заманға дейін жетіп отыр. Имиджелогияның әрі қарай дами берері сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 әл-Фараби. Әлеуметтік – этикалық трактаттар. – Алма-Ата: Ғылым, 1975. – 198-201, 218-220, 225 бб.
- 2 Қабуснама. Аударған Т.Айнабеков. – Астана: Аударма, 2002. – Б. 20-21, 32, 36, 110
- 3 Иассауи Қ.А. Диуани хикмет. - Алматы: Мұраттас, 1993. - Б. 41, 86-87
- 4 Құрышжанұлы Ә. Ескі түркі жазба ескерткіштері. – Алматы: Қайнар, 2001. – Б. 35, 50, 53, 106, 126.
- 5 Екі мыңжылдық дала жыры. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2000. – Б. 7
- 6 Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – Б. 26
- 7 Айтыс. Алматы: Жазушы, 1988. – 1Т. – Б. 5, 12
- 8 Аронұлы С. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1990. – Б. 103
- 9 Бес ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 1989. – 1т. – Б. 24
- 10 Жақып Б. Қазақ публицистикасының қалыптасып даму жолдары. – Алматы: Білім, 2004. – Б. 93
- 11 Төрекұлов Н. Даланың дара ділмарлары. – Алматы: Қазақстан, 2001. – Б. 345-346
- 12 Сағатова Ә.С. Қазақ би-шешендерінің дүниетанымындағы ел мүддесі мен тағдыры: Монография. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2014. – Б. 10
- 13 Дәуітов С. Төле би. – Алматы: Мұраттас, 1991. – Б. 39
- 14 Омари Ж. Қаз дауысты Қазыбек. – Астана: Фолиант, 2000. – Б. 159

РЕЗЮМЕ/RESUME

Кошербаев Дастан Бакытбекулы

Карагандинский государственный университет имени Е.А.Букетова,

г. Караганда, Республика Казахстан

ПОЛИТИЧЕСКИЙ ИМИДЖ – В ТРУДАХ КАЗАХСКИХ МЫСЛИТЕЛЕЙ

Целью данной статьи является рассмотрение понятия «политического имиджа», его составных частей и видов в научных трудах казахских мыслителей в различные эпохи. Рассмотрены некоторые исторические этапы в формировании имиджа как научной категории. Подробно изучены имиджи, которые существовали в разных исторических периоды.

Kosherbayev Dastan

Karagandy State University named after academician Ye.A. Buketov, Karaganda,

Republic of Kazakhstan

THE POLITICAL IMAGE IN THE WORKS OF KAZAKH THINKERS

The purpose of this article is to examine the concept of «political image», its components and species in the scientific works of Kazakh thinkers in different epochs. Discusses some of the historical stages in forming the image as a scientific category. Studied in detail the images that existed in various historical periods.

Әсел Сылқымбекқызы Токқұлова

xx.asel.x@mail.ru

“Болашақ” академиясы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Гүлбаршын Спанқызы Конкина

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

ТӘРБИЕ МЕН РУХАНИ ЖАҢҒЫРТУДАҒЫ ИСЛАМНЫҢ ОРЫНЫ

Мақалада ислам дінінің қазақ руханиятындағы алатын орыны көрсетіледі. Оның ықпалы айқындалады. Ұлттық тәрбиеге байланысты мәселелер қозғалады.

Кілтті сөздер: ұлттық тәрбие, өркениет, саяси көзқарас, сана мен бақыт, ислам әлемі, діндар, діни үгіт, дінсіздік.

Ширек ғасырлық тәуелсіздік жолындағы Қазақстан Республикасы саяси-әлеуметтік және экономикалық даму жолында халқымыздың рухани-психологиялық жетілуін жаңғырту жағдайына бағыттап отыр. Бұл кешенді шешімдер мемлекеттік даму стратегиясы мен ресми құжаттар арқылы жүзеге асуда. Оның заңды жалғасы ретінде ұлттық тәрбиені жетілдіру ел рухын біріктіру мақсатында келешекке ерекше сенім артылып “өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік рухында тәрбиелеу үшін қосымша қадамдар жасау керектігін” Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев “Қазақстан Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік” деген халыққа Жолдауында маңызды құбылыс екендігін тағы да атап міндеттеді 1 .

Ислам – он төрт ғасырдан бері бүкіл адамзатты сенімі мен нанымына, тегі мен нәсіліне қарамай бейбітшілік пен ынтымаққа, сабырлылық пен тазалыққа шақырып келе жатқан Алла тағаланың бірегей діні. Тарих сахнасына көтерілгеннен бері, өмірдің өзі көрсеткендей, Ислам дінінің ғылым–білім мен өркениеттің сарқылмас кәусар бұлағы екендігін әлем мойындауда.

Жарты әлемді уысында ұстап, билігін мойындатқан ортағасырдағы түркілер діни нанымы мен сенімі, шаруашылығы ұқсас араб мәдениетін, дінін жатсынбай анау айтқандай қарсылық көрсетпей қабылдады. Араб өркениетінің үш жұрты бар деп есептесек, бірі араб, екіншісі парсы, үшіншісі түркілер болатын. Сондықтан түркілердің араб-мұсылман өркениетін жайып, мәдениетін таратуда түркілердің алатын ролі мен орны шексіз деп айтуға болады. Ислам әлемге тек қана Орта Азияның өзінен Әбу Насыр әл-Фараби, әл-Хорезми, Әбу Әли Ибн Сина, Омар Хайям, Әбу Райхан әл-Бируни, Ұлықбек, Мұхаммед Заһир ад-Дин Бабыр мен Мұхаммед Хайдар Дулати секілді кемеңгер ғұламалар мен көрнекті мемлекет қайраткерлерін берді. Ал бұл тізімді әрі қарай шексіз соза беруге болады. Олар ғылымның көптеген саласына жол ашты.

Қазақ даласына ислам дінінің келгеніне он екі ғасырдан аса уақыт өтті. Содан бері халқымыз атақты ислам ғұламасы, фикһтың (мұсылман заңы) білгірі Нұғман ибн Сәбит (р.а.) (699–767) негізін қалаған Ханафи мәзһабын (діни құқықтық мектеп) ұстанып келеді. Осы орайда, алдымен фикһ пен мәзһабтың ерекшеліктеріне тоқтала кетейік.

Мәзһаб – жол, бағыт, көзқарас деген мағынаны білдіреді. Шариғатта – арнайы тәсілдер, ережелер арқылы Құран мен сүннеттен шығарылған үкімдер мен көзқарастар жиынтығына «мәзһаб» делінеді. Шариғат үкімдерінің қайнар көзі болып табылатын Құран және хадистің әрбір сөзінің бірнеше астарлы, терең мағыналары, түсу себептері, тіпті кейбір себептерге байланысты хадистердің бір-біріне қарама-қайшы келетін, яки бір қарағанда қарама-қайшы сияқты көрінетін жерлері де бар. Және хадистердің «сахих лизәтиһи», «сахих лиғайриһи», «хасан лизәтиһи», «хасан лиғайриһи», «әлсіз», «жалған» «мутауатир», «ахад», «мәшһур», «ғариб» сияқты қуаттылық жағынан үкім шығаруда үлкен әсерлі дәрежелері бар. Құран аяттары мен пайғамбарымыздың астары терең қасиетті хадистерін жалпы халықты былай қойғанда, араб тілін жетік білетін мамандардың өзі ара жігін ажыратып, пәтуа шығаруы мүмкін емес. Белгілі мәселеде пәтуа шығаратын адам алдымен мыңдаған хадистерді саралап, барлық Құран аяттарына мұхият көз жүгіртіп шығуы тиіс. Мұнымен қоса сол мәселедегі өз сахабалардың айтқан сөздері мен берген пәтуаларын әрі кейінгі келген мұжтаһид ғұламалар

мен замандас ғалымдардың көзқарастарын және жергілікті халықтың менталитеті мен жағдайын жақсы білуі қажет. Бұларды кез-келген қарапайым адам тереңнен талдап, аражігін ажыратып, шариғи үкім шығара алмайтындықтан Әбу Ханифа сияқты Құран ілімімен қоса хадис ілімін, мантық-қисын, фикһ негіздерін, т.б. ислами ілімдерді жетік білген мүжтәһидтің шығарған үкімдерімен жүруге мұқтаж. Өз бетінше әрекет етуші жолдан адасуы әбден мүмкін.

Исламның алғашқы дәуірінде мұсылмандар арасында діни қайшылықтар тумады. Өйткені, хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыз қасиетті Құран және өзінің даналығымен мәселенің шешімін айтып, дер кезінде алауыздықтың алдын ала білді.

Шариғаттың негізгі мәселелері Құран мен хадисте қамтылған. Сондықтан хазіреті Мұхаммед пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ислам қауымына: «Ей, мұсылмандар! Мен сендерге екі нәрсені қалдырып барамын. Егер оларды бекем ұстап, амал етсеңдер, ешқашан адаспайсыңдар. Олар – Алланың кітабы (Құран Кәрім) және Алла елшісінің сүннеті», – деген.

Уақыт өте мұсылмандардың саны көбейе түсті, жаңа мәселелер туындай бастады. Өйткені, өмір мен тіршілік үнемі өзгеріп, өркендеп, жаңарып, дамып отырады. Бұндай жағдайда, сахабалар өз білімдеріне сүйеніп, шариғат шеңберінде ол мәселелерді шешіп отырды.

Мысалы, Әбу Бәкір (р.а.) өзінің халифалық кезінде бір мәселеге байланысты шешім шығарар алдында Құран аяттарына сүйенген, ол мәселенің жауабын аяттардан таба алмай қалған жағдайда, хадистерден іздеген. Ол жерден де таба алмаса, білімді де беделді сахабалардың басын қосып, олармен сол мәселелер туралы кеңесіп, ойларын тыңдап, содан кейін ғана шешім қабылдайтын.

Кейінірек Ислам діні өзге халықтар, ұлыстар арасына таралды. Олар араб тілін де, дінін де білмейтін. Діни үгіт – насихат пен тағылым істерін оларға жеткізу сахабалар үшін оңай емес-тін. Бұл ретте сахабалар ислам дінін бүге-шігесіне дейін үйренемін дегендерге ұстаздық етті.

Сахабалардың кезінде түрлі діни көзқарастар пайда болды. Соның салдарынан исламды әртүрлі талдайтын, түрлі-түрлі мәзһабтар (діни құқықтық мектеп, жол) көбейді.

Уақыт өте фикһ (мұсылман заңы) саласы бойынша Құран аяттарын дұрыс талдау және хадистерді зерттеу арқылы шариғатты дамытып, жалған мектептерге қарсы күресуші, олардың қателіктерін паш етуші Әбу Ханифа (699–767), имам Малик (717–795), имам Шафиғи (767–820), Ахмад ибн Ханбал (780–855) секілді ислам ғұламаларының мәзһабтары дүниеге келді.

Ислам әлемінде фикһ ілімін жан-жақты қалыптастырып, жүйе-жүйеге бөліп, фикһ мәселелерін бірнеше баптарға бөлген өте діндар, терең ғалым, ойшыл ол- Әбу Ханифа болып табылады. Ол фикһ ілімінің негізін қалаумен қатар, өзінің ісін одан әрі жалғастыратын көптеген білімді ғалымдарды тәрбиелеген.

Әбу Ханифа фикһ мәселелерін терең зерттеумен шұғылданып, ақыл мен қисынды керемет қолдана отырып, тамаша тұжырымдар жасай білген. Ол фақиһ ғалым ретінде фикһтағы терең мәселелерді талдап зерттеген. Оның қалыптастырған фикһтық жүйесін мұсылмандар бірауыздан қабылдаған [2, 11.].

Мәселен Куфадағы оқу-ағарту орталығының жетекшісі, ұстазы Хаммад ибн Сүлеймен (р.а.) қайтыс болғаннан кейін, Әбу Ханифа оның орнын басып, осы орталықта 30 жыл ұстаз болып еңбек етеді. Осылайша, оның мектебі Куфадағы атақты оқу орнына айналады. Оның өзі сол заманның ең атақты, білімді, беделді ғалымы дәрежесіне көтеріледі. Әбу Ханифаға Ирактан, Хорасаннан, Йеменнен, Арабстаннан, т.б. жерлерден келіп, білім алған шәкірттерінің саны 4000-нан асатын. Әрине кез келген дін ілімінің ойшылдары ол уақытта мұншама шәкірттерімен мақтана алмас еді.

Ардақты Мұхаммед Пайғамбарымыздың көзі тірісінде ешқандай шешімін таппаған діни мәселелер мен қайшылықтар болған емес. Өйткені, Алланың Елшісі барлық мәселені өзі шешіп, пәтуә (фатуа) беріп отыратын. Аллаһтың Елшісі дүниеден өткеннен кейін, түрлі діни қайшылықтар мен күрделі мәселелер пайда бола бастады. Оларды шешу үшін, Ислам әлемінде атақты ғалымдардың пәтуәларына (шешімдеріне) деген қажеттіліктер туды.

Тарихта имам Малик мазһабын Африканың бірқатар елі, Имам Шафидің мазһабын Мысыр, Сирия, Малайзия, Индонезия, ал Ахмад ибн Ханбал мазһабын Парсы шығанағы аймағындағы халықтар ұстанады. Әбу Ханифа мазһабы негізінен Үндістан, Пәкістан, Ауғанстан Түркия, Ресей, Кавказ, Орта Азия мен Қазақстан жұртына кеңінен тараған.

Осы төрт мазһаб ішіндегі жұмсағы әрі халқымыз-дың жүрегі мен табиғатына, әдет – ғұрпына жақыны, бабаларымыз ежелден таңдаған Әбу Ханифа – Имам Ағзам мазһабы. Исламдағы бір мазһабта болудың артықшылығы – халық біртұтас, ынтымағы мен бірлігі күшті, ұйымшыл болады. Орта Азия мен Қазақстанда қанша ғасырлардан бері діни алауыздықтың болмай, ұрыс-керіс, дау-жанжалдан іргесін аулақ салуының да бірден-бір сыры осында. Өйткені, құлшылық амалдарының бір болуы ондай жат пиғылдың тууына жол бермейді.

Әбу Ханифа мазһабы өзге діни мектептермен салыстырғанда өз жамағатына көп жеңілдік беруімен әрі демократиялығымен де ерекшеленеді. Біздің жартылай көшпелі халқымыздың бұл мазһабты қабылдауының тағы бір себебі – өз дүниетанымы, болмысы мен діліне оның тонның ішкі бауындай жақындығында.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мен оның қарауындағы бүкіл мешіттер Әбу Ханифа мазһабы бойынша шариғат ұстанып, соған орай амал етеді. Бұл ел бірлігі мен ынтымағын, достығы мен ұйымшылдығын сақтап, оны одан әрі күшейте түсуге қызмет ету деген сөз.

Ислам тарихында, түркі әлемінде есімі фикх(құқық) және ақида(сенім) мәселесінде кең танымал болған дін ілімі ойшылдардың бірегейі бірі және бірегейі Әбу Мансур Мұхаммед ибн Махмуд әл-Матуриди әс-Самарқанди. Шамамен IX ғасырда Самарқанд қаласының маңындағы Матурид елді мекенінде дүниеге келген. Ғалым әл-Матуриди Саманидтер әулеті билік құрған, ислам ғылымы өркендеген кезеңде өмір сүрді. Ол заманда Самарқанд өлкесі Қарахан хандығы кезінде Мауераннаһр қарамағына енді. Имамның ұлтын бір деректер түркі тектес десе, екінші бір деректерде ғалым мәдиналық атақты Әбу Әййуб Халид ибн Зәйд ибн Кулайб әл-Ансари әулетінен, яғни, арабтардан шыққан деген деректер бар.

Имам Матуридидің еңбектерінің мазмұнында кәлам, мазһабтар тарихы, фикһ әдістемесімен тәпсір саласындағы тақырыптар қамтылған. Шығармаларындағы діни тұжырымдар әһли сүннеттің басты қағидаларына сүйенген және нақты дәлелдер арқылы жазылған. Ғалым өз заманында ислам дініндегі хақ жолдан адасушы ағымдардың (муғтазиле мен шииттер) діни ұстанымдарын қатты сынға алып және жеке айтыс-тартыстарда өзінің дәлелді тұжырымдарымен олардан үстем болған.

Әбу Мансур әл-Матуриди Ханафи мазһабының діни танымын өз бойына сіңіргендіктен фикһта және ақидада (сенімде) имам Ағзам Әбу Ханифаның жолымен жүрген. Имам Матуриди Ханафи мазһабын ұстанып, ақидада Әбу Ханифаның діни ой-пікірлерін әрлендіріп дамытқан.

Имам Матуриди өмір сүрген заманда ислам әлемінде ақида мәселесінде пікір талас күшейген уақыт болатын. Сол заманда ғалым мұсылмандар арасына жік салып жүрген теріс пиғылды ағымдарға қарсы өзінің терең ақылымен, кемел білімділігімен, Құраннан және хадистерден алған анық дәлелдерге сүйене отырып, қиын мәселелерді дұрыс шеше білген. Мұсылмандар арасында теріс пиғылды ағымдардың идеологиясының тарауына тосқауыл болды. Мұхаммед пайғамбардың үмбетінің бірлігін сақтауда зор еңбегі үшін және ислам ақидасын бір жүйеге түсіргені үшін халық имам Матуриди «Мусахихул ақидатил муслимин» (Мұсылмандардың ақидаларын түзетуші) және «Имам ул-һуда» (Тура жолды имам) деген атақ берген.

Өзі өмір сүрген дәуірде ислам әлемінде негізгі билік иесі болып келген Аббасидтер әулеті құлдырап, бірнеше жаңа мұсылман мемлекеттері қалыптасып жатқан еді. Саманидтер әулеті дәл осы кезеңде жаңа мемлекет құрып, Мауераннаһр аймағына иелік етті. Олар билік жүргізген аймақта мазһабаралық пікірталастар кеңінен етек алып, қызу тартыстар жүргізілгендіктен, ел билеушілері оқымыстылар мен діндар ғұламалардың дін мен ғылымды жандандыруына жағдай жасады. Сөйтіп Саманидтер әулеті ислам дініне қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстарының дұрыс жолға қойылып, кемелденуіне елеулі үлес қосты. Елде тәпсір, құқық, хадис, тасауф, кәләм, тіл мен әдебиет секілді түрлі ғылым салаларындағы білімдер бой көрсете бастады[3, 6].

Ислам діні үшін аса құнды имам Матуридидің еңбектері бүгінгі күнге дейін бірде-бірі жарыққа шықпаған. Оның көптеген кітаптарының ішіндегі ерекше құндылары – «Тауилат әл-Құран» мен «Китаб ат-Таухид» және «Китаб әл-Мақалат» қолжазба күйінде ғана сақталған.

Ғұлама ой-өрісінің кеңдігі, білімінің тереңдігі және заманының философиялық ағымдары жайлы мәліметі мол екендігі оның кітаптарында айқын байқалады. Матуриди құқықтың негізгі принциптері (усул фикһ) жайында қалам тартқан ханафи ғалымдарының алдыңғысы болып табылады.

Оның еңбектері карматилердің, шииттердің және муғтазилиттердің көзқарастары мен идеяларын жоққа шығаруға бағытталған. Матуриди замандастарының бірі - Әбу-л-Қасым Абдуллаһ әл-Қаби (317/929 ж.ж.) Бағдаттағы муғтазиле мектебінің лидері болатын. Матуриди Китаб ат-Таухидінде Қаби көзқарастарын жоққа шығара отырып, оның үш кітабына қарсы үш кітаптан құралған сыни көзқарастарын жазған. Шығыста Матуриди муғтазиленің, әсіресе, оның Бағдаттағы тармағымен алысқан кезде, замандасы Ашари Иракта муғтазиленің Басра тармағымен шайқас жүргізді[4, 9].

Ғалым Матуридидің пікірінше ақыл - білім көздерінің негізі. Өйткені, ақылдың көмегінсіз сезімдер мен хабар шынайы білімді қамтамасыз ете алмайды. Адамдыжануарларданайыратынбастыерекшелік – ақыл.

Жалпы имам Матуридиөзжүйесінекінегізгі принцип бойынша құрастырған: танзих (пәктеу) жәнехикмат (даналық).

Кезінде өткірпікірлеріменғалымМатуридиөзуақытындатеріспиғылды ислам ағымдарына қарсы ауыр соққы жасады. Имам муғтазиле ағымына бастапқы кезден-ақ қарсы тұрған болатын және олардың ілімдерін Құран мен хадистерден дәлел келтіре отырып теріске шығарды. Ғалым ислам тарихындағы осындай қиын сәттерде мұсылман әлемін жіктелуден сақтады. Сонымен қатар ислам дінін негізгі қайнар көздер шеңберінде заман ағысына бейімдеп, ақыл-ойдың ілім мен танымдағы құндылығын жоғары қойып, аталған дінді қоғамнан бөлмей, онымен тұтас өмір сүруіне шексіз еңбек еткен ғалым.

Ислам діні сан ғасырлардан бері халқымыздың тірегі, ақыл мен парасаттың, озық ғылым мен ұлы өркениеттің, мәдениет пен татулықтың діні қызметін атқарып келеді. Салтымызға сіңіп, дәстүрімізге айналды. Ендеше, бүгінгі күні ұсақ-түйекті таласқа айналдырмай, дінде де сара жолды ұстануымыз аса маңызды. Ата бабадан жалғасып келе жатқан, дәстүріміз және мәдениетіміз бен біте қайнасып, ұлттық құндылықтарымызға сіңісіп кеткен Абу Ханифа ілімі мен Матуриди мектебі ел мұсылмандарының бірлігінің арқауы бола алады.

Қазіргі кезеңде дін мен тәрбие байланысы, мәні жаңаша көзқарас, ұстаным, идеялық мазмұнда екені белгілі 5 . Тіптен тиісті әдебиеттерде тәрбиенің “мұсылмандық моделі” деген түсініктер де кездеседі. Олай болса діннің тәрбиелік мәнінде ұлт рухын жетілдіру, ұлттық тәрбиеге өнеге боларлық қасиеттерге пайдалану қажет сияқты. Мұнымен ұлттық тәрбиенің мәні мен мазмұны толығымен түседі.

Рухани жаңғыртудың жан-жақты мәселелері мен жаңа үлгілерді тарихи тамырларды ескеріп қолға алынды. Қазіргі кезеңде мемлекеттік деңгейдегі міндеттердің қатарында деуге болады 6 . Бұқаралық сананы өзгерту, әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың тиісті бағыттары анықталуда. Мәңгі ұлттық рух сақталып, шынайы мәдениет терендеп ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көрегенділігі жетіледі. Осы мақсатта қозғалған тақырыбымыз өз үлгісі мен орнын қажет етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1“Қазақстан Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік” Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. –“Егемен Қазақстан”, 31қаңтар 2017.

2 Юсуф Тауасли, «Хикматлархазинасы», Ташкент, 2003.

3 ӘбсағтарқажыДербісәлі, «Ұлық имам – Имам АғзамӘбуХанифа», 9-бет, А., 2011.

4 «Матуридисенімектебіжәнеұстанымдықерекшеліктерітуралы», 2013 ж., e-islam.kz;

5 Дін және әйел” халықаралық форум мақалаларының жиағы. – Қарағанды. 2016.-Д91-204 бет.

6 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғырты. - Егемен Қазақстан, 12 сәуір, 2017.

РЕЗЮМЕ/RESUME

Токкулова Асель Сылкымбековна
Академия “Болашак”, г. Караганда, Республика Казахстан
Конкина Гулбаршын Спановна
Аркалынский госпединститут им. Ы. Алтынсарина
О РОЛИ ИСЛАМА В ВОСПИТАНИИ И ДУХОВНОЙ
МОДЕРНИЗАЦИИ КАЗАХСКОГО НАРОДА.

В статье рассматриваются место и роль ислама в духовном мире казахов. Указываются влияющие факторы на духовно-психологические черты людей. Определены некоторые моменты сочетания религии и национального воспитания.

Tokkulova Asel
Academy "Bolashak", Karaganda, Republic of Kazakhstan
Konkina Gulbarshyn
Arkalyyn State Pedagogical Institute. Y. Altynsarina
ON THE ROLE OF ISLAM IN EDUCATION AND SPIRITUAL MODERNIZATION OF THE
KAZAKH PEOPLE

On the role of Islam in the upbringing and spiritual modernization of the Kazakh people. The article considers the place and role of Islam in the spiritual world of Kazakhs. Influencing factors on the spiritual and psychological traits of people are indicated. Certain moments of the combination of religion and national education have been identified.

UDC 324

Zhumagulov Eldos
aikelbet@mail.ru
Karagandy State University named after academician Ye.A. Buketov,
Karaganda, Republic of Kazakhstan

INTERNATIONAL EXPERIENCE AND KAZAKHSTAN: POLITICS OF COUNTERACTION AGAINST CORRUPTION

In this article an author examines- corruption, one of major problems of modern society. Investigate experience of world countries which attained positive results in politics, counteraction against corruption, that threaten to national safety of the state. Also, we can find in this article grounded conception of using experience of world countries, taking into account the specific features of our society. Positive achievements in this politics are especially important, for country that aims to be among the most developed countries.

Keywords: corruption, anti-corruption policy, world experience of the fight against corruption.

In accordance with the annually offered the Corruption Perception Index (further – CPI) by the international organization Transparency International, according to the results of 2016 compared to 2015 Kazakhstan decreased for 8 indexes and took the 131st place in 177 countries.

The Corruption Perception Index (further – CPI) is a global research on the prevalence of corruption in the public sector and ranking of related countries in the world. In the framework of the index corruption is explained like using any official position in order the personal profit. The initiators of the project index measuring corruption at the opinion of the experts, statistical data, for example, the numbers of criminal cases on the facts of corruption or judgments are not taken into account. At first, this information is not always available, and secondly, it is not actual level of corruption, but effective rate of law enforcement in detection and suppression of corruption. In this case, according to researchers the only reliable source of information is opinion of those who are in the face of corruption

(entrepreneurs) or those who are engaged in research professionally (experts). The CPI is an accrue indicator on the basis of the findings from the expert analysis of international organizations. All sources of information about spread of corruption in the public and the economic sector assume the general level, and consist of indexes of many countries. Index separates countries on the basis of accepting the level of corruption in the public sector with the scale from 0 (corruption at the highest level) to 100 (corruption at the lowest level). In the final ranking with the score of countries give the number of sources of information. In accordance with the requirements established for adding any country to index there should be at least three sources of information. Overall, despite the deficiencies index is relatively reliable measurement tool.

A corruption is a threat for Kazakhstan's national security and the stability of the state and society; it creates a negative image of the Republic of Kazakhstan in the international arena, and definitely interferes for the ongoing economic and social reforms. Corruption, in advance, puts corrupt and honest (local or foreign) entrepreneurs in inequality condition, it can cause damage to the internal and external markets' competition, and make negative impact on the national economy. According to estimates of the Association of Independent Experts on Corruption it raises the cost of goods and services in Kazakhstan, first of all people will suffer from it [2].

